## ҰЛЫС ОҢ БОЛСЫН!


№32-33 (4157)
Сенбі
20 наурыз 2021 жыл

# ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA AQPARAT




## САБАҚТАСТЫҚ САЛТАНАТЫ

**Осыдан екі жыл бұрын ел тағдырына, мемлекет мүддесіне қатысты елеулі оқиға болды. Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатып, билікті Қасым-Жомарт Тоқаевқа тапсырды.**

Осылайша Қазақстанда билік алмасқан кезде аумалы-төкпелі жағдай орын алуы мүмкін деген күдіктің де күлі көкке ұшып, елімізде билік бейбіт жолмен ауысты. Биліктегі бұл ауыс-түйіс тек Қазақстан халқы үшін ғана емес, тұтас Орталық Азияның бейбіт дамуы үшін де аса маңызды тағдыршешті шешім болды. Елбасы өз орнын сеніп тапсырған пайымы бөлек, парасатты басшы Қасым-Жомарт Тоқаев та елдің үмітінен, Елбасының сенімінен шықты. Елімізде Ата Заң бойынша сайлау өткізіліп, халықтың өз таңдауын жасауына мүмкіндік берілді. Нәтижесінде 71 пайыз дауыс жинаған Қасым-Жомарт Тоқаев елдің екінші Президенті болып сайланды.

*(Соңы 2-бетте)*

## ЕЛОРДА – ЕРЕКШЕ МОНЕТАДА

**Қазақстан Ұлттық Банкі алтын компоненті бар күмістен жасалған номиналы 1000 теңгелік «Есте қалатын оқиғалар мен біртуар адамдар» сериясынан «Qazaqstannyń astanasy – Nur-Sultan» коллекциялық монеталарын шығарады.**




Номиналы 1000 теңгелік, жалпы массасы 62,2 грамм, 925/1000 сынамалы күмістен, массасы 46,2 грамм, құрамдас бөлігі 999/1000 сынамалы алтыннан, массасы 16 грамм , «proof» дайындау сапасымен, диаметрі 50 мм монеталар 1000 дана таралыммен дайындалған. Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалды. Монеталар сатылымға шығатын күнге қатысты ақпарат Ұлттық Банктің ресми сайтында қосымша жарияланады.



НАУРЫЗНАМА

5-БЕТ




## *Құрметті елорда тұрғындары!*

Сіздерді күн күлімдеп, табиғат құлпырып сала беретін Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын! Қала тұрғындары бар жақсылықтың, отбасы берекесі мен дәстүрдің айшығындай осы жарқын мерекені ерекше күтеді!

Өткен жыл әлемдік пандемия салдарынан қиын болғанына қарамастан, елорда тұрғындары сабыр танытып, халқымызға тән бірлікті көрсете білді.

Елбасы Ұлыстың ұлы күні туралы: «Наурыз шын мәнінде бүкілхалықтық мерекеге, ел бірлігінің жарқын үлгісіне айналды, мұнда әркім Қазақстанның дамуы мен гүлденуіне өз үлесін қосады» деген еді.

Әз-Наурызды Мемлекет басшысы: «Халық бірлігі мемлекеттік егемендікті нығайтуға, халықаралық қауымдастықта бедел мен құрметке ие болуға мүмкіндік берді» деп бағалады.

Баршаңыздың деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, игі істегі қадамыңызға сәттілік тілеймін!

**Алтай КӨЛГІНОВ,**
**Нұр-Сұлтан қаласының әкімі**

1997 ЖЫЛ. ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРИХЫНДА АЛАР ОРНЫ ЕРЕКШЕ БОЛҒАН БҰЛ ЖЫЛДЫҢ ЕЛ ТАҒДЫРЫН ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРТКЕН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ КӨП. АЛ СОЛ ОҚИҒАЛАРДЫҢ ІШІНДЕГІ АЙШЫҚТЫСЫ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ АСТАНАСЫ АЛМАТЫДАН АҚМОЛА ҚАЛАСЫНА КӨШІРІЛУІ. 10 ЖЕЛТОҚСАНДА ЕЛІМІЗДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЭТАЛОНДАРЫ САЛТАНАТТЫ ЖАҒДАЙДА ЖАҢА АСТАНАҒА ЖЕТКІЗІЛДІ.

6-БЕТ

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

**ЕЛОРДАДА ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕР ЖЕКСЕНБІ, 21 НАУРЫЗ КҮНІ ЖҮРМЕЙДІ**

# САБАҚТАСТЫҚ САЛТАНАТЫ

qaliakbarkz@gmail.com
Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*



Қазақстанның 30 жылға жуық даму барысын Нұрсұлтан Назарбаевсыз елестету мүмкін емес. Еліміз егемендік алғаннан бастап, жас мемлекеттің қабырғасын қатайтып, іргесін бекемдеуге Нұрсұлтан Әбішұлы бар ақыл-парасатын, зейін-зердесін жұмсады. Әсіресе Қазақстанның халықаралық қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтауына, бейбіт дамуына елеулі еңбек сіңірді. Соның арқасында бізбен бірге тәуелсіздік алған кейбір елдер бір-біріне қару сілтеп, қан төгісіп жатқанда, жер көлемі жағынан әлемде тоғызыншы орында тұратын байтақ елдің іргесі тыныш, халқы берекелі болды.

Жас Қазақстанның сол кездегі бүкіл әлемді таңғалдырған әрі сүйіндірген батыл, дұрыс шешімі еліміздің Кеңес Одағынан мұраға қалған ядролық қаруынан өз еркімен бас тартуы болды. Қазақстанның ядролық арсеналы Батыс елдерін ғана қызықтырып қойған жоқ. Араб әлемі де оқтұмсықтарды сатып алуға ниетін білдірді. «Ядролық қаруды сақтап қал, шығынын біз төлейік» деп жақындық танытқан мұсылман мемлекеттері де болды. Алайда ядролық қарудың Қазақстанға, тіпті бүкіл адамзатқа жақсылық әкелмейтінін дәп басып түсінген Елбасы 1991 жылғы 29 тамызда Семей ядролық полигонын жабу туралы Жарлыққа қол қойды. Қазақстан әлемдегі төртінші ядролық қарудан өз еркімен бас тартты. Бұл шешім жер-жаһанды жаппай қырып-жою қаруларынан азат етуге бағытталған маңызды қадам болды.

Қазақстан тәуелсіздік алған мезгілде қазақ жеріндегі халқымыздың үлесі 40 пайызды ғана құрайтын. Ол кезде кейбір этникалық топтардың саны мол, десі де басым еді. «Елге ел қосылса – құт» деп білген халқымыздың қасиетті қағидасын ұстанған Н.Назарбаев 1991 жылы 1 желтоқсан күні Қазақстан тарихындағы тұңғыш рет бүкілхалықтық сайлауда Президент болып сайланғаннан кейін араға бір ай салып, яғни 1991 жылдың 31 желтоқсаны күні қазақстандықтарды Жаңа жыл мерекесімен құттықтай отырып, алыстағы ағайындарды атажұртына шақырды. «Қазақ қайда жүрсе де бір ғана тарихи Отаны бар, ол – Қазақстан! Атамекеніміз жалғыз, ол – бір уыс топырағына дейін қасиетті қазақ жері» деп үнемі айтатын Елбасы «алыстағы ағайынға ақ тілек» ретінде шетелдегі 5 миллион қазақты тарихи отанына шақырды. Міне, соның нәтижесінде 30 жылда 1 миллион 701 мың қандасымыз Отанына оралды. Қазақ халқының үлесі де 30 жылда бір еселеніп, 80 пайыздан асып жығылды. Әрине, сол кезде билік тізгінін басқа басшы ұстаса да, шетелдегі қандастарды шақыру Қазақстанның ішкі саясатының күн тәртібінен қалмайтын да шығар, алайда Н.Назарбаев сияқты батыл әрі сондай қысқа мерзім ішінде дүниедегі қазақтың басын бір жерге қосып, ұлт тағдырына саятын келелі кеңес өткізу екінің бірінің қолынан келуі екіталай еді. Сондықтан да шетелдегі қазақтар болсын, әлде атажұртқа ірге көмген қандастар болсын – бәрі Назарбаевты Ұлы көштің ұйытқысы ретінде бағалайды.

1992 жылдың қыркүйегінде Алматыда Дүние жүзі қазақтарының бірінші құрылтайы өтіп, оған әлемнің 33 мемлекетінен 800-ден астам өкіл қатысты. Құрылтайда Дүние жүзі қазақтарының қауымдастығы құрылды. Оның төрағалығына Н.Назарбаев сайланды. Елбасы төрағалық еткен қауымдастықтың ұйымдастыруымен одан кейін де Дүние жүзі қазақтарының 4 кезек (алғашқы құрылтаймен 5 кезек) құрылтайы өткізіліп, әлемдегі қазақтардың тағдырына саятын мәселелер де үзбей талқыланып отырды.

Нұрсұлтан Назарбаевтың еліміздің шекарасын заң жүзінде шегендеп кеткені де қазақ ұлты үшін өте қайырлы іс болды. Қазақстанмен шекараласатын Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Ресей сынды 5 мемлекетпен ұзақ уақыт келіссөз жүргізіп, ел іргесін халықаралық деңгейде бекемдеп алғанымыз – Қазақстанның ең үлкен жетістігі. Ол – біздің жеріміз бүтін, еліміз аман болуының маңызды кепілі.

Әрине, Елбасының 30 жылда еткен еңбегін бір мақалада түгел тізіп, түгендеп шығу мүмкін емес. Біз тек бастыларын ғана атап отырмыз. Нағын айтқанда, Қазақстанның әлемдік деңгейде танылуында да Елбасының ерен еңбегі алдымен есімізге түседі. Мәселен, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесі (АӨСШК) және Шанхай ынтымақтастық ұйымының (ШЫҰ) құрылуы, ЕҚЫҰ саммитінің елордада өтуі, еліміздің БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне тұрақты емес мүше ретінде енуі және оған төрағалық етуі, елордада ЭКСПО-2017 көрмесінің өтуі де бір жағынан Қазақстанның жер-жаһанның қауіпсіздігі мен тұрақтылығына ерекше көңіл бөлетінінің айғағы болса, екінші жақтан, елім деген Елбасының ұлт қамын, Отанымыздың болашағын бәрінен биік қоятынын білдірсе керек.

Елбасының сеніміне ие болған, Тұңғыш Президенттің ел басқарудағы таңдаулы тәжірибесіне қанық Қасым-Жомарт Тоқаев та Мемлекет басшысы міндетіне кірісkеннен бастап салиқалы сабақтастықты жалғап, «халықшыл Президент, халық үніне құлақ асатын мемлекет» құратынын әу бастан-ақ аңғартты. Бұл – билік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнатудың тиімді тәсілі. Осы тұжырымдаманы жүзеге асыру барысында әділетті мемлекет ұстанымы негізге алынғаны байқалды. Мәселен, осы бағыттағы жұмыстар нәтижесінде тұрмыс жағдайы төмен және көпбалалы отбасыларға арнайы әлеуметтік жәрдемақы тағайындалды; әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтардың несиесі кешірілді. Кадр саясаты жетілдіріліп, ғылым мен білімді, денсаулық сақтауды дамытуға ерекше ден қойылды. Жұртты алаңдатқан «шетелдіктерге жер сату» мәселесіне де нүкте қойып, «жер шетелдіктерге сатылмайды» деп ашық ұстанымын білдірді. Сыртқы саясат жағында көрші елдермен «істік те, төстік те күймейтін» сындарлы саясат жүргізіп, халықаралық жағдай аумалы-төкпелі кезеңде әлемдік саясатта тепе-теңдікті сақтай білді. Атап айтқанда, Елбасы айқындаған көпвекторлы саясат қағидасын ұстана отырып, стратегиялық серіктес елдер – Ресей, Қытай, АҚШ, Орталық Азия мемлекеттерімен, Европалық Одақ, Азия және Таяу Шығыс мемлекеттерімен тең, достық қарым-қатынасты, сонымен қатар БҰҰ, ТМД, ЕАЭО, ШЫҰ, ЕҚЫҰ, АӨСШК секілді халықаралық ұйымдармен байланысты нығайтуға ден қойды.

Биыл жыл басынан бастап Қазақстан Еуразиялық экономикалық одаққа төрағалық етеді. Осыған орай, Қасым-Жомарт Тоқаев ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің басшыларына жолдаған үндеуінде бірқатар маңызды мәселені көтеріп, ұйымның алдағы 5 жылдағы бағытын айқындап берді. Мәселен, былтыр Жоғары еуразиялық экономикалық кеңестің онлайн отырысында 2025 жылға дейінгі еуразиялық экономикалық интеграцияның стратегиялық даму бағыттары туралы құжатты қабылдау идеясын қолдай отырып, стратегияның кейбір бөлімдерін қайта талқылап, әлі де пысықтай түсу керек деп Қазақстанның тұрғысын түсіндіре білді.

Пандемия кезінде карантин себебінен табысынан айырылып қалған отандастарымызға да Қ.Тоқаев билігі үлкен көмек жасады. Атап айтқанда, Мемлекет басшысының пәрменімен дағдарысқа қарсы шаралар үшін 6 триллион теңгеге жуық қаржы бөлінді. Ең бірінші жұмыссыз қалған адамдарға 42500 теңге мөлшерінде төлем жасалды. Бұл көмек 4,2 миллион адамды қамтыды. 1 миллиондай мұқтаж отбасы азық-түлікпен және қажетті заттармен қамтамасыз етілді. Қиындыққа тап болған кәсіпкерлер үшін салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді төлеу мерзімі ұзартылды. 700 мыңнан аса компания мен кәсіпкерлер үшін салық жүктемесі азайтылды. Сол арқылы олар 1 триллион теңгеге жуық қаржы үнемдеуге мүмкіндік алды. Мұндай жеңілдікті іргемізге ірі ел Қытайда да өз халқына жасаған жоқ.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысының бастамасымен адам құқығын қорғау, әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық, адам саудасы, мал ұрлығы, браконьерлік, көлікті мас күйде жүргізу сынды қылмыстарға қарсы заңнамалар қатаңдады, жайылымды ұтымды пайдалану, бейбіт шеруге рұқсат ету сынды халық аса назар аударып отырған түйіндер төңірегінде де жұртқа жағымды шешімдер жасалды.

Білім мен ғылымды, медицина саласын дамытуға үлкен басымдық беріліп отыр. Осыған байланысты алдағы уақытта білім саласына бөлінетін қаражат 6 есе, ғылымға бөлінетін қаржы 7 есе өседі. Ал дәрігерлердің жалақысы кезең-кезеңмен өсіп, 2023 жылға қарай экономикадағы орташа жалақыдан екі жарым есе көбейту жоспарланған.

Қысқасы, тәуелсіз Қазақстанның іргесін бекемдеп, билік жүйесінің негізін қалаған, әлемге танымал саяси қайраткер, Елбасының сенімді серігі әрі лайықты ізбасары екендігін сөзімен де, ісімен де айғақтаған Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев өткен екі жылда елдің сенімінен шығып, өз қабілет-қарымын аңғарта білді. Бастамасы жақсы елдің болашағы да баянды деген осы.

**Біріккен Ұлттар ұйымының Бас хатшысы Антониу Гутерриш әлем елдері тұрғындарын Наурыз мерекесімен құттықтады.**

## НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Ұйым басшысының құттықтауы ШЫҰ хатшылығының Бейжіңдегі ғимаратында Наурыз мерекесі қарсаңында өтіп жатқан іс-шараның аясында көрсетілді.

«Жыл сайын келетін Наурыз жаңа өмірді білдіреді. Былтыр Наурыз мерекесі жаһандық пандемияның алғашқы күндерімен тұспа-тұс келген. Биыл Наурыз рухы жанданды. Мейрам қоғам мен ұрпақ сабақтастығы арасындағы көпір іспетті» деп атап өтті БҰҰ Бас хатшысы өз бейнеүндеуінде.

## ҮЙДЕ ТОЙЛАУҒА ҮНДЕДІ

**Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті қазақстандықтарды Наурыз мейрамын үйде тойлауға үндеді.**

«Біз, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау қызметінің мамандары ретінде алдағы мерекелік демалыс күндерін отбасылық ортада ғана өткізуге кеңес береміз. Барыс-келісті азайтып, бұқаралық шараларға бармауға және ұйымдастырмауға, адамдар көп жиналған орындарға бас сұқпауға кеңес береміз» делінген хабарламада.

Комитет өкілдері Ұлыс күніне арналған концерттер мен қойылымдарды, көрмелер мен айтыс сайыстарын онлайн форматта өткізген дұрыс деп отыр.

«Қазақстанның мемлекеттік бас санитар дәрігерінің қаулысы бойынша өткізуге рұқсат етілген шаралар барлық санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, адамдардың шоғырлануына жол бермейтіндей етіп ұйымдастырылуы керек» дейді мамандар.

Комитет мамандары шараларды өткізу мүмкіндігі жергілікті өңірдің қай аймаққа жатқызылғанына байланысты екенін еске салады. Яғни «қызыл аймақтағы» өңірлерде кез келген шара өткізуге тыйым салынған. «Сары аймақтарда» шара өтетін орын 20%, «жасыл аймақтарда» 30% ғана толуы керек.

«Күрес, аударыспақ сияқты адамдарды бір-бірімен жанастыратын спорттық шаралар өткізуге болмайтынын еске саламыз. Уланудың алдын алу үшін қоғамдық шара өткен жерде ас әзірлеп, ішуге де тыйым салынған. Құрметті қазақстандықтар! Осы бір шуақты мерекені ет жақындарыңызбен бірге үйде өткізіп, өздеріңізді сақтаңыздар» деп хабарлама жазды санитарлық-эпидемиологиялық бақылау қызметі.



## НАҚТЫ ТАПСЫРМАЛАР БЕРДІ

**Мемлекет басшысы Мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Элимановны қабылдады.**

Қасым-Жомарт Тоқаевқа көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимылдарды күшейту жөнінде берген тапсырмаларының орындалу барысы туралы есеп берілді. Жанат Элимановтың айтуынша, жыл басынан бері сегіз ұйымдасқан қылмыстық топтың жолы кесілген, оның екеуі – трансұлттық топ. Сондай-ақ ол бюджет қаржысын жымқыру деректері бойынша 14 миллиард теңге көлемінде шығын келтірген 125 қылмыстық іс қозғалғанын жеткізді. Президентке агенттіктің қаржы пирамидаларының жолын кесу бағытында атқарып жатқан жұмыстары туралы баяндалды. Ведомство басшысының айтуынша, бүгінгі таңда күмәнді іс-әрекеттер бойынша 21 материал құқық қорғау органдарына жолданған. Бұдан бөлек, Мемлекет басшысына кәсіпкерлердің қылмыстық қудалауға түсуіне жол бермеу үшін қабылданып жатқан шаралар жөнінде мәлімет берілді. Жанат Элиманов 2020 жылдың қорытындысы бойынша өткен жылдармен салыстырғанда тіркелген экономикалық



қылмыстардың саны алты есеге азайғанын айтты. Қылмыстық істерді тексеру бойынша кәсіпкерлерді тергеуге шақырулардың саны екі есеге, ал тергеп-тексеру мерзімі 40 пайызға қысқарған. Қасым-Жомарт Тоқаев бизнесін адал жүргізіп отырған кәсіпкерлердің қылмыстық қудалауға түсуіне жол бермеу жөнінде жүйелі шаралар қабылдау қажеттігіне назар аударды. Кездесу соңында Президент Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасына бірқатар нақты тапсырма берді.

## ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ ЕЛДЕРІ – НЕГІЗГІ ИНВЕСТОР

**Премьер-министр Асқар Мамин Қазақстанның Европалық Одақпен инвестициялық ынтымақтастығы жөніндегі диалогтың 6-отырысын өткізді.**

Үкімет басшысы ҚР экономикасын дамыту, іскерлік ахуалды жақсарту, инвестиция тартудың жаңа тәсілдерін қабылдау және санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыру бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы айтты. Премьер-министр Үкімет қабылдап жатқан дағдарысқа қарсы шаралардың нәтижесінде осы жылдың басынан бері Moody’s, Fitch және Standard&Poor’s жетекші рейтингтік агенттіктері пандемияға дейінгі рейтингтерін растағанын және 3,2-3,8% шегінде Қазақстан экономикасының дамуына оң болжамдар бергенін атап өтті. Сондай-ақ Үкімет басшысы «Мұра қоры» американың зерттеу орталығының (Heritage Foundation) 2021 жылғы Экономикалық еркіндік индексі бойынша елдер рейтингінің наурыз айындағы жаңартылуында Қазақстан өз көрсеткіштерін 5 позицияға жақсартып, 178-ден 34-орынға ие болғанын атап өтті (2019 жылы – 59 орын, 2020 жылы – 39 орын). Оң динамика фискалдық тұрақтылық, мемлекеттік шығындардың, сот жүйесінің тиімділігі секілді көрсеткіштер бойынша байқалды. Институционалдық орта сапасын арттыру факторларының арасында инвестициялар, еңбек қатынастары және қаржы секторының еркіндігі аталған. «Біз Қазақстанның инвестициялық ахуалы неғұрлым қолайлы елдердің бірі ретіндегі мәртебесін одан әрі арттыру үшін осы серпінді дамытуға ниеттіміз» деді А.Мамин. Премьер-министр Европалық Одақ елшілерін Қазақстанның ЕО-мен сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастығын дамытуға жәрдемдесу бойынша одан әрі ашық және белсенді диалог орнатуға шақырды. Өз кезегінде, отырыста сөз сөйлеген ЕО елшісі Свен-Олов Карлссон, Италия елшісі Паскаль Д’Авино, Австрия елшісі Вилли Кемпель және Португалияның ҚР-дағы уақытша сенімді өкілі Аделина Вийейра Да Кунья Да Силва Қазақстанның инвестициялық ахуалды жақсартудағы, бизнесті жүргізу үшін қолайлы жағдайлар жасаудағы елеулі прогресін, сондай-ақ ЕО-ның ҚР-мен экономикалық ынтымақтастықты одан әрі арттыруға мүдделі екенін атап өтті. Тараптар пандемия салдарын еңсеру және экономиканы қалпына келтіру мәселелері бойынша Қазақстанның Европалық Одақпен ынтымақтастығының перспективаларын талқылады. Ұлттық және халықаралық деңгейде іскерлік ахуалды одан әрі жетілдіру, медицина саласындағы өзара іс-қимылды кеңейту, шетелдік заңды тұлғаларға қатысты салықтық әкімшілендіруді жақсарту, сот және соттан тыс тетіктер (төрелік) арқылы шетелдік компаниялардың қатысуымен дауларды реттеу мәселелері қаралды. ЕО қаржы институттарымен ынтымақтастықты дамытуда және европалық компаниялардың инвестицияларын тартуда АХҚО әлеуетін арттыруға ерекше көңіл бөлінді.

ЕО – Қазақстанның негізгі инвесторларының бірі және ірі сауда серіктесі. 2020 жылы тауар айналымы $23,6 млрд құрады.

# ЖЕТІ ЖЫЛ КҮТТІРГЕН ҚУАНЫШ

**Кеше елордада құрылысы ұзаққа созылған тұрғын үйлердің бірінің құрылысы аяқталды. Осылайша 7 жылдан астам уақыт бойы пәтерлерін күткен 200-ге жуық отбасының мәселесі шешілді.**



«Бүгін – «Зере-1» тұрғын үй кешенінің үлескерлері үшін қуанышты күн! Мереке қарсаңында құрылысы ұзаққа созылған тағы бір нысанның құрылысы аяқталды. «Зере-1» тұрғын үй кешені пайдалануға берілді, тұрғындардың құжаттарын рәсімдеу бойынша соңғы жұмыстар жүріп жатыр. Осылайша 7 жылдан астам уақыт бойы пәтерлерін күткен 200-ге жуық отбасының мәселесі шешілді. Біз жұмысқа кіріскенде үйдің қаңқасы ғана тұр еді. Бірінші кезекте үй мен инженерлік желілердің барлық жобалық-сметалық құжаттамасын дайындадық. Тұрғын үй кешені су, электр, жылу, кәріз сияқты инженерлік желілерге қосылды. Сондай-ақ тұрғын үй кешенінің сыртқы беті бойынша жұмыстар жүргізілді, терезелер, лифтілер, есіктер және т.б. орнатылды. Көктемде абаттандыру жұмыстарын бастауды тапсырдым» деп жазды қала әкімі Алтай Көлгінов әлеуметтік желідегі парақшасына.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес бір жарым жыл ішінде (2019 жылдың жазынан бері) құрылысы ұзаққа созылған нысандар саны 2 есе азайды. Биыл қала әкімдігі тағы 7 мың үлескерге пәтер кілттерін беруді жоспарлап отыр. Осылайша үлескерлер көптен күткен қоныс тойын тойлап, қуанышқа кенелер сәт алыс емес.

# ҚАЗЫНА ҚАРТТАРҒА ҚҰШАҚ АШТЫ

**Наурыз мейрамы қарсаңында «30 игі іс» қайырымдылық іс-шаралары бойынша Сарыарқа ауданында ардагерлерге арнаған «Қазына» орталығы ашылды.**

Орталықтың жаттығу залында спортпен айналысу үшін барлық жағдай жасалған. Сонымен қатар, зейнеткерлер бос уақытын тиімді өткізіп, үстел ойындарын ойнаса, түрлі форматтағы іс-шараларды ұйымдастырса болады. «Екі жылдан бері қарттарға арнап осындай орталықтар ашуды қолға алған едік. Оның нәтижесін өздеріңіз де көріп жүрсіздер. Ең бірінші орталықты былтыр сол жағалаудан аштық. Кейін аудандарда да ашылса екен деген ұсыныс түсіп, қолдау тапты. Бүгін Наурыз мерекесінің қарсаңында осы орталықты ашып отырмыз. Қарттарымыз жайлы, қамсыз өмір сүруі керек» деді Бақтияр Мәкен.

Ашылу салтанатында зейнеткер Григорий Шишов алғысөз сөйледі. Ол 1940 жылы дүниеге келген, ал оның ата-анасы Қазақстанға 1907 жылы Столыпиннің аграрлық реформасы бойынша тың игеруде келген. «80 жасқа келгенде еліміздің ардагерлерге деген қамқорлығын сезінгенім қуантады. Енді бос уақытымызда осы орталыққа келіп спортпен шұғылданып, жора-жолдастарымызбен ұзақ уақыт өткізетін болдық. Баршаңызды келе жатқан Наурыз мерекесімен құттықтаймын» деді зейнеткер.

Естеріңізге сала кетейік, бүгінгі таңда Сарыарқа ауданында 25 мыңнан астам зейнеткер, оның ішінде 7 соғыс ардагері, 1 240 еңбек ардагері бар. Олардың бос уақытын ұйымдастыру үшін ауданда зейнеткерлерге арналған 3 орталық жұмыс істейді.

**Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру мақсатында Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы мамандары «Әсем», «Әлем», «Шапағат», «Биг Шанхай» және «Шарын» азық-түлік базарларының өкілдерімен кездесу өткізді.**

# АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ ТҰРАҚТЫ



Кездесу аясында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 19 түріне шекті сауда үстемесін орнату туралы келісімге қол жеткізілді. Азық-түлік нарықтарының өкілдері әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті сауда үстемесінің мөлшері бойынша 15%-дан аспайтын, ал көпшілік позиция бойынша 7-10%-дан аспайтын бірлескен меморандумға қол қоюға дайын екендіктерін білдірді.

Сондай-ақ осы мәселе бойынша «Magnum», «Small», «Аян», «Астықжан», «Кеңмарт» және т.б. сауда желілерімен меморандум жасасу бойынша іс-шаралар пысықталуда. Өз кезегінде Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы «айналым механизмі» аясында 8 субъектімен шарттарға қол қойып, 4,6 млрд теңге сомаға қаржы бөлді.

Бұл ірі сауда объектілерінде әлеуметтік маңызы бар тауарлардың 18 позицияларын төмендетілген бағамен сатуға мүмкіндік береді.

## Қалалық мәслихаттың жетінші сайланымының депутаттарының және Нұр-Сұлтан қаласы тұрғындарының назарына!

**2021 жылғы 31 наурызда сағат 10.00** «Zoom» сервисінің бейнеконференцбайланыс платформасында өтетін, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының жетінші сайланымының кезекті сессиясы шақырылады.

**Сессияның қарауына келесі мәселелер енгізіледі:**

1. Нұр-Сұлтан қаласындағы отбасына тәрбиелеуге берілген (асырап алу, қорғаншылық немесе қамқоршылық, патронат) жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты қамтамасыз ету.
2. Нұр-Сұлтан қаласының кейбір құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау туралы.
3. «Астана қаласы бойынша іске асыруға жоспарланатын жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесі туралы» Астана қаласы мәслихатының 2019 жылғы 6 наурыздағы № 355/45-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
4. «Нұр-Сұлтан қаласында алты жалпы білім беретін мектеп салу және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы.
5. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күнін мерекелеуге байланысты Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы.
6. Чернобыль атом электр станциясындағы апат құрбандарын еске алу күніне Нұр-Сұлтан қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы.
7. Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару шарттардың жобаларын келісу туралы.
8. Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының кезекті сессиясына қарауға енгізілетін негізгі мәселелер туралы.
9. Қалалық мәслихаттың кезекті сессиясының төрағасы туралы.

Анықтама телефондары: 55-66-35, 55-66-36

**Е. КАНАЛИМОВ,**
**Нұр-Сұлтан қаласы**
**мәслихатының хатшысы**

## Құрметті елорда тұрғындары мен қонақтары!

Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты Сіздерді Наурыз мерекесімен құттықтайды!

Бұл мереке – жаңарудың, адамдар мен табиғат бірлігінің, қоғам ынтымағының символы. Дәстүр бойынша бұл күні ең маңызды оқиғалар өткізіліп, өткен жылдың қорытындысы жасалады.

Биылғы Наурыз мейрамын мерекелеу біздің әрқайсымыз үшін ерекше мән мен мағынаға ие, өйткені біз оны Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында атап өтеміз.

Осы мереке күні Сіздерге шын жүректен зор денсаулық, отбасылық амандық, бақыт және жақсылық тілеймін!

Біздің ортақ үйіміз, салт-дәстүріміздің жоғары рухы, өзара құрмет пен келісім өрлей берсін!

Көктем мерекесі әр үйге қарым-қатынас қуанышын, жайлылық пен өзара түсіністік әкелсін!

**Ерлан КАНАЛИМОВ,**
**Нұр-Сұлтан қаласы**
**мәслихатының хатшысы**

## Құрметті елорда тұрғындары мен қонақтары!

Нұр-Сұлтан қаласы Қоғамдық кеңесінің атынан Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамымен құттықтаймын!

Тәуелсіздік жылдарында Наурыз мейрамы қазақстандықтар үшін нағыз жалпыұлттық және сүйікті, қоғамдағы бейбітшілік пен келісімді нығайтатын мерекеге айналды. Ежелгі заманнан келе жатқан Наурыз мейрамы көктемнің келуін бейнелейді және достық, махаббат пен жомарттықты дәріптейді. Бұл жарқын мереке әрбір қазақстандық үшін қымбат және адамгершілікті, достық пен төзімділікті бейнелейді. Мұндай керемет мерекені Қазақстан аумағында тұратын түрлі ұлт өкілдері мейірімді, жарқын және ең бастысы біздің ортақ мерекеміз ретінде атап өтетіні қуантады.

Сіздерге және отбасыларыңызға зор денсаулық, өзара құрмет пен түсіністік тілеймін. Наурыз мейрамы әр үйге молшылық пен игілік әкелсін!

**Сансызбай ЕСІЛОВ,**
**Нұр-Сұлтан қаласы Қоғамдық**
**кеңесінің төрағасы**

# БАЙЛАНЫСТА ӘКІМ

**Қала әкімі Алтай Көлгінов карантиндік шектеулердің күшеюіне байланысты азаматтарды онлайн қабылдауын жалғастыруда.**




«Қала тұрғындарының мәселелерін жүйелі түрде шешу үшін азаматтарды жиі қабылдау маңызды. Тұрғындар проблемаларын айтып қана қоймай, елорданы одан әрі дамытуға қатысты идеялары мен ұсыныстарымен бөліседі. Бүгін 10 тұрғынды онлайн қабылдадым. Азаматтар тарапынан 20 сұрақ қойылды. Негізгі мәселелер – тұрғын үй бағдарламаларына қатысу, білім алу, медициналық көмек, әлеуметтік көмек алу, жұмысқа орналасуға жәрдемдесу және т.б. төңірегінде. Сауалдар бақылауға алынды» деп хабарлады Алтай Көлгінов.

Сондай-ақ қала тұрғындар – «Жанұя» (Бейбітшілік көшесі, 14), Тұрғын үй саласында қызмет көрсететін бірыңғай орталық (Республика даңғылы, 32), iQala (Қошқарбаев, 29) сияқты әлеуметтік орталықтардан көмек пен кеңес ала алады.

# ХАЛЫҚ АЛҒЫСЫНА БӨЛЕНДІ

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкен COVID-19-ға қарсы күрестегі ерен еңбегі үшін бір топ астаналыққа «Халық алғысы» медалін табыс етті.**



Пандемия басталғаннан бері барлық саланың қызметкерлері, оның ішінде қарапайым халық та инфекциямен күресу жолында аянбай еңбек етіп келеді. Ел Президентінің бұйрығына сәйкес карантинде жанкештілікпен көзге түскен әр саланың мамандарын естелік медальдармен марапаттау рәсімі республика бойынша жүзеге асуда. Елордада өткен дәл осындай жиынға дәрігерлер, педагогтар, журналистер мен қоғам белсенділері қатысты.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан «Халық алғысы» медалімен марапаттау – мен үшін үлкен міндет. Пандемия кезеңінде үлкен істер атқарылды. Қазір де жалғасын табуда. Біз әлі инфекциямен күресіп жатырмыз. Мұғалімдерге, дәрігерлерге, журналистерге, қоғам қайраткерлеріне, белсенділерге, еріктілерге үлкен алғысымды білдіргім келеді. Олардың барлығы қаламыздың, еліміздің игілігі үшін жұмыс істеуде. Қала басшылығының атынан марапат иелеріне табыс, сәттілік, денсаулық пен амандық тілеймін. Пандемия басталғаннан бері ең маңызды тілек Денсаулық болды және солай болып қала береді, – деп атап өтті елорда әкімінің орынбасары.

## ТАҒАЙЫНДАУ

***Нұр-Сұлтан қаласы Мәдениет басқармасының басшысы болып Нұрлан Әлімжанов тағайындалды.***

Нұрлан Баянғалиұлы Әлімжанов 1984 жылы 29 сәуірде дүниеге келген. 2005 жылы Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Музыкалық театр мен кино актері» факультетін, 2016 жылы Алматы экономика және статистика академиясының «Экономика мен бизнес» факультетін бітірді.

2003-2008 жылдары Ғ.Мүсірепов атындағы Мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының актері. 2018 жылдың қазан айынан бастап «Қазақстанның Денсаулық елшісі». 2019 -2021 жылдары – ҚР Парламенті Мәжілісінің VI шақырылымының депутаты.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының және Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хаттарымен марапатталған. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (2013 г.). «Серпер» жастар сыйлығының иегері. «Нұр Отан» партиясының «Жас тұлпар» жастар сыйлығының лауреаты.

# ҰСЫНЫСЫҢ БОЛСА, ШЕТ ҚАЛМА!

**Елордада азаматтардың үздік идеяларына онлайн дауыс беру басталды.**




Birge платформасы іске қосылғаннан бері қала тұрғындары 190-нан астам идея ұсынды. Олардың ішінде әртүрлі ұсыныстар бар, яғни бірыңғай студенттік карта жасаудан бастап жаңа қоғамдық кеңістіктер ашуға дейін қамтылған. Бүгінгі таңда ашық онлайн дауыс беруге 13 бағыт бойынша 30 идея ұсынылды. Елорда тұрғындары мен қонақтары әр санат бойынша ұнаған идеяны таңдай алады. Дауыс беру 18 сәуірге дейін жалғасады. Онлайн дауыс беруге қоғамдық кеңістік, ТКШ, білім беру, бизнес, экология, жануарларды қорғау, көшелерді жарықтандыру, көлік, санитарлық тазалау, урбанистика-қалалық орта, туризм, мәдениет, әлеуметтік сала сынды санаттар ұсынылды. Әр санаттан өзіңіз қолдайтын идеяны таңдай аласыз. Қала тұрғындарының көпшілігі қолдаған идеялар елордада жүзеге асырылады.

Естеріңізге сала кетейік, елорданың «Birge» алаңы қала тұрғындарына елорданың тыныс-тіршілігіндегі проблемаларын шешу бойынша идеялар ұсынуға және ұсыныстарға дауыс беруге мүмкіндік береді. Елорда тұрғындары қаланы дамытуға белсенді араласты, аудандардың бәрінен нақты ақпарат алынды. Халықтан жиналған пайдалы ақпарат қаладағы жағдайды және тұрғындардың қажеттілігін талдауға мүмкіндік береді.

# ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ – ҰЛЫҚ МЕЙРАМ

**Осыдан 110 жыл бұрын, яғни сонау 1911 жылы Ахмет Байтұрсынұлы «талап жоқ, үміт мол бір халықпыз» деп қынжылса, қынжылатындай екен. Енді, міне, талабы мен үміті зор ел болғанымызға 30 жыл толғалы отыр. Ілгері күнге үміт арта отырып, кешегі күніміздің көзден кетсе де, көңілде өшпестей таңба қалдырған тұстарынан әңгіме қозғау артықтық етпес. Өйткені өткенімізден аттап кетсек, өскенімізді танымағанымыз болар.**



Бәрімізге белгілі, жетпіс жыл бойы ата дәстүріміз, әдет-ғұрпымыз аяққа басылып, ұрпағымыз қасиетті ана тілінде ұлағатты сөз тыңдаудан қалып бара жатты. Нәтижесінде жастарымыздың 40 пайызға жуығы нигилистер қатарына қосылды. Өзінің тілін, тарихын білмеу салдарынан қазақ жастары өз ата-бабаларының ғасырлар бойы жинақтаған рухани дүниелерін де еріксіз ұмыта бастады. Бұл бізге отбасының қазақы тірлігін іріткен, ата дәстүрден түбегейлі алшақтатқан індет боп жабысты. Сондықтан ата салтымызды тірілтіп, ұлттық құндылықтарымыз бен мұраларымызды іздегеніміз рас және де одан ұтпасақ, ұтылғанымыз жоқ.

Мәселен, Наурыз мейрамын алайық. Бұл мереке Кеңес Одағы кезінде атап өтуге тыйым салынғанына қарамастан, қазақ халқының ең маңызды мерекесі болып қала берді. Әлі есімде, бала кезімде бұл күні таңертеңнен бастап үлкен-кіші мерекелік көңіл күйге бөленетін, жақын туыстар бір-бірін іздеп, қонаққа барып, жаңа жылдың келуімен құттықтайтын. Қыстан аман-есен шығып, жаңа жылда бас қосқан жұрт өзара ақ ниеттерін жаудырып жататын. Бірақ мұның бәрі жасырын жасалып, сырт көзге білдірмеуге тырысатын. Себебі жоғарыда айтқанымыздай, Қазақстанда 1926 жылдан бастап Наурызды тойлауға тыйым салынды.

Қазақтың төл мерекесін өзіне қайта жандандырған – халқымыздың ардақты ақыны Мұхтар Шаханов. Арқалы ақын 1988 жылы сол кездегі Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Колбинге хат жазып, осы мерекені қайта жандандыруды сұраған еді. Ашық ақпарат көздерінен белгілі болғандай, хат мәтінінде: «Геннадий Васильевич, желтоқсан оқиғалары екі ел арасында жік қалдырды. Қазақтар сізге жек көрінішпен қарайды. Егер сіз Наурыз мейрамын жандандыруға көмектесетін болсаңыз, онда барлық қазақтар сізге басқа көзқараспен қарайтын болады» делінген. Сонда Колбин Горбачевты көндіруге уәде береді. Сөйтіп, сол жылдан бастап Қазақстан Наурыз мейрамын қайта тойлай бастады, сең құрсауы сөгіліп, ұлттық нақыштағы жаңа жылға рухани жағынан саналы көзқарас танытылып, оны өркениетті түрде атап өтуге ықпалы мол жұмыстар жүргізуге мүмкіндік туды.

Ұлттық мәдениетті, салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты жандандыру жолында, Наурыз мейрамын жаңаша атап өтуге сол тұста «Қазақ тілі» қоғамы тарапынан да игі шаралар молынан атқарылды. Жер-жерде бұл қоғамдық ұйым мейлінше белсенділік танытып, жастардың ұлттық дәстүр-салтты, халықтың өткені мен бүгінін терең білуіне ұмтылыстарын ояту әрі ынталандыру мақсатында «Ауыл тойлары», «Келіндер байқауы», «Жігіт сұлтаны», «Қыз сыны», «Әжелер өнері», ақындар айтысы, ұлттық киім үлгісі, жыршылар мен термешілер байқауы, қыз қуу, алтыбақан құру, көкпар, ұлттық спорт сайыстары тәрізді көптеген игілікті шараларға ұйытқы бола отырып, істің басы-қасынан табыла білді. Өз кезегінде мұндай іс-шаралар адам баласының жүрегіне сезім, көңілінде сәуле байытуға игі әсерін тигізіп, жаңа заманның жаңа адамдарын қалыптастыруға терең із қалдырғанына күмән жоқ. 2010 жылғы 19 ақпандағы Біріккен Ұлттар Ұйымы бас ассамблеясының 64-сессиясында «Әлем мәдениеті» бағдарламасының 49-тармағына сәйкес «Халықаралық Наурыз мерекесі» деп аталатын қарардың қабылданғаны бекер емес. Сөйтіп, мереке Біріккен Ұлттар Ұйымы тарапынан да толықтай мойындалды.

Бүгінде Наурыз мерекесі – барлығына ортақ мейрам. Бұл – ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығының күні. Қазақ халқы бұл мерекеге Ұлыстың ұлы күні деген екінші атау берген. Наурыз мерекесі заманауи өмірге үйлесімді түрде өзгертіле келе, қоғамда достық пен келісімнің нығаюына үлкен рөл атқара бастады. Бұл өте маңызды. Ел ішінде келіспеушілік пен түсініспеушілік орын алған болса, осынау мейрам күні жойылады деген сенім бар. Яғни өкпе-реніш атаулы түгел тарқап, кешірім үстемдік құрады. Осы күнгі дәстүрге сай ақсақалдар халыққа жақсы тілек айтып, бата береді. Әдетте бұл жақсы тілектер: «Халық гүлдене берсін! Ақ мол болсын! Бұл күн молшылық әкелсін! Бүкіл жамандық пен барлық қара іс жер бетінен жойылсын! Ата-бабамыздың рухы әрдайым бізге қолдау көрсетсін!» деген сөздермен аяқталады. Сөйтіп, қазақтың ақ баталары мен ізгі тілектерінің Наурыз мерекесі сынды ұстанымдардан қалыптасқанына сенесің. Себебі наурыздың осы күндері бүкіл дүние жайнап, жадырап тұрады. Адамдардың көтеріңкі көңіл күйі табиғаттың жайма-шуағымен әсем үйлесім табады. Әрине, жер көлемі жағынан әлемнің тоғызыншы территориясы болып саналатын Қазақ елінде табиғаттың тосын сыйлары болуы мүмкін. Дегенмен Наурыз мейрамында қар жауса да, бұл – жақсылықтың белгісі. Ерте заманнан бері қыздардың сұлулығын Наурыз мейрамында жауған қармен салыстырған. Ақ, таза, жұмсақ, үлпілдек қар сұлу ханымдардың асқан сұлулығын бейнелеп, мәртебелерін биіктейді.

Бір сөзбен айтсақ, Наурыз мерекесі – бейбітшілік пен достықты нығайту, ұлттық бірлікті сақтау, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, қайырымдылық жасау мәдениетін дамыту, сонымен қатар қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптастыруды мақсат тұтқан ұлтымыздың ұлық мейрамы. Ендеше өмірге жаңаша қарауға шақыратын, алдағы күндерден тек үміт күтіп қана қоймай, игі істерге, жақсылықтарға жетелейтін Наурыз мерекесі бәрімізге құтты болсын!

**Кенжеболат ЖОЛДЫБАЙ,**
**қоғам қайраткері**



Отызбай СҮЙІНДІКҰЛЫ,
Нұр-Сұлтан қаласының құрметті азаматы:

## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ КЕЗЕҢІ

*– Наурыздың келуі – жаңарудың белгісі. Бұл мейрамды түбі бір түркі жұрты бес мың жылдан бері атап өтіп келеді.*

*Қазақ елі Наурызды ежелгі замандардан бері атап өтеді. Қуаныш пен мейірімнің, бақ пен ырыстың, молшылық пен кеңдіктің белгісі болған мейрамда толық жаңару керек. Бұл тұрғыдан алғанда, ең бірінші, үйдегі ескі-құсқыны жаңалаудан бұрын, адамның өзі рухани жаңғыруы қажет. Сондай-ақ бір-біріне ақ тілектерін айтып, ренішде жүрген дос-жарандар өзара кешірім сұрасып, татуласады. Мұқтаж адамдарға қолдау көрсетіледі. Наурыздың қазақ қоғамы үшін маңызы орасан, оның бәрін айтып тауысып болмас.*

*Биыл мен 93 жасқа толдым. Осы өңірдің байырғы тұрғынымын, кеңестік кері идеологияның кесірінен үзіліп қалған осы дәстүрімізді 1989 жылы Ақмолада қайта жаңғыртқанда ұйымдастырушылардың бірі ретінде соның басы-қасында жүрдім. 1998 жылы елордада ҚР Президенті Н.Назарбаев, Премьер-министр Н.Балғымбаев бастаған мемлекет басшылары қатысқан алғашқы Наурыз мерекесінің тойлануы да көз алдымда. Ол уақытта астана атауы әлі ресми берілмеген, бірақ Алматыдан түрлі министрліктер мен белді мекеме-ұжымдар Ақмолаға қоныс аударып жатқан. Барлығын қарсы алып, «көш көлікті болсын» айтысып, жүктерін көтерісіп, ниеттестік білдірген қалың елдің ортасында болдық. Мен ол кезде қазақ педагогикалық колледжін басқардым, 360 төсек орындық студенттер жатақханасының біреуін және екінші жатақхананың 2 қабатын алматылықтарға уақытша тұруға бердік.*

*Сол кездері қаладағы санаулы қазақи мекемелердің бірі болғандықтан, біздің ұжым ұлттық сипаттағы мереке-мейрамдардың бәріне белсене қатысады. Ақмолада қандай да бір атаулы той болса, әнші-биші де өзімізден шығады, киіз үйді де біз тігеміз. Ал енді Наурыз мерекесін өткізуге қазақ колледжінің студенттері мен оқытушылар қауымы тайлы-тұяғы қалмай түгелдей атсалысатын.*

*Қазір енді заман кеңіді, Наурыз мерекесі де жылдан-жылға түрленіп, мазмұн жағынан байып өткізіліп жатыр. Тек мына әлі күші кетпей тұрған індет көңілге ептеп кірбің түсіретіні рас. Бірақ ол да өткінші, ертең-ақ бәрі орнына келер. Ең бастысы халқым аман болсын, Ұлыстың ұлы күнін тойлар ниетіміз дұрыс болсын деп тілеймін!*

Мағжан ЖҰМАБАЙ:

***Әр халықтың өзінше жаңа жылы, жыл басы болады. Қай уақытта, қай халықта болса да жаңа жыл сол халықтың шаруа жағдайына қарай белгіленген. Еуропа жұрттарының бір жерінде жаңа жыл – 1 январь, бір жерінде – 1 сентябрь, тағы осындайлар. Азияда жаңа жыл – жазғытұрым, қазақ елінде – марттың 22-сі. Қазақтың жаңа жылы дін әсерінен таза. Бұл күні ешбір құлшылық, дін әдеттері жасалмайды. Бар болғаны ел бір-бірімен көрісіп: «Жасың құтты болсын!» дейді. Қазақтың наурызы – дін мейрамы емес, тұрмыс мейрамы, шаруашылық мейрамы, Бұл мейрамды дұрыстап өткізу керек.***

# ҚАТАРЫМЫЗ СИРЕМЕСІН!



Жанарбек ӘШІМЖАН,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:

– Аядай ғана айналып болмас бір жылдың ішінде қаншама күнгей-теріскейлі күрделі кезеңдерді бастан кешірдік... Өткен жылы дәл осы күндері күллі әлем бір тарының қауызына қусырылып, үміт пен күдік, сенім мен селкеу қатар алмасып, адамзат баласы шешімі киелі кітаптарда ғана жазылған сан сауалмен бетпе-бет қалып еді. «Күн мен түн теңеліп, көкке ауыз ілінеді» деп тұрғанда, Құдай сақтасын, дүние астан-кестен болды да кетті... Осы кезеңдерде тек Қазақстан ғана емес, бүкіл дүние, алыс-беріс, барыс-келісіміз бар көрші-көлеңді былай қойғанда, аузымен құс тістеген алып мемлекеттердің өзі шатқаяқтап қалды, жасыратыны жоқ. Тіпті орын алған ахуалға қатысты Франция президенті Макрон «ел соғыс жағдайында» деп мәлімдегені де жадымызда. Жайшылықта самауырыннан су ақса «Самарқанды су алды» дейтін жағдайымыз аз емес... Алайда жыл түгіл, ай-күнді болжап болмас қиын кезеңдерде халық тек мемлекетке ғана сенім артатынына анық көзіміз жетті.

2020 жылдың 16 наурыз күні Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Мемлекет басшысы және Конституцияның басты кепілі ретінде телевизия арқылы елге өзінің арнайы үндеуін жолдап, елде отыз тәулікке төтенше жағдай жарияланатынын және Президент жанынан арнайы комиссия құрылатынын, оған Премьер-министрдің өзі жетекшілік ететінін, күтпеген дағдарыстан шығуға барлық мүмкіндік қарастырылғанын айтып ел-халықты сабырға шақырды. Ең бастысы азық-түлік қоры жеткілікті екенін, тиісті әлеуметтік бағдарламалар жедел жүзеге асырылатынына сендірді. Әлгіндей аса күрделі шақта биліктің алдыға қойған ең негізгі мәселесі әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету және халықтың нәпақа тауып отырған жұмыс орындары мен халықтың табысын сақтап қалу еді. Дағдарысқа қарсы қабылданған жедел шаралар кезең-кезеңімен өз нәтижесін берді. Әрине, жауырды жаба тоқитын емес, алғашқы сәт-сағаттарда түрлі салаларда, әсіресе, медицина мен білім бағытында едәуір қайшылықтар орын алды. Абырой болғанда, Президент жедел түрде Үкіметке жіберілген қателіктерден сабақ алып, жұмысты жедел жолға қоюды міндеттеді. Болып жатқан түйткілдерге қатысты ақпараттың ашықтығын қамтамасыз етті.

Нақты мәліметтерге жүгінетін болсақ, уақытша табыссыз қалған 4,5 миллионнан астам азаматымыз 42500 теңге мөлшерінде көмек алды. Бұған мемлекеттік қазынадан 450 миллиард теңгеден астам қаражат жұмсалды. Ал құдайшылығын айтсақ, дәл осындай қадам іргеміздегі елдердің ешқайсысында жүзеге асқан жоқ. Мұның сыртында бір миллионнан астам адамға тиісті азық-түлік және тұрмыстық заттар қоржыны берілді. Елбасы – Nur Otan партиясы Төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлының тікелей бастамасымен «Біргеміз!» қоры құрылып, ел-елде, жер-жерде, алыс ауылдар мен аудандарда осы қордың арқасында 550 мыңнан аса отбасы біржолғы қаржылай көмекке, өзге де әлеуметтік қажеттіліктерге қол жеткізді. Мәселен, сол кезеңдерде карантин жағдайына қарамастан, Алматы облысындағы бірнеше аудандарға аяқтай барып, елдегі кәсіпкер жігіттермен бірге жан толқытар жағдайларға өзіміз куә болып, бел ортасында жүрдік.

Іргеден шыққан аты өшкір індет көп жайтқа көзқарасымызды өзгертті. Пандемия жаңа пайымдар мен байламдар, қоғамға, жанұяға, қоршаған ортаға, болашаққа, жалпы дүниеге деген жаңа түсініктерді қалыптады. Үрей үйге қуып кіргізді. Төрт қабырғаның ортасына қамалғанда, сәттер жадымыздан өше қойған жоқ. Екі бүктеліп екі дүниенің ортасында жатқанда қу дүние адамға жолдас, жанына жалау болмайтынын сезіндірді. Қайырым мен мейірімнің, ақ пен қараның құнын таразының басына қайта қойдық. Әлеуметтік желілердегі түрлі алып-қашпа әңгімелер, саяси екпін беріп адастыру, кеселді жағдайды келемеждеу алғашқы кезде біздің халықтық өремізді, қарапайым тұрмыс-салт мәдениетімізді көрсетті. Сосын... сосын «байтал түгіл бас қайғы» басталды да кетті кенеттен. Түрлі салада осы қазақ қоғамының қалыптасуына айрықша үлес қосқан қаншама елге мәлім тұлғаларымыздан айырылдық... Тіпті газеттің беті мен әлеуметтік желіде қайғылы хабарлардан көз сүрінді, көңіл жабырқады (баршасының рухы шат болсын). «Жығылғанға жұдырық» дегендей, арнасын бұзып шығып, Қазақстан аумағына лап қойған, жолындағының бәрін қопарып, қиратқан «Сардоба» су қоймасы да аз сынақ болған жоқ. Үкімет қабылдаған шешімдерден бөлек, сол кезеңде де күллі Қазақстан жұртшылығы ағылып-төгіліп, шашылып-сөгіліп, жанын жалдап жүріп оңтүстіктегі ағайындарға болысты. Ниеттес болды. Басы ауырып, балтыры сыздап, басына қандай бір іс түссе жер түбінен жететін, бабадан балаға мирас болып келе жатқан елдік қасиеттен Құдай айырмасын! Қатарымыз сиремесін! Жердің шеті жаудан, елдің іші даудан аман болсын! Елдің көшін бастаған тұлғаларға Құдай күш-қуат, сабыр, қанағат берсін! Әлі де есімізді – екеу, түсімізді төртеу етіп тұрған осы сын сағаттарда алақан жайып Алладан сұрайтын Наурыз-тілек осы!

# БҰҚАРАЛЫҚ ШАРАЛАР ӨТПЕЙДІ

**Эпидемиологиялық жағдайға сәйкес Нұр-Сұлтан «қызыл аймаққа» енгендіктен, коронавирустың таралу қаупі әлі де жоғары. Осыған байланысты Наурыз мерекесінде болатын дәстүрлі бұқаралық іс-шаралар өтпейді.**

Аурудың қаупі әлі де жоғары, бұған эпидемиологиялық жағдай бойынша елорданың 10 наурыздан бастап «қызыл аймаққа» енгені дәлел. Мұндай жағдайда бұқаралық іс-шаралар, концерттер мен қойылымдар қоюдың соңы қала тұрғындарының өміріне қауіп тудырады.

Дегенмен мерекелік көңіл күй орнату үшін ашық ауада қоғамдық кеңістіктер ұйымдастырылады, яғни қалаға түрлі түсті фотоаймақтар мен декорациялар орнатылады. Халқымыздың ежелден келе жатқан киіз үйі, жайлауды еске түсіретін жасыл кілемдері мерекенің көркін арттырмақ. Бұл жұмысқа бюджеттен қаражат бөлінбейді. Мереке күндері полиция мен әкімдік қызметкерлері тәулік бойы кезекшілік жүргізетін болады. Олар жұрт көп жиналмас үшін қаладағы жағдайды қадағалайтын болады.

Естеріңізге сала кетейік, биыл елордада Наурыз мейрамын тойлау – «игі істер» марафонының аясында көптеген қайырымдылық акциялары өтеді. Қала тұрғындары мұқтаж жандарға барынша көмек көрсетуге шақырылады: азық-түлік тарату, жалғыз тұратын зейнеткерлердің аулаларының қарын күреу, дәрі-дәрмек алып беру. Бұл жағдайда санитарлық нормаларды қатаң сақтау қажет.

Сонымен қатар, демалыс күндері уақытты қызықты өткізу үшін қаланың мәдени мекемелері теледидар мен әлеуметтік желілер арқылы тікелей эфирде көптеген онлайн іс-шаралар дайындап отыр. Олардың арасында концерттер, көрмелер, театрландырылған қойылымдар, тарихи-танымдық дәрістер мен конференциялар бар.

# «САМҒАУ» КЛУБЫ АШЫЛДЫ

**«Астана жастары» мемлекеттік мекемесі мен Нұр-Сұлтан қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы бірлесіп, ерекше қажеттіліктері бар балаларға, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және әлеуметтік осал отбасылардан шыққан балаларға арналған «Самғау» аула клубын ашты.**

Аталған іс-шара ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және Наурыз мейрамына орай ұйымдастырылды. Клубта тоғызқұмалақ, каратэ, қазақша күрес, дзюдо және шахмат секілді спорт секциялары бар. Салтанатты жиынға Байқоңыр ауданының әкімі Нұрбол Нұрсағатов, Нұр-Сұлтан қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы басшысы Қайрат Қамбаров және елорданың қоғам қайраткері Тәукен Кеңесбекұлы қатысты.

# ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ НЫШАНЫ



Роза МҰҚАНОВА, жазушы, драматург, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері:

*– Наурыз айы келіп, күн ұзара бастады, көңілге қуаныш орнады. Жақсылықтың нышаны күн астынан сығалап, сүйіншілетіп қуантып тұрған сыңайлы. Қыста қымталып үйренген біздер жадырап келетін жаздан дәметіп, қанатымызды кеңге жазуға құмартып отырған жайымыз бар.*

*Өткен жыл елге оңай болмады. Әлемді жайлаған қатерлі вирус бәрімізді есеңгіретті. Өмір сүру дағдымыз, қалыптасқан дәстүріміз шектелді, әлі де өзгерістерді бастан кешіріп жатырмыз. Дегенмен алғашқыдай емес, халық та сабырға түскендей. Мемлекет басшысы ең қауіпті кезеңде, сын сәттерде елін аман-есен қыл-көпірден өткізіп алды, шүкір! Береке-бірлігіміздің арқасында қиын сәттерді жеңе алатынымызды көзбен көрдік.*

*Адам табиғатында күрескер ғой. Жақсылықты, ізгілікті ту еткен жаратылыс иесі қиындықтармен күресе жүріп жетіле береді. Еркіндікті шектеусіз деп ұққан адам әулеті бұрын-соңды мұндай сынның бұғауына түспеген болар. Адамзатқа қауіп пен қатер ортақ болған дәуірде өмір сүріп жатырмыз. Ел амандығын тілейміз.*

*Арқаға сабырмен аяңдап жеткен наурыз айы құтты болсын! «Жақсылықты беретін Алла, жамандық адамның өзінен, өз пейілінен» деген ұғым бар. Алла берген жақсылықты аялай білмесек, қадірін түсінбесек өз кінәміз. Бірақ қазіргі қоғамда өзінде мін жоқ, өзгеде мін көп. Өзгені кінәлау, күстәналау басымырақ сияқты.*

*Былтыр хакім Абайдың жылы болды. Рухани іс-шаралар іске асырылды. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Абай өлеңдерінің челленджін қабыл алуы халықтық, халықаралық деңгейге жетті. Күллі әлем ұлы ақынның өлеңдерін жатқа оқыды. Жаңа дәстүр, жаңа көзқарас қалыптасты. Рух оянды, сана өзгерді.*

*Бұл жыл мен үшін жақсылығымен, қуанышымен есімде қалды. Қазақстан Республикасының Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы мемлекеттік сыйлығы бұйырды. Бәйгеге түсіп жатқан кезде шашбауымды көтеріп, алғаш қолдау білдірген «Астана ақшамы» газетіне алғыс айтамын.*

*Алда жоспарлар көп. Жақын күндерде Қалибек Қуанышбаев театрында Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тікелей басшылығымен салғызған жаңа театр ғимаратында «Бопай ханым» спектаклімен көрермен қауым қауышып қалар. Театр басшылары режиссер Жұлдызбек Жұманбайды арнайы шақырды. Бұл үлкен жобаның ойдағыдай іске асуына театр директоры Ернар Жұматаев, театрдың көркемдік жетекшісі, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Қуандық Қыстықбаев және актерлік құрам мұрындық болып отыр. Ұсыныстар көп, мүмкіндік бар, жауапкершілік зор.*



uaisova.a@mail.ru

Айгүл УАЙСОВА

# НАУРЫЗНАМА

**Наурыз – өте көнеден келе жатқан атаулы күн. Бүгінге дейін Жер шарындағы көптеген халықтардың дәстүрлі мейрамына айналып отырған бұл мерекенің қашаннан бері тойланып келе жатқанын басып айту қиын. Бұл күн – аспан денелері өздерінің ең бастапқы нүктелеріне келіп, күн мен түн теңелетін, жан-жануарлар төлдеп, адамдардың аузы аққа тиетін, жер үстіне күннің нұры төгілген күн. Қазақ елі осы күнді «Ұлыстың ұлы күні – Ұлыс күн» деп атаған.**

Григориан календары бойынша ескіше 9 наурыз, жаңаша 21-інен 22-сіне қараған түн осы күнге сәйкес келеді. Наурыз сөзі иран тілінің «нау» – жаңа, «рұз» – күн деген сөздерінен қалыптасып, жаңа жылдың бірінші күнін білдірген. Ал қазақ тілінде «наурыз» сөзі, біріншіден, жыл басында тойланатын думанды мереке, екіншіден, жылдың үшінші айы, сонымен қатар ұлыс күні жасалатын көжеге қатысты айтылады.

Шығыс халықтарының Наурызды қалай тойлайтындығы жайындағы көне деректер бізге Әбу Райхан Бируни, Ибн Балхи, Омар Хайям еңбектері арқылы жетіп отыр. Мерекенің шығу тарихымен байланыстыратын парсы тілдес халықтар бұл күндері әр жерге үлкен от жағып, отқа май құяды, жаңа өнген жеті дәнге қарап, келешек егіннің шығымын болжайды. Ал ежелгі түркілер болса ұлыс күндері жаңа киімдерін киіп, сақал-мұрттарын бастырып, шаштарын алады, алты күн садақ тартып машықтанған соң, жетінші күні алтын теңге – жамбы атып жарысады. Егер кімде-кім бірінші болып жамбыны атып түсірсе, сол адам бір күн елге патша болып, билеуге ерік беріледі. Наурыз жырында: «Құл құтылар құрықтан, Күң құтылар сырықтан» деп жырлағандай, осы күні ертедегі гректердің патшасы да алтын тағынан түсіп, қол астындағы өзіне ұнаған құлына бір күн ел басқартқызған. Наурыз күні ертедегі Иран патшасы қол астындағы адамдардың біріне патша шапанын сыйға тартады екен деген де деректер бар.

Қазақтар Ұлыс күнді «жыл басы» санайды. Тілімізде Наурызға қатысты «жер бетіне жақсылық ұялаған күн», «ұлыстың ұлы күні – ұлыс күн», «ұзақ ұшып келген күн», «көк құт көзін (өсімдік) ашқан күн», «жылдың жерге түскен күні», «Жер-ананың тоң кеудесі жібіп, тас емшегі иіген күн», «Самарқанның көк тасы еріген күн» тәрізді бейнелі сөз оралымдары сақталған.



## ИРАННАН БАСТАУ АЛҒАН МЕРЕКЕ

Иран жеріндегі ертеден келе жатқан мереке болса да, ислам нұры жанғаннан кейін жаңа күн – Наурызды Құран оқумен қарсы алу дәстүрге бекіген. Мереке Иран күнтізбесінің бірінші айы фарвардиннен бастап 13 күн тойланады.

Ал он үшінші күн Сизда Бедар «Он үшіншісі үйден тыс» ретінде атап өтіледі. Дәстүр бойынша ирандық әйелдер мейрам қарсаңында «өткен жылдың барлық жамандығы кетсін» деп оттан секіретін болған. Ерлер болса қызыл түсті киім киіп, беттерін қара күйе немесе қара бояумен бояп, қала көшелерінде серуендейді.

Ескі жылдың соңында болатын «ханетакани» деп аталатын рәсім бойынша үй ішінің шаңын қағып, тазалап қана қоймай, ауыл-аймақ, көшені сыпырып, айналасын мерекеге дайындайды. Жаңа киім-кешек алып жасанып киініп, азық-түлікті мол қылып сатып алып, жоқ-жітіктермен бөліседі. Қалыптасқан дәстүрдің бірі «Хафт-Син» (жеті «Син») деп аталады. Яғни шеті «с» әрпінен басталатын жеті дәмді дастарқанға қояды. Жаңа жылдың алғашқы күні жасы кіші үлкенге сәлем беріп, бір-біріне қонақжайлылық көрсетеді.



## ТҮРКИЯНЫҢ СҰЛТАН-Ы НАУРЫЗЫ

Түркияда «Сұлтан-ы Невруз», «Невруз Сұлтан» деген атпен наурыз мерекесін айрықша атап өтеді. Бұл елде наурыз мейрамы кезінде ортаға от жағып соны айнала билесе, қазір бұл әдеттің орнын отшашулар басып барады. Наурызды «жақсылықтың бастау көзі» деп білетін түріктер осы күні жақсы амалдар жасауға, жақсы көрген заттарын сатып алуға тырысады.

Наурыз күні таңертең ерте тұрып, жаңа киімдерін киеді. Зират басына барады. Әйелдер түрлі түсті тағамдар пісіреді. Туыс-туғандар бір дастарқан басына жиылып, ас ішеді. Ән айтып, би билеп көңіл көтереді. Ағашқа әткеншектер құрылып, балалар алтыбақан тебеді, «байрақ» жазуы бар батпырауықтар ұшырады. Сонымен қатар бұл мерекеде туыс-туған, ілік-шатыстар мен көршілер бір-бірінің үйіне барып, дәм татады. Әулеттің үлкендеріне барып бата алатын дәстүр де бар.

Салт-дәстүр бойынша Наурыздың алғашқы күні не көрсе немесе байқаса, адам жыл бойы сонымен бірге болады деп жорамалдаған. Бұл тек адамдарға ғана емес, қарапайым тұрмыстық заттар мен тағамдарға да байланысты. Сол себепті мейрамда Түркияда алдын ала дайындалып, өзіне заттар сатып алып және жақсы амалдар жасауға тырысады.

## ӘЗЕРИЛЕРДІҢ ӘЗ МЕРЕКЕСІ

Әзербайжандар ежелгі дәстүр бойынша наурыз айы басталысымен әр аптаның екінші күні табиғаттың төрт құбылысы – су, от, жерге арнап арнайы алау жағады. Соңғы, төртінші алау «ақырғы сейсенбі» деп аталады. Мерекені «Ақбоз атына мініп, Қыдыр пайғамбар келіп, күн мен түнді теңестірді» деген төрт шумақ өлеңмен балалар бастады. Бұл Наурыз жаңа күннің келгенін білдіреді. Қонақтарға Наурыздың басты рәсімі – жеті түрлі ас қойылған дастарқан жайылды. Бұл күні қонақтар ақжарылқап тілегін айтып жатады. Келген қонақ үй иелерінің сөздеріне құлақ қояды, бірінші естіген сөзін жақсылыққа ырымдайды. Сол себепті бұл кеште тек жақсы тілек, жылы лебіз айтылады.

Ойын-күлкісіз мерекенің сәні кіре ме?! Наурызда піскен жұмыртқаны соғыстырып ойнайды. Кімдікі бұрын жарылса, жеңілгені. «Тонгал» деп аталатын отты жеті рет немесе жеті отты бір реттен секіру дәстүрге айналған. Көңілді кеште әр үйде шырақ жағылып, оттың ырымы жасалады. Әзерилер күн бұрын ыдысқа салып өндірген бидайдың жасыл желкеніне қарап, келген жылдың қаншалықты берекелі болатынын болжайды. Онысын қызыл лентамен көмкеріп байлап, дастарқанға қояды.



## ТОЛЫ ҚАЗАН – МОЛ РИЗЫҚ БЕЛГІСІ

Өзбекстанда аналар қыздары мен келіндерін жанына алып түрлі жеміс пен көкөніс тағамдарын жасап, мереке дастарқанын бірге жаяды. Алдымен қазанды толтырып тамақ пісіреді. Мұны «қазан толды» дейді, онысы «ризығымыз толы болсын» деген ниетке саяды.

Сондықтан да мерекенің басты асы – сүмәләк. Оның шығу тарихы туралы бірнеше аңыз бар. Оның бірінде жеті баласымен әйел жесір қалыпты. Сәбилерінің жейтін тамағы болмай, аштықтан жылапты. Сонда анасы қапты қақса, түбінде қалған бір уыс бидай өніп кеткен екен. Оны дереу қазанға салып қайнатады. Балалары тамақ сұрап қыңқылдай бастаса «Тас жинап әкеліп, міне, ет салдым, шыдаңдар, ет піссін» деп алдарқатыпты. Ақырында балалар талықсып, ұйқыға кетеді. Анасы да қазандағы быламықты былғаған күйінде ошақтың жанында мызғиды. Ертеңісіне қараса, қазан тағамға толыпты. Жегеннен артылғанын көршілеріне таратып, аштықтан құтылған екен. Сол себепті сүмәләкті көршілеріне, жақын-жуығына тарату әлі күнге дейін бар. Және тәулік бойына ұзақ пісірілетін тағамды көпшілік жиналып жасайды. Бір қызығы, оны тек әйелдер жасайды. Өзбек ағайындардың ер-азаматтары қазанға қаншалықты жақын келсе де, бұл тағамды жасау тек әйел затына бұйырылған. Әйел араласпайтын тек азаматтардың да арнайы пісіретін тағамы бар. Оны «халим» деп атайды. Оның пісіру әдісі ұқсас. Айырмашылығы дәмге бүтін қойдың еті салынып, әбден езіліп пісkенше қайнатылады.

## ӘЛИДІҢ АҚ ТУЫ ЖЕЛБІРЕГЕН КҮН

Ауғанстанда Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы 21 наурызда тойланады. Осы күні ауған халқы өздеріне тән мерекелік жөн-жоралғыларын жасайды. Жеті түрлі дәммен дастарқанын толтырады. Наурыз қарсаңында жүзім, өрік, жаңғақ, миндаль, фисташка, зығыр салып ас әзірлейді. «Райхан гүл алқасы» – Әзіреті Әлидің құрметіне арналған мерекенің бір жоралғысы. Бұл кез – райхан бүр жарып, гүлге оранған кез. Одан алқа жасап мыңдаған адамдар қасиетті жер деп саналатын Мазари Шарифке жиналады. Сол жерде Әлидің ақ туын көтереді. Бұл ту 40 күнге дейін тұғырынан алынбайды.

Айта кететіні, 20 наурыз түнгі сағат 1-ден 21 наурыз күндізгі 12-ге дейін ешкім көшеге шықпауы тиіс. Егер кімде-кім осы кезде тысқа шықса, жаңа жылда отбасының бір адамы ажал құшады деп ырымдайды екен.

## ҰЛ ТУСА, АТЫН «НООРУЗ» ҚОЯДЫ

Қырғыз ағайындар жылдың алғашқы күнін ерекше сәнмен айрықша тойланады. Мерекелік дастарқан жайылып, елдің ырысы дастарқанға салынады. Май, қант және бидай ұнынан жасалған дәстүрлі ұлттық тағам – сумелек (сүмөлөк) және көже дайындалады. Халық арасындағы сенімге байланысты «су» және «мелек» (перiште) сөздерінен құралған. Және бұл тағам жәннәт тағамы, қасиетті екендігі айтылады. Қарызынан құтылып, адамдар бір-бірімен татуласады. Кейбір жергілікті сенім бойынша мейрам күні нәресте дүниеге келсе, есімін «Нооруз» деп қояды.



## ҚОЙДЫҢ БАСЫНАН ЖАСАЛҒАН «БАДЖ»

Тәжіктердің ұлы мейрамы «Хейдир Айам» деп аталады. Тәжікстанда Наурыз мейрамы тәжік күнтізбесі бойынша хамал айының бірінші күнінен басталады, еуропалық күнтізбе бойынша 21-22 наурызға сәйкес келеді. Жаңа жылға дайындық Novruz басталардан бірнеше апта бұрын басталады. «Голгардани Новрузи» рәсімі – бұл балалардың үй-үйді аралап, көктемнің алғашқы гүлдерін сыйлайтын дәстүрі. Олар өлең оқып, үй иелерін келген жылмен құттықтайды. Балалардың ыстық лебізіне үй иелері сияпат жасайды. Аздап бидай сияқты дәнді дақылдар мен тәттілерді қосып береді. Содан кейін балалар жиналған бидайды достарының біреуінің үйіне апарады, ал баланың анасы одан жаңа жылдық тамақ дайындайды.

Әдетте әйелдер үй ішін тазалап болғаннан кейін таудан алып келген қызыл шыбықтан буып екі сыпырғышты есіктің алдына қояды. Бұл молшылық, мейірімді білдіреді. «Хафт-Син», яғни жеті «С» әрпінен басталатын дәмді дастарқанға қою бұл елде де бар. Наурыздың тағы бір дәмді асы – «Бадж». Оған қойдың басы мен сирағына бидай қосып асылады. Осы күні адамдар арқанның үстімен жүріп, әтештердің айқасын тамашалап мереке қыза түседі. Мерекеде «Наврузотан пируз бод!» немесе «Навруз муборак бод!» деп сәлемдесу қажет.

> 21 наурыз 2009 жылы 30 қыркүйекте ЮНЕСКО-ның адамзат баласының материалдық емес мәдени құндылықтары қатарына енгізілді. 2010 жылы 19 ақпанда БҰҰ Бас ассамблеясының 64-сессиясында «21 наурыз – Халықаралық Наурыз күні» резолюциясы қабылданды. БҰҰ Бас ассамблеясының қарарына сәйкес, «21 наурыз халықаралық күн» деп танылып, Наурызға байланысты дәстүр мен мәдениетті дамыту мен сақтау бойынша мүше-мемлекеттердің әрекетін қолдайтыны айтылды. Ежелгі мейрам туралы ақпараттарды кеңінен тарату үшін БҰҰ-ға мүше елдерге атсалысуға үндеу тастадды



## АЛДЫМЕН АТ ЖАРЫС

Түрікмендерде көктем мейрамы Наурызға байланысты қазіргі таңда халыққа танымал кейбір ырымдар бар. Мәселен, «Егер наурызда күн бұлтты болса, онда осындай ауа райы маусым айына дейін созылады» деп күткен немесе «Наурызда қар немесе жаңбыр жауса, жыл егінге қолайлы әрі өнімді болады» топшылаған. Наурыз мерекесінде алғашқы жаңа маусым басталады. Яғни сол мерзімде шопандар қасқырларға шабуыл жасайтын алабайлар шайқасын ұйымдастырады.

Түрікмендердің жыл басын Наурыз көже, Наурыз жарма жасаумен бастайды. Ат құлағындай ойнаған жігіттер «Монджог атди» жарысын өткізеді.

№32-33 (4157) 20/03/2021 Сенбі

ray77781@mail.ru
Райхан РАХМЕТОВА

# 1997

**Тәуелсіздік тарихында алар орны ерекше болған бұл жылдың ел тағдырын түбегейлі өзгерткен жаңалықтары көп. Соның ең бастысы, 10 желтоқсанда Қазақстанның астанасы Алматыдан Ақмола қаласына көшірілгендігі болды.**




## АЛҒАШҚЫ ЖОЛДАУ ЖӘНЕ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

10 қазанда ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған ең алғашқы Жолдауын жариялады. 2030 жылға дейінгі Қазақстанның даму Стратегиясы мен оны жүзеге асырудың бірінші кезектегі шаралары осы Жолдауда айтылды. Жыл сайынғы Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы осылайша дәстүрге айналды. «Қазақстан-2030» стратегиясы – шын мәнісінде тарихи оқиға, тарихи меже болып қалыптасты. Бұл өз кезегінде келешекке көз жүгірту ғана емес, елдің діттеген мақсат-мұраттарын орындауға деген үлкен құлшыныс болатын. Стратегия жарияланған жылдан бастап Елбасы жыл сайынғы халыққа Жолдауында алғашқы бекіген міндет пен алға қойған нақтылы мақсаттарды кезең-кезеңімен іске асырудың тетіктерін бір-бірімен ұштастыра ұсынып отырды.

## РӘМІЗДЕР ЖЕТКІЗІЛДІ

Сол жылы 8 қарашада Ақмолаға Қазақстанның мемлекеттік рәміздері мен Президент байрағы салтанатты жағдайда жеткізілді. Осы күні таңертең Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Алматыда Парламент депутаттары, Үкімет мүшелері мен зиялы қауым өкілдерінің алдында сөз сөйлеп, еліміздің мемлекеттік рәміздері мен Президент байрағын жаңа астанаға аттандыруға бұйрық берді. Түстен кейін Елбасы мінген ұшақты ақмолалықтар қошеметпен қарсы алды. Мемлекет басшысының арнайы тапсырмасы бойынша жаңа астанаға жеткізілген мемлекеттік рәміздер мен Президент туын табыс етуге арналған салтанатты шара басталып, оны облыс әкімі Жәнібек Кәрібжанов кіріспе сөзбен ашты. Ал Елбасы өз сөзінде: «Астана мәртебесіне ие болған қасиетті Ақмоланың жұлдызды сағаты соқты» дей келе, сөзін одан әрі: «Ақмола – өз тарихында маңызы орасан зор талай қоғамдық оқиғалардың куәсі болған қала. Ендігі жерде ол тәуелсіздікті нығайтудың, мемлекеттікті орнықтырудың, әлеуметтік-экономикалық және саяси жаңғырулардың кіндігіне айналмақ» деп жалғады («Ақмола ақиқаты», 14 қараша, 1997 ж.).





## ЖАҢА АСТАНА ЖАЙЛЫ ЖАРЛЫҚ

20 қазанда Елбасының «Ақмола қаласын ҚР астанасы деп жариялау туралы» № 3700 Жарлығына сәйкес, Ақмола қаласы ресми түрде 1997 жылдың 10 желтоқсанынан астана болып саналды. Ел астанасын Алматыдан Арқа төсіндегі Ақмолаға көшіру туралы қаулы қабылданып, 10 желтоқсанда сол қаулы жүзеге асырылды. Осыған орай жаңа астананың орталық алаңында салтанатты шара өтті. Сол сәттен бастап елорда жүрегі Сарыарқа төрінде соға бастады. («Ақмола ақиқаты», 1997 жыл, 24 қазан, №42-43). Бұл қазақ халқының келешек қарқынды дамуға қарай қанатын қомдаған жылдардың бірі еді. «Менің ойымша, бізді қате шешім қабылдады деп жас ұрпақтың кінәлауына ешқандай негіз жоқ. Алматы бұрынғысынша еліміздің ең ірі қаласы болып қалды. Ал күшті екі орталықтың болуы республиканың экономикалық қуатын тек арттыра түседі» дейді Нұрсұлтан Әбішұлы «Қазақстан жолы» атты естелік кітабында.

## БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ БІРІНШІ КЕЛДІ

Жаңа астанаға біртіндеп мемлекеттік басқару органдары көшіп келе бастады. Газеттің 4 шілдедегі санында: «Жаңа астана - Ақмолаға бет түзеген министрліктердің қатары уақыт өткен сайын толығу үстінде. Жаңа қонысқа аттың басын алғашқы болып бұрған Агроөнеркәсіп министрлігі мен Көлік және коммуникация министрлігі ел игілігі жолында жұмыс жасауда» деп жазылды. Сол көштің артынан алғашқылардың бірі болып Баспасөз және бұқаралық ақпарат жөніндегі ұлттық агенттігі де елордаға қоныс аударды. («Ақмола ақиқаты», 6 маусым, 1997 ж.). Ұлттық қауіпсіздік комитеті де жаңа ғимаратқа кіріп, қаржы министрлігі 5 қазанда, Ішкі істер министрлігі 7 қазанда, Мемлекеттік тергеу комитеті мен Жоғарғы сот қазанның 10-ында жаңа ғимаратқа қоныстанды. («Ақмола ақиқаты», 15 қыркүйек, 1997 ж.). Жаңа астанадан «Хабар» агенттігінің орталық бюросы өз қызметіне кірісті. Соған орай агенттіктің бас директоры Дариға Назарбаева мен агенттік журналистерін Ақмола облысының әкімі Ж.Кәрібжанов пен қала басшысы А.Бөлекпаев қабылдады. («Ақмола ақиқаты», 24 қазан, 1997 ж.). ҚР Парламент мүшелерін де елордалықтар қуанышпен қарсы алды. Біртіндеп ақпарат айдынының арнасы кеңейіп, «Қазақстан» ұлттық арнасының «Ақшам» ақпараттық хабары жаңа елордадан эфирге шыға бастады. 3 желтоқсанда Премьер-министрдің кеңсесі Ақмолаға көшті. («Ақмола ақиқаты», 21 қараша, 1997 ж.).

### 1997

**9-11 қаңтар** - Бішкекте Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан басшылары үш елдің Мемлекетаралық Кеңесі шеңберінде кездесіп, осы елдер арасындағы Мәңгілік достық туралы келісімшартқа қол қойды.

**28 ақпан** - Алматыда Арал теңізі мәселелеріне арналған Орталық Азия мемлекет басшыларының саммиті өтті.

**11 шілдеде** «ҚР тіл туралы» Заңы қабылданды.

**4 тамыз** - Қазақстан – Қытай шекарасында Достық стансасы маңындағы бірінші шекара белгісі ресми түрде ашылды.

**24-26 қыркүйек** - ҚР мен ҚХР арасындағы Қазақстан – Қытай мемлекеттік шекара туралы қосымша келісімге, мұнай және газ саласындағы келісімге, Кен орындарын игеру және мұнай құбырлары жобалары туралы Бас келісімге қол қойылды.

**27 қыркүйекте** Мұхтар Әуезовтің туғанына 100 жыл толды.





## КӨШЕ АТАУЛАРЫ ҚАЗАҚШАЛАНДЫ

Қараша айында өткен Ақмола қалалық мәслихатының кезектен тыс 27 сессиясының шешімімен қаладағы жекелеген көшелер мен шағын аудандардың атаулары өзгертілді. Қазақ ақыны Қадыр Мырзалиевтің «Өзгелердің хандары жақсы болып, біздің хандар неліктен жаман болған?!» деген өлең жолдарымен басталған «Астананың жаңа көшелері» атты мақалада сол кездегі ең үлкен даңғыл - Ленин көшесі қазақтың ұлы ақыны Абайдың есіміне өзгертілгені жазылды. Сонымен қатар бұрынғы К.Маркс көшесі Кенесары ханның атын иеленсе, Комсомол көшесіне Желтоқсан атауы берілді. Сол сияқты Делегатская көшесі Сарыарқа деп аталып, Октябрь көшесі М.Әуезов есімімен аталды. Авдеевті Ш.Уәлиханов ығыстырды. Орджоникидзе көшесінің атауы Отырар болып өзгерді. Смакотин – Жәнібек Тарханға, Сакко и Ванцетти – Ә.Бөкейханға, Социалистік – Мұхаммед-Хайдар Дулатиге айналды.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫС АЛАҢЫНА АЙНАЛДЫ

Қалада 1997 жылдың бірінші жартыжылдығында 10 мың шаршы метрге дейін тұрғын үй құрылысы жүргізілді. Жыл басынан бері қаланы дамытуға 12,4 млрд теңге жұмсалса, соның 41 пайызы тұрғын үй құрылысына бағытталған. «Ақмола ақиқаты» газетінің 1997 жылғы 24 қаңтардағы санында жарық көрген «Астана ажарлана түсті» атты мақалада: «Өткен жылдың жазынан бастап жаңадан салынып жатқан Президент ақордасы мен Парламент үйінің құрылыстары бүгінде іргетасы қаланып, бойын түзеп тұр. Құдай қаласа, олар осы жылы 10 қазанда пайдалануға беріледі деп күтілуде» делінген. Сол сияқты бұл жылы «Астана» қонақ үйі мен ҚР Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі ғимараты да салынды. «Басты назарда астана құрылысы» атты мақалада сол жылы күзде мемлекеттік құрылымдарда қызмет ететіндердің 1600 отбасы Ақмолаға қоныс аударатыны айтылған. Құрылыс жұмыстарын «Целинтрансстрой», «Ақмоластройинвест» және басқа да ұйымдар жүргізген еді («Ақмола ақиқаты», 7 ақпан, 1997 жыл, №6).

8 тамыз Құрылысшылар күніне арналған тілегінде Ақмола қаласының әкімі А.Бөлекбаев шаһардағы құрылыстарды жүргізуге 10 ірі трест, 18 құрылыс және монтаждау кәсіпорыны, 11 басқа қалалардан келген құрылыс мекемесі, 6 шетелдік фирма тартылғанын айтты. Осы ұжымдардың күшімен 1997 жылдың алғашқы жартысында 1700 пәтер, 50 коттедж және Президенттің әкімшілік істері жөніндегі басқармасы, Үкімет және басқа да орталық министрліктер мен ведомстволардың ғимараттары пайдалануға берілген. Тамыздағы теміржолшылар мерекесі қарсаңында Жеңіс көшесіндегі тұрғын үйден Көлік және коммуникация министрлігінің 40 қызметкері пәтерге ие болып, қоныс тойын тойлады.

## ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛҒАН ЖЫЛ

Қазақстанда Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен 1997 жыл «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» болып белгіленді. Осыған байланысты 31 мамырда Ақмола қаласында үлкен саяси шара өткізілді. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күнін өткізу жөніндегі облыстық және қалалық комиссия құрылды. Сол күні облыстық Балалар және жасөспірімдер шығармашылығы сарайында өткен митинг-реквиемге ұлттық орталықтар өкілдері мен саяси қуғын-сүргін зардабын шеккендер қатысты. Республика халқы саяси қуғын-сүргін құрбандарын бір минут үнсіздікпен еске алды. Тәуелсіздік жылдарында 146,5 мың күнәсіз жала жабылған отандасымыздың аттары жазылған 14 «Аза кітабы» жарыққа шықты. Заңнамаға сәйкес, 340 мыңнан астам заңсыз қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтар ақталды. Тоталитаризм құрбандары жерленген жерлерде ондаған ескерткіш белгілер орнатуға байланысты Үкімет басшысының өкімімен Ақмола АЭА Әкімшілік кеңесінің төрағасы А.Бөлекбаев қалада тоталитаризмнің құрбандарына арнап ескерткіш салуға бас тапсырыс беруші етіп «Ақмола неджививмость» күрделі құрылыс басқармасын бекітті. Төраға ескерткішті 1997 жылдың 24 қазанына дейін салып болуды тапсырды. Ескерткіш Қорғалжын тас жолының бойында, Есіл өзені жағалауында бой көтеріп, биіктігі 37 метр болатыны айтылды. «Бүгінде Ақмола төңірегінде саяси қуғын-сүргін және тоталитарлық тәртіптің құрығына іліккен 6200 азамат тұрады. Ал сталиндік және бериялық ГУЛАГА режиміне тікелей іліккен 63 адам қалада тіркелген» делінген «Ақмола ақиқаты» газетінің 6 маусымдағы санында жарияланған мақалалардың бірінде.



№32-33 (4157) 20/03/2021 Сенбі

# НАУҚАНШЫЛДЫҚҚА АЙНАЛМАСА ИГІ



karkynkktem@gmail.com

Көктем ҚАРҚЫН

**Сан ғасырлар бойы қазақпен бірге жасасып келе жатқан Ұлыстың ұлы мейрамы Наурыз мерекесінің қадір-қасиеті халқымыз үшін ерекше. Қайбір жылдары тойлауға тыйым салып, көз жазып қалсақ та көшпенді жұрт әз-Наурызын жоғалтпады. Бүгінде ежелгі дәстүр жалғасын тауып, көктем шыға ұлан-ғайыр қазақ даласы мерекеге дайындала бастайды. Иә, Наурыздың өзіне ғана тән мерекелік көңіл-күйі бар. Дегенмен, соңғы кезде наурызымыз науқаншылдық сипатқа айналып кеткен сияқты.**

### ЖЫЛ САЙЫН БІР СЦЕНАРИЙ

Науқаншылдықтың басы мектептен басталады. Егемендік алып атаулы мерекені жаңа сипатта тойлап келе жатқанымызға отыз жыл толса да, еліміздің барлық мектептерінде бір сценарий қайталанып жүр. Ең әуелі әр сынып қазақтың салт-дәстүрін көрсетіп байқауға қатысады, жыл сайын тек осы күні ғана ұлттық өнеріміз бен киіміміз көрініс табады. Кейбір ата-аналар кішкентай балаларының қойылымға қатысып, бесікке бала бөлегендеріне қарсы. Осындай жалпы елдік науқанға салынбай, наурыз мерекесін жаңа сипатта тойлауға, күнделікті ұлттық ұстанымымызға айналдыруға болмай ма?

Жақында жаңа заң қабылданды. Енді асық ату, тоғызқұмалақ, қазақша күрес мектеп бағдарламасына енгізілетін болды. Тоғызқұмалақ – әлемдік мәдениеттің озық үлгілері мен бой теңестіре алатын рухани ойын, қисындық ойлау өнері. Бұл өнердің басты қасиеті – адам санасын жетілдіруге, ақыл-ойын кемелдендіруге ерекше күш салады. Түркі халықтарының ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қарайтынына – осы ойынның өзі дәлел. Ал оның мектеп бағдарламасына кіруі – қуантарлық жағдай. Себебі Жапонияда «ГО» зияткерлік ойынын білу қызметке қабылдау мен көтерілудің бір шарты ретінде тіркелген. Ал Англия мен Бельгияда тоғызқұмалаққа ұқсас «Овари» ойыны сабақ ретінде оқытылады. Тіпті африкалықтар осы овариді төл математикамыз деп мақтан тұтады. Чехия мен Англияда жыл сайын зияткерлік ойындар олимпиадасын өткізеді. Қазіргі таңда Қытайдың жүзге жуық мектебінде қазақтың ұлттық Тоғызқұмалақ зияткерлік ойыны сабақ болып ендірілген. Этнограф, зерттеуші, жазушы Байахмет Жұмабайұлының айтуынша тоғыз құмалақ – өте терең астрономиялық және күнтізбелік ғылым сіңген мүмкіндігі шексіз ойын түрі. «Ойынды ойнау арқылы екі жақ табиғат заңдылығының білімімен жарысады. Былайша айтқанда, астрономиялық білім, болжам жарысы деп те айтуға болады. Жеті отаулы тақтаға бір жағына алпыс үш құмалақтан, жиыны – 126 құмалақ салып ойнағанда амалдар мен тоғаулар арқылы ауа райын болжауға болады» дейді этнограф.

### ҰЛТТЫҚ КИІМ НЕГЕ ҚОЛЖЕТІМДІ ЕМЕС?

Бүгін біз тек наурызда ғана сандықтың түбінен оюлы бешпент іздейтін, тек құда күткенде ғана шапан жабатын ұлтқа айналдық. Ал қырғыздар қалада жүрсе де, далада жүрсе де айыр қалпақтарын бастарынан тастамайды. Жапондар кимоноларын әлемге әйгілеп әлек болуда. Өзбегің де ала шапанын жамылып жүр. Түрікменстан Ғылым академиясы ғалым әйелдерді үстіне ұлттық нақыштағы көйлек, бастарына орамал тартып жүруге міндеттепті. Енді Моңғолияны қараңыз, олардың ұлттық арналарында жаңалық оқитын дикторлар міндетті түрде ұлттық киім киіп отырады екен, мектеп мұғалімдеріне де ұлттық нақыштағы киім кию міндеттелген, тіпті, мектепте үзілісте соғылатын қоңыраудың өзін олар моңғол ұлтының рухын көтеретін музыкамен алмастырыпты. Ал біз ше?

Бізде ұлттық нақышта тігілген заманауи, күнделікті өмірге ыңғайлы киімдер аз. Бола қалғанның өзінде де, олар сахналық киімге ұқсайды. Еліміздегі атағы жер жарған сән үйлері түрлі дизайындағы ұлттық атрибуттарға малынған киімдерді дайындамай жатыр дейсіз бе? Дайындап жатыр. Бірақ ол – әлемдік көрмелерге немесе керемет подиумдарға арналған киімдер. Ал қарапайым халыққа, қарапайым қазақы киім керек. Соңғы кезде базарларда Қырғызстан мен Қытайдан келген қалың шапан қаптап кетті. Той-томалақта сапасы тәуір, бағасы арзан осы шапандарға халықтың ықыласы ерекше. Ал біздің отандық өнім өндірушілердің айтуынша оларға базардың бағасында киім сату шығын, себебі елімізде шикізат жоқ. Ине мен жіптен бастап қажетті материалдың барлығы шеттен келеді. «Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында ұлттық қолөнер бұйымдарына мән беріле бастады. Соған орай ұлттық киімге деген сұраныс та артып келеді. Ұлттық киімнің қарапайым халыққа қолжетімді болмайтынының бірнеше себебі бар. Бірінші біз материалдың барлығын шетелден алдырамыз. Екіншіден, еңбек күшінің бағасы қымбат. Үшіншіден, тігін өндіріс саласында мамандар аз. Бәсекелестік болмағандықтан, өнімнің өзіндік құны төмендемей келеді. Бізде тігін цехтары ашылады да, бірнеше айда қайта жабылып қалады. Себебі тіккен киімдері өз шығынын ақтамайды. Мына тұрған қырғыздың шапандарын кем дегенде 8-9 мың теңге, ұзаса 10-15 мың теңгеге сатып ала аласыз. Ал бізде ең жақсы шапанның тігілуінің өзі 70-80 мың теңгеге барады. Оған сіз материалдарын қосыңыз. Сондықтан біз төмен бағада киім тігуге қауқарсызбыз. Бұрынғымен салыстырғанда қазір халықтың саусақпен санарлықтай бөлігі күнделікті өмірде ұлттық киім киюді әдетке айналдырып жүр. Өзге елдердегідей бұл үрдістің кең етек жаймауына үкімет тарапынан қолдаудың аздығы әсер етуде. Қырғызстан өздері материал шығара алмаса да әу бастан киім өндірісін жандандыру керек екенін түсініп, Қытайдың өндіріс фабрикасын өздерінде салғызды. Соның арқасында оларда материалдың құны да, өнімнің құны да арзан» дейді тігін саласында 20 жылдан астам уақыт еңбек етіп келе жатқан этнодизайнер Қазипа Мұхамедқали.



> Мына тұрған қырғыздың шапандарын кем дегенде 8-9 мың теңге, ұзаса 10-15 мың теңгеге сатып ала аласыз. Ал бізде ең жақсы шапанның тігілуінің өзі 70-80 мың теңгеге барады. Оған сіз материалдарын қосыңыз. Сондықтан біз төмен бағада киім тігуге қауқарсызбыз

Күнделікті өмірде қыз-келіншектерге арналған ұлттық киімнің сан алуан түрі кездессе де, ер-азаматтарға тек тақия мен шапаннан басқа киер киім жоқ. Этнодизайнер бұл мәселе сұраныстың жоқтығынан туындап отыр дейді. «Жігіттерге өмірде киюге жарайтын 1-2 түрлі костюм болса болды. Тігін өндірісінде ерлер киіміне деген сұраныс жоқ. Сондықтан біз сияқты өнім ұсынушылар бұл жаққа қарай нық қадам жасамайды. Ерлер киімінде тек шапан мен тақияға сұраныс болады. Дизайнерлер сол себепті әртістер мен асабаларға ғана ерлер киімінің сахналық үлгісін дайындап жүр. Күнделікті өмірде сұраныс болмағаннан соң ерлердің ұлттық киімінің түр-түрі тігілмей жатыр» дейді кәсіпкер.

### СИЫҚСЫЗ КӘДЕСЫЙЛАР АЗ ЕМЕС

Қазақта «Келгенше қонақ ұялады, келген соң үй иесі ұялады» деген мәтел бар. Елімізге келген кез келген турист Қазақстаннан естелік деп, ұлттық нақыштағы кәдесыйларды алып кетері даусыз. Ал бізде ұялмай көрсететіндей кәдесыйлар бар ма? Бар болса да сапалысының бағасы шарықтап тұр. Ал көшедегі кәдесыйлардың көбі көзбояушылықпен қалай болса солай жасалған. Бірде қаладағы сауда орталығының біріндегі ұлттық кәдесыйлар сататын дүкенге бардым. Барсам, әлгі дүкеннің сатушысы екі шетелдік азаматқа екі кішкентай қуыршақты көрсетіп, әлдене деп терлеп-тепшіп түсіндіріп жатыр екен. Қолындағылары – өзіміздің Қожанасырымыз бен атқа мінген батырымыз. Іштей шетелдіктердің көзі сығырайған, басындағы дулығасы кепеш сияқты тылтиып қалған батыр мен ертегіміздің кейіпкерінен гөрі көшедегі мекенжайы жоқ қаңғыбастарға көп ұқсайтын Қожанасырды сатып алып бара жатқандарын көріп қатты ұялдым. Одан кейін көзім сөредегі олпы-солпы жасалған, түрі қыздан көрі құбыжыққа ұқсайтын қуыршаққа түсті. Абай қазақ қызының бойындағы бар сұлулығын бір ауыз сөзге сыйғызып «Білектей арқасында өрген бұрым, Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын. Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты, Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін?» демей ме?! Ұлттық киім киген ұсқынсыз қызды алғанша, шетелдік барби қуыршақты алайын деп аты дардай ірі сауда орталығынан шығып кеттім.



Осы дүниелерді, осындай ұлттық кәдесыйларды кімдер шығарып жатыр екен десеңізші? Ұлттығымызды айқындайтын мұндай дүниелерді сұрықсыз, қорқынышты етіп көрсетіп, сайқымазақ қылып шығарып жатқан ондай шеберлерге, өндірушілерге тыйым жоқ па?

---

Нұржамал БАХИТОВА,
көпбалалы ана:

## БАЛАЛЫ ҮЙГЕ БАҚ ҚОНАДЫ

*– Төрт ұлдың анасымын. Болашақта Алла нәсіп етсе, алтын құрсақты ана атанғым келеді. Себебі балалы үйге бақыт қонады. Шаңырақта береке, бірлік болады. Үлкен ұлым Әлібек – 13 жаста, жүзуден екінші дәрежелі спорт шебері. Екінші ұлым Жәнібек – каратэдан Қазақстан чемпионы. Үшінші ұлым Исмаилдың жасы 7-де. Кенжем Мәди Наурыз мерекесінде 1 жасқа толады. Жұбайым Бақыт Арыстановпен отау құрғанымызға 14 жыл толып отыр. Жанұя болғалы кәсіппен айналысамыз. Қымыз өндіреміз, бүгінде астананың сауда нарығының 80 пайызын біздің «Qazaq house» қымызы құрайды. Үйде қазақы тәрбие, дастарқаннан ұлттық тағамдар үзілмейді. Қымыз, құрт-ірімшіктің пайдасын білеміз ғой, ал енді індет дендеген тұста вирустан бізді осы қымыз құтқарды десем артық айтпағаным. Шүкір, отбасымызбен ауру-сырқаудан аманбыз. Наурыз мерекесінде ғана емес, ұлттық құндылықтарымызды әрдайым ардақтауымыз қажет. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген халық даналығы бар. Отағасы балаларды спортқа баулыса, мен ұлттық тәрбиемен сусындатуға тырысамын.*

*Бүгінде жас отбасылардың бір-екі баламен шектелуі «асырай алмаймыз» деген қорқыныштан, баспананың жоғынан шығар. Бірақ әр баланың өз несібесі бар. Көп бала болса, балалар бірін-бірі жетелеп, қарайласып, бауырмал болып өседі. Бейбіт өмірде, ашық аспан астында ғұмыр кешудеміз, еңбек етсек, қолымыз қалағанымызға жетеді. Тек қана басқа қонған бақытқа, өміріміздің жалғасы – балаларымыздың барына қуанып, солармен мақтанып жүре берейік. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығындағы Ұлыстың ұлы күні құтты болсын! Көк байрағы желбіреген, бүгінгідей абыройлы да айбынды, беделді де берекелі, ынтымағы мен бірлігі жарасқан еліміз аман болсын! Барша қазақстандықтарды, әсіресе аналарды мерекемен шын жүректен құттықтаймын. Әрбір жаңа күн әр отбасыға шат көңіл, бақыт және береке сыйласын!*

---

# ЕҢ ҚҰНДЫ СЫЙЛЫҚ – КІТАП

**Кеше Ұлттық Академиялық кітапханада «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесі мектеп кітапханаларына кітап сыйлады.**

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде шығарылған «Қоғамдық сананы жаңғырту: тұжырымдамалық және әдіснамалық тәсілдер» кітабы мен «Жас ақын» және «Жастар жырлайды» өлеңдер жинақтары, сонымен қатар Ұлттық Академиялық кітапхананың қорынан елордамыздың 19 мектебіне 200-ден астам кітап сыйға тартылды.



Аталған іс-шараға Ұлттық Академиялық кітапхананың директоры Үмітхан Дәуренбекқызы, Нұр-Сұлтан қаласы бойынша «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің басшысы Ақерке Жұманбаева, Nur Otan партиясы Нұр-Сұлтан қаласының «Бірлік» филиалы төрағасының бірінші орынбасары Шыңғыс Қожахметов және жалпы білім беру ордаларының директорлары қатысты.

«Бұл шараны ұйымдастырудың басты мақсаты – кітап оқуды трендке айналдыру. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында шыққан кітаптарды мектеп қабырғалары мен басқа да білім ордаларының кітапханаларына табыстай отырып, жастарға қазақ тілінде шыққан кітаптарды оқуға мүмкіндік беру. Кітап – адамзаттың ең құнды рухани байлығы. Сондықтан да біз кітапханалар қорын қамтамасыз ету үшін осы сынды акциялар ұйымдастырып отырамыз, – деді Ақерке Жұманбаева.

Сыйға тартылған кітаптар оқушылар мен ұстаздардың назарларына «Елорда – білімді орда» кітапсүйер қоғамын қалыптастыру мақсатында ұсынылып отыр.

# ДӘСТҮРЛІ МЕРЕКЕНІ ДӘРІПТЕДІ

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасына қарасты «Руханият» орталығы елордадағы алаңдар мен саябақтар және қоғамдық орындарда «Елорда наурызы – 2021» іс-шарасын өткізді.**

azamat_79@bk.ru

Азамат ЕСЕНЖОЛ

Мазмұнды шараның мақсаты: Наурыз мерекесінің маңыздылығын, ерекшелігін көпшілікке жеткізіп, ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрлерді дәріптеуді көздеген.

Іс-шара барысында насихатшыл жастар жұртшылықты Ұлыстың ұлы күнімен құттықтап, адамдарға ұлттық құндылықтарға байланысты сұрақ-жауап ойындарын өткізіп, оған белсенді қатысқандарға арнайы сыйлықтарын табыс етті. Сонымен бірге олар ел алдында өз өнерлерін көрсетіп, көпшілікке мемлекеттік тілде сөйлеп, оны қадір тұтуға, құндылықтарымызды қадірлеуге, дәстүрлі мерекеміздің мәнін терең білуге шақырды.

Мәдени шараға қатысқан жұртшылық насихатшыл жастарға алғыстарын айтып, ризашылықтарын білдірді.



№32-33 (4157) 20/03/2021 Сенбі



Ерлан ДӘКЕНОВ,
Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі Мемлекеттік академиялық филармониясының бас директоры, қалалық мәслихат депутаты:

## ҰЛТ ҚҰНДЫЛЫҒЫ ҰЛЫҚТАЛСЫН

*– Наурыз – көктем мен жаңару мерекесі. Бұл – Қазақстанның ең сүйікті және ауқымды мерекелерінің бірі.*

*Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында Наурыз мейрамын тойлау тұжырымдамасын әзірлеп, көктем мерекесінің мазмұнын байытуды тапсырды. «Наурыз мейрамының негізгі мақсаты – Қазақстан жерінде бейбітшілік пен достықты нығайту, ұлттық бірегейлікті сақтау, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптастыру» деп маңыздылығын ерекше атап өтті.*

*Тарихы тереңге кеткен Наурыз мейрамын әлем халықтарының көпшілігі ертеден тойлап келеді. Кейбір деректерге сүйенсек, Наурыз мейрамы Орта Азия халықтары арасында бес мың жыл бойы аталып өтуде. Бұл мейрамды ежелгі гректер «патрих», тәжіктер «гүл гардон», «бәйшешек», хорезмдіктер «наусарджи», татарлар «нардуган», бурятттар «сагаан сара», армяндар «навасарди», чуваштар «норис ояхе» деп түрліше атаған.*

*Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Мемлекеттік академиялық филармониясы Наурыз мерекесіне орай көптеген іс-шаралар мен акцияларды қолға алып, ауқымды мерекелік концерттерді іске асырды. Ұлттық мерекеміз ұлт құндылығын биік көтеріп, салт-дәстүрімізді дәріптеп, еліміздің береке-бірлігін нығайтары сөзсіз. Олай болса барша Қазақ еліне ұлт қазынасы – Наурыз мерекесі құтты болсын деймін! Наурыз – іргесі сөгілмес бірліктің берекесі, ырысы төгілмес тірліктің мерекесі. Жақсылықтың жаршысы, жаңа жылдың бастауы, жаңа күннің белгісі болған мереке баршаңызға жақсылығын әкелсін!*



Арайлым КАНАФИНА,
жедел жәрдем бригадасының фельдшері:

## ЕЛІМІЗ АМАН БОЛСЫН!

*– Денсаулық сақтау саласында он жылдан бері жұмыс істеп келемін. Біздің жұмысымыз – ауа райының ыстық, суығына қарамастан аптасына 7 күн, тәулігіне 24 сағат қанша шақырту түссе, сонша шақыртуға қызмет көрсету. Өткен жылы жазда, маусым-шілде айларында індет асқынған кезде тәулігіне 3-5 мыңға дейін шақыртуларға баратын кезіміз болды. Вирус алғаш жеткен кезде бәрімізде қорқыныш пен үрей болды. Соған қарамастан басымызды қатерге тігіп, жұмысымызды атқардық. Дәл сол кездегідей қазір ауру өршіп тұрмаса да, ауру жұқтырушылар тіркеліп жатыр. Сондықтан босаңсудың қажеті жоқ. Әлемде өлім-жітім көп. Әуежайға әр мемлекеттен тәулігіне 7-8 рейс ұшақ ұшып келеді. Сол басқа елден келген азаматтардың барлығын бригадалар күтіп алып, ковид орталығына апарып екі күнге карантинге жабады. Шақыртушылар санының көбеюіне байланысты бізге бригадалар қосылды, әкімдіктен жаңа көліктер берілді. Бұл біздің жұмысымыздың тиімділігін арттырады. Осы вирустың қандай да бір белгілері анықталып, білініп жатса, міндетті түрде жедел жәрдем көмегіне жүгінген абзал. Өздігінен емделудің қажеті жоқ. Ең бастысы сақтану – маска тағу, арақашықтық сақтау, иммунитет көтеру. Індет тезірек кетіп, бар жамандық аяқталса екен. Осы коронавирус бітсе, жеңісті тойлағандай болатын шығармыз. Сондықтан аурудың алдын алып, барынша сақтанып жүру керек. Бәрі – өз қолымызда. Жаңа жылда бәріміздің деніміз сау, еліміз аман болсын!*



Баянғали ӘЛІМЖАНОВ,
ақын-драматург:

## НУЛЫ БОЛСЫН ЖЕРІМІЗ

*– Ардақты халайық, мына келіп жатқан жаңа жыл – Наурызымыз құтты болсын! Бұрынғы аталарымыз «Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!» деп тілек айтушы еді. Біз де соны бүгінгі ұрпағымызға қайталап айтамыз. Осы Ұлыстың ұлы күні ізгі тілекпен айтылған жан жадыратар жақсы сөздер, оң тілектер қабыл болып, халқымыз бақытты, берекелі өмір сүрсін!*

*Былтырдан бері барша адамзат баласына, халқымызға қиындық, сынақ жылы болды. Осы төрге озып отырған жаңа жылымызда осы індеттің беті қайтып, елімізден аулақ кетсін! Ертеде наурызда жамандықты аластайтын ырым болатын. Ендеше біз де соны еске алып, «Алас, алас» дейік. Алдағы таңда да ел-жұртымыз ауру-сырқаудан аман болсын! Енді тілегімді ақын ретінде өлеңмен түйіндейін:*

*Кел, кел, Наурыз, кел, Наурыз!*
*Пейілі елге кең Наурыз!*
*Нулы болып жеріміз,*
*Сулы болсын көл, Наурыз!*
*Еш қылмай елдің еңбегін,*
*Ырысын мол ғып бер, Наурыз!*
*Жаңа жылың құт болып,*
*Қадамы елдің нық болып,*
*Молынан болып ағымыз,*
*Баянды болып бағымыз,*
*Ұзағынан болсын деп айтам,*
*Тыныштық мынау шағымыз!*



# НАУРЫЗДЫҢ ІЛІМІ МЕН БІЛІМІ ҚАНДАЙ?

### АҢЫЗ ТҮБІ – АҚИҚАТ

Құдайдың құдіреті, кеше кірген мүшел жыл басы Сиыр жылы – жаңа жыл әлі суық боп тұр. Аяз беті қайтар емес. Негізі, аңыз түбі – ақиқат деген рас сияқты. Ертеден жеткен аңызда мүшел жыл басы боп Жылқы жылы кіргенде қыс жылы болған екен деседі. Себебі Жылқы бақайымен қыс жұлдызы Үркерді қатты басып, жібермей ұстап тұрған көрінеді. Ал Сиыр Үркерді ұстап қаламын деп бақайымен басқанда, айыр бақайынан Үркер шығып кетіп аспанға көтеріліп кеткен. Сиыр жылы суық болуы содан деген екен аңызда. Биыл келген Сиыр жылының суық болуында аңыз ақиқаты жатқандай.

Міне, түркі жұрты аспан денелеріндегі ғажайып құбылыстардың Жерге, ондағы ауа райына, табиғат пен жыл мезгілдерінің ауысуына тікелей әсерін ғылыми зерттеп білген. Сөйтіп, бес-алты мың жыл бұрын, мүмкін одан да ерте кезде оларға астрономиялық аң аттарын берген. Жердің Күнді бір айналып шығуын бір жыл деп, оны мүшел жыл басы деп он екі жылға бөліп ат қойған. Олар: Тышқан, Сиыр, Барыс, Қоян, Ұлу, Жылан, Жылқы, Қой, Маймыл, Тауық, Ит, Доңыз атаулары. Әр он екі жыл сайын бұл мүшел жыл қайталанып отырады. Жоғарыдағы Жылқы жылы мен Сиыр жылы бұлар мүшел жыл басы атаулары болса, Үркер жыл мезгілдерінің ішіндегі – қыс жұлдызы. Мүшел жыл басын 12 жұлдыз Темірқазық шоқ жұлдызы өсінде геометриялық-математикалық, физикалық дәлдікпен ай сайын айналып отырады. Ол 12 жұлдыз мыналар: Тоқты – Наурыз, Торпақ – Сәуір, Егіздер – Мамыр, Шаян – Маусым, Арыстан – Шілде, Бикеш – Қыркүйек, Таразы – Қазан, Бүйі – Сарышаян, Мерген – Желтоқсан, Серке – Қаңтар, Суқұйғыш – Ақпан, Балықтар – Наурыз. Міне, жаңағы қыс жұлдызы Үркер наурыздың 13 күні жылыстап жылжып, орнына Тоқты жұлдызы биылғы кіргелі отырған мүшел жыл басы Сиырмен бірге Темірқазық түбіне тоғысады. Осы кезде Жер планетасына көктем келіп, қыс қаһарынан аман шыққан ел-жұрт қыстан амалдап аман шықтық деп қыстаудан жайлауға көшіп 14 наурызда қуана көріскен. Жаңа жылды қарсы алған. Қазақта «Шекеге» шақырып дәм таттыру деген осы мезгілде жасалады. Бұл салтты ұмытпай өмірлеріне өзек еткен қазақтар қазір де қатарымызда бар.

### НАУРЫЗДЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

Бірақ Кеңес өкіметі тыйым салған 70 жыл үзілістен кейін, Наурызды тойлау салты өмірімізге қайта енген 1988 жылдары теледидардан, газеттерден, «жұлдызнама», тағы басқа ой бөлетін ақпараттар легі қаптады. Ол бүгінге дейін жағаласып келеді. Ата-бабамыздың Наурызды тойлауы жай мереке емес, аспан шырақтарымен, олардың қозғалуынан пайда болатын жердегі құбылыстарға байланысты үйлестіріп жасаған табиғат мерекесі екенінен ел бейхабар болды. Наурыздың ғылыми жүйесіне қатысты таным-түсінігі қалыптаспады. Жылына көшеге шығып бір рет тойлап келесі жылға дейін ұмыт болатын «Наурыз» мерекесінің шығу тарихын халық «Самарқанның көк тасы еритін күн мен түн», «Наурыз көжеден» әрі асып ештеңе біле алмады. Мәдениеттанушы Серік Ерғали «Наурыздың ғылыми тұжырымы жасалмағандықтан ел Наурыз мерекесімен оның ішіндегі ғұрыпты шатастырып жүр. Мысалы, «амал», «көрісу» деген – тек Наурыз мейрамының ішінде орындалатын ғұрып, жоралғы. Мереке емес. Оған бес мың жылдық тарихы бар Аңырақай жотасындағы таңбалы тастан күн дидарлы, түн дидарлы бейненің бір-біріне құшақ жайып көріскелі тұрған қашалып жасалған петроглифы куә. Мен оны Наурыздың төлқұжаты деп жарияладым» дейді. «Алтыбақан» тебу де ұлттық ойын емес, ойынға тән ереже жоқ. Ол – осы Наурыздың атрибуты. Бір жағында жігіт, екінші жағында бойжеткен тербеледі. Ол күн мен түннің тербелісін білдіреді. Алтыбақанды күн батқанда құрады, таң атқанша тебеді. Күн мен түннің тербелісі. Бұл да – Наурыздың жоралғысы» дейді ол.

### АЙ ОРАҒЫМЕН ТОҒЫСУ ЖӘНЕ ТЕМІРҚАЗЫҚ

А.Горбовский деген ғалым он-он бір мың жыл бұрын аса ірі мәдениет болған деп жорамалдайды. Біз ол айтып отырған мәдениеттің түркі жұртында екеніне еш шүбә келтіре алмаймыз. Себебі қазақ халқы бес-алты мың жыл бұрын, мүмкін одан да жүздеген жыл бұрын табиғатпен етене жақын өмір сүрген халық екенін салт-дәстүрлері мен әдеп-ғұрыптары өмір сүру дағдылары арқылы көз жеткіземіз. Осыдан бес-алты мың жыл бұрын түркі халқы мекен еткен қазіргі қарақалпақ жерінен табылған «Қой қырылған» атты қаңлы тайпасы жасаған аспан денелерін зерттейтін үлкен расытхана (обсерватория) табылуы да қазақ халқының білім ізденгіш, жоғары мәдениетті халық екенінің дәлелі бола алады. Мәдениеті мен оқу-білімі болмаса, расытхана да болмас еді. Мәдениет – адамзат өзін табиғаттың бір бөлшегі екенін ұғынып, өзінің бүкіл тыныс-тіршілігін табиғатпен негіздестіріп саналы өмір сүре білуі. Және сол аспан шырақтарының қасиеті мен қызметін, жылжу уақытына сай жеке-жеке ат қойып, тани білуі – жоғары мәдениет пен терең білімнің дәлелі. Қазіргі тілмен айтқанда, қоршаған орта мен өзі өмір сүріп отырған табиғат әлеміне, экологияға зиян тигізбей қорғай білу деген сөз. Ұлан-байтақ жерді иеленіп өмір сүрген ежелгі түркі жұрты өмір сүру әдеттерін, салт-дәстүрін, керек десеңіз, экономикасын аспан шырақтарымен үйлестіріп қалыптастырған. Мысалы, қазақтың мал шаруашылығын алайық. Қазақ халқының «Мал өсірсең қой өсір, пайдасы оның көл-көсір» деуі осы қой шаруашылығын экономиканың көзі етіп қалыптастыруы, жыл мезгілдерінің ауысып күн мен түннің теңелетін мезгілдерімен қазақтың жаз жайлауға, қыс қыстауға көшуі табиғаттың үйлесім заңын сақтауында жатыр. Қазақтың төрт түлік малы аспан денелерінде бар. Ғалым Ақжан Машани Темірқазыққа барлық әлем шырағы арқандалып, сол арқылы магнит жібі есілген дейді. Магнит арқан Аққой мен Қарақойдың жібінен жасалған ақ пен қара жіптен есілген. Расында, әлемді ұстап тұрған ширатылған жіптің магниттік тарту күші дейді ғалым. Әлем қозғалысында Құс жолы жұлдыздарда, галактикада, тұмандықтарда магнит жібінің сақталуы арқасында Қошқар мүйіз формалар жиі кездеседі екен. Органикалық заттардың молекулалары екі түрлі «жіптен» спираль түрінде ширатылып құрылғанын соңғы кезде ғалымдар айтуда.

Жаңа қазақ халқының қой шаруашылығымен айналысуы табиғат ілімімен байланысты дедік. Олай болса бұған қазақтың ұршық аспабының да байланысы бар екені байқалып тұр. Ұршықтың құрылымына қарасақ, оның төменгі ұшы үшкірленіп жасалған. Жіпті иірген кезде тепе-теңдік сақтайтын және шүйіркені иіріп жіпке айналдырып жіберіп тұратын басындағы домалақ темір бір нүктеден шығып, екінші нүктеге жиналуы – осы процесті реттеп тұрған ортадағы ұршық қызметі – аспан мен жердің қазығы Темірқазық шоқ жұлдызына ұқсайды. Ұршықтың пайда болған кезі түркі жұртының алтын мен қола, темір қасиетін таныған дәуірі – қола дәуірімен тұспа-тұс келіп тұр. Ұршық та неолит, қола дәуірінде пайда болған екен.

Қазіргі Наурыз тойына арналған эмблемадағы таяқтың екі жағында ширатылған қошқар мүйіз іспеттес сурет табиғат сырын бейнелеп тұр. Ортасындағы таяқ – Темірқазық. Ал екі жағындағы шиірлей жиналған жіп – Аққой мен Қарақойды арқандаған жіп суреті.

Адамзатқа ортақ қазына Аспан мен Жердің тірегі Темірқазық қасиетін әлімсақтан білген түркі жұртының адамзат дамуына қосқан зор мәдениеті туралы әлем айтқысы келмейді деген екен қазақтың геомеханика ғылымының негізін қалаған Ақжан Машани. Қалай десек те, Наурыз өзегіндегі ғылым мен білім, қуатты рухани мәдениет мәйегі түбі бір түркі жұртын біріктіріп, ұлы іске шақырып тұр десем артық айтқаным емес. Ұлы іс оң, ақ мол болсын!

**Зүбәйра ӘКІМ,**
**журналист**

Міржақып ДУЛАТҰЛЫ:

***Жалпы, мұсылман жұрттарына ортақ, жылына екі рет келетін ораза, құрбан айттарын есепке алмағанда, біздің қазақ-қырғызда жалғыз-ақ мейрам бар, ол – Наурыз. Наурыз – қазақтың шын мағынасындағы ұлт мейрамы.***

**Балалар медбикесі Бикеш Бесімбаеваның қолынан шыққан киіз үй жабдықтары жыл сайын Наурызда өзі еңбек ететін Есіл ауданындағы №9 емхана ішін мерекелік көңіл күйге бөлейді. Қазір де кіріп барсаңыз, осы емдеу мекемесінің бірінші қабатында Ұлыстың ұлы күніне арнап дайындалған кішігірім көрмені көріп, қазақылықтың бір көрінісіне куә боласыз.**

# ҚОЛЫНАН ЕМДЕУ ДЕ, ӨНЕР ДЕ КЕЛЕДІ



ray77781@mail.ru

Райхан РАХМЕТОВА

Туған жері Қорғалжын ауданында ол бала кезінен анасынан түрлі ою ойып, тігін тігуді, тоқыма тоқуды үйренді. Қыз бала үшін бұл, әрине, ешқашан артықтық етпейтін өнер. Сосын арман қуып сол кездегі Ақмоланың орталығы Целиноградқа келіп, теміржол медицина колледжіне оқуға түсті. 1981 жылы еңбек жолын Теміржол ауруханасынан бастады. Әр нәрсе өз ретімен, Бикеш Әбсаметқызы да оқуын оқып, қызметін жасап болған соң тұрмыс құрды. Оның бойындағы ұмыт болған қолөнерге деген бейімділік сол кезде қайта жаңғырды.

– Түскен жерім қазақылықтың иісі аңқыған өңірдің адамдары еді. Сол кезде үй алдына киіз үй тігетінбіз. Енемнен соған арналған басқұр, шашақ бау, уықтарға ілетін үзіктер, туырлықты қаптайтын сәндік баулары, бас арқан және тағы басқа заттарын тоқуды үйрендім. Оларды дайындайтын арнайы құрылғылар болады. Ал жібін кәдімгі малдың жүнін сабап, жуып, иіріп жасаймыз. Одан бөлек, қамыстан ши тоқитынбыз, жіппен орап тоқитын да шилер болады. Қазір менің бойымдағы өнерім төрт баламның ішінде кіші қызыма берілген. Өзіне ұнаған матадан көйлектерін тігіп, киіп ала береді, – дейді Бикеш медбике.

Қазір сол тоқыған киіз үй жабдықтарының бір парасы медбикенің сандығынан жылда Наурыз мейрамында шығып, жұмыс орнында өтетін іс-шараларға көрік береді. Пандемиядан бұрын Ұлыс мерекесі елордада ашық алаңдарда еркін тойланатын кезде оның қолынан шыққан бұйымдар қойылған киіз үй емханаға жүлделі орын да алып берген кездер болды.

Денсаулық сақтау саласында, соның ішінде учаскелік балалар бөлімінде 35 жылдан бері еңбек етіп келе жатқан медбике өмірін балаларсыз елестете алмайды. Өз қыздары тұрмысқа шығып, бір ұлы үйленіп, екіншісі студент атанып кетсе де, оның өмірі күн сайын учаскеге қарайтын кішкентай балалармен бірге өтіп келеді.

– Балаларды туғаннан бастап 15 жасқа келгенше емханаға қабылдау, қарау, тіркеу, дәрігер белгілеген емді жазып беру, медициналық құжаттамасын толтыру, анықтама беру жұмысы – медбикенің мойнында. Одан бөлек, жаңа босанған әйелдердің үйіне барып, патронаж жасаймыз, консультация береміз. Сондықтан бізге келетін әрбір баланы мен өз баламдай көремін, – дейді мейірімді медбике.



Аружан БАХИТОВА, қаржы академиясының студенті:

## ЖҮРЕК ҚАЛАУЫМЕН ЕРІКТІ БОЛДЫМ

– Еріктілер жылы мені қайырымдылыққа жетеледі, қиналғанға қол созудың жай ғана шара емес, әр адамның парасаттылығы екенін ұқтырды.

Еріктілік еріккендік емес, ол – қызмет. Мен үшін өткен жылдан бастап өмірлік ұстанымым. Ең алғашқы қайырымдылық шарасын Нұр-Сұлтан қалалық №2 ерекше білімді қажет ететін балалар мектебінен бастадық. Әртүрлі концерттер, іс-шаралар өткіздік, ерекше жандардың жүрегіне жылулық, жүзіне шаттық сыйлауға тырыстық. Сондағы өрендеріміздің шынайы күлкісі маған еріктілік жолында үміт отын сыйлады. Кейде ұсақ-түйек жұмыстары көп болып еді. Мұқтаж отбасыларға азық-түлік таратқанда, кейбірінің мекенжайларын таппай, әртүрлі ертегі кейіпкерлеріне енген еріктілер болып, қала көшелерінде жаяулатып жүрген кездер де өтті. Сондықтан волонтерлікті қызығы мен қиыншылығы қатар жүретін жұмыс деп санаймын. Елімізде Еріктілер жылы аяқталғанмен, бүгінге дейін еріктілерді қолдау, оларға жаңа мүмкіндіктер беру жалғасын табуда. Менің ойымша, осындай байқаулар мен шаралар мектеп оқушыларын да ынталандырады, кейін студент атанғанда олар еріктілікке жан қалауымен кіріседі.

Біз апта сайын белсенділермен бірге жалғызбасты қарттардың ауласында үйілген қарын күреп, тазалық жұмыстарын жүргіземіз. Күннің ызғарлы күндеріне қарамай, көшеде жұмыс істейтін коммуналдық қызметкерлерге ыстық шай мен бауырсақтар таратуды қолға алдық. Қоғамға қамқорлық жетіспейді. Көпшіліктің туғаны, жақыны болмаса, бейтаныс адамға көмектесуі қиын екені жасырын емес. Ал еріктілік сол адамдардың көңіліндегі мұзды жібітіп, көлденең кезіккен көк аттыға да жанашыр болуға, махаббатпен қарауға үйретеді.

Еріктілік қазір бар жағынан дамып жатыр. Алайда әлеуметтік салаға баса назар аударылған. Менің ойымша, бұдан бөлек экология мен жануарларды қорғау саласын да дамыту қажет деп ойлаймын.

Қазіргі сәтте еріктілік бір уақытты бос өткізу не жұмысы жоқ адамның ісі деген ой жоқ. Ерікті болу – жүрек қалауы. Мен үшін көмек көрген адамның маған деген алғысы, үлкендеріміздің ақ батасынан асқан бақыт жоқ. Игі істер аясында ұйымдастырылған әрбір шарадан кейін қоғамға қажет екенімді, менің де осы ортадан ойып аларлықтай орнымның бар екенін жіті түсінемін.

# АЙДЫҢ АТЫ, ЖЫЛДЫҢ СӘТІ ҚАЛАЙ?

**Көк түріктен мұра боп жалғасқан мүшел бойынша жыл санауды, яғни 12 жануардың аты берілген күнтізбені қазақ халқы бірнеше ғасыр бойы қолданды. Кейін Григориан күнтізбесін пайдаланды да, бұрынғы мүшел бойынша жыл санаудағы ай аттарын жаңаша жыл санауға көшірді. Осыдан барып жаңаша жыл санау мен қазақтың байырғы жыл санауы өзара араласып кетті. Мәселен, қазіргі қалыптасқан қағида бойынша 1 қаңтарда жаңа жыл кірді дейміз де, жылды қаңтардан бастап санаймыз. Былайша айтқанда, қазақ ұғымы бойынша жыл басы наурыз екенін жұрттың бәрі білсе де, жыл жануарларын мезгілінен ерте кіргізіп, уақытынан бұрын шығарамыз. Наурыз мерекесін де Григориан күнтізбесі бойынша 21, 22 наурыз күндері тойлап жүрміз. Мұның қазақтың көне есебімен сәйкес келмейтінін көнекөз қариялар болмаса, қазіргі жастар көп біле бермейді. Яғни біз қазақтың көне есебі бойынша Наурыз мейрамын өз мерзімінен бұрын тойлап жүрміз. Осыдан барып «қазақтың наурыз келгенде Самарқанның көк тасы еріп, жер бетінде теңгедей қар қалмайды дейтіні қайда қалды?» деген сұрақ туады.**



qaliakbarkz@gmail.com

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Жыл басы деген ұғымды білдіретін наурыз сөзі бізге парсы тілінен енген. Яғни қазір марттың орнына қазақша ай аты ретінде қолданып жүрген наурыз сөзі парсы тілінде «жаңа күн» деген ұғымды білдіреді. Міне, осы жыл басы саналатын наурыз сөзі қазақ тілінде айдың және жазғытұрым тойланатын мейрамның атауы ретінде қолданылып жүр. Бұл күнді ұлтымыз «Ұлыстың ұлы күні» деп те атайды. Бұл жөнінде хакім Абай «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» деген тарихи мақаласында Наурыз тарихын көшпелі халықтардың сонау «Хибаги», «Хұзағи» деп аталған заманға дейін апарып: «Ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурызнама қыламыз деп, тамаша қылады екен. Сол күнін «Ұлыстың ұлы күні» дейді екен» деп жазады. Демек, наурыз сөзі әуелде қазақ тіліне ай аты емес, мереке-мейрамның аты ретінде еніп, кейін көне ай атының орнын басып кеткен. Ендеше наурыз қалай айдың атауына өзгеріп кетті? Неге біз ақпан айы мен көкек (сәуір) айының ортасындағы үшінші ай қалайша наурыз деп аталды? Міне, бұл – бүгінге дейін түйіншегі шешілмей келе жатқан таласты тақырып. Сәуір демекші, қазақта бұрын сәуір деген ай аты болмаған. Сәуір атауы Кеңес Одағы кезінде саяси мақсатта енгізілген, «сәуір болмай, тәуір болмас» деген мақал да арабша ай атындағы сәуірмен байланысты.

Біз ай аттарын қаңтар, ақпан, наурыз, мамыр, маусым, шілде, тамыз, қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан деп белгілеп жүрміз. Алайда қазақша ай аттары туралы жазылған еңбектерге үңілсек, олардың кейбірінде наурыз деген ай аты жоқ. Мәселен, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» бір жылдағы ай есебі ретінде отамалы (маусым), сарша, тамыз, қыркүйек, желді (қазан), қараша, тоқсан (желтоқсан), қаңтар, ақпан, тоқпан (наурыз, екі ағайынды), көкек (сәуір), мамыр деп анықтама беріп, жыл басын отамалыдан басталады деп көрсеткен. Бірақ қазақ есепшілерінің көбі тоқпанды амал аты ретінде қарастырады. Тіліміздегі «ақпан соқса азбайтын, тоқпан соқса өлмейтін», «ақпан-тақпан алты күн, аязымен жеті күн» деген тұрақты тіркестер – соның мысалы. Дегенмен, шынымен де, тоқпан амал атауы емес, ай аты болуы әбден мүмкін. Мәселен, қазақта сары атан – зуза деген амал бар. Маусымның (көнеше) онында кіріп, он бесінде шығатын бұл амал жөнінде қазақ арасында «жоғалып кеткен сары атанды іздеп шыққан Зауза қыз үсіп өледі. Ауа райының осы тосын құбылысын еске сақтау үшін қазақ бұл амалды «сары атан – Зауза» деп атап кеткен» деген аңыз бар. Алайда мұндағы сары атан мен зауза 12 шоқжұлдыздың арабша атауларына негізделген парсы күнтізбесіндегі ай аттары (амал, сәуір, зауза, саратан, әсет, сүмбіле, мизам, ақырап, қауыс, жәди, дәлу, хұт) екенін көп ешкім біле бермейді. Тіпті біздің «амал» деп жүргеніміздің өзі парсыша ай аты болып шығады. Бұдан 14 наурыздағы «көрісу күні» деп аталған амал мерекесі де парсыша жыл басын меңзейтін амал деген аймен қатысты емес пе деген ой келеді. Ал «Тауарих-и Хамса Шарқи» (қазақша «Шығыстың бес тарихы») да жоғарыдағы парсыша ай аттарын қазақша ай аттарымен салыстырып, төмендегідей көрсеткен: бірдің айы – хұт (февраль); көкек – амал (март); мамыр – сәуір (апрель); маусым – зауза (май); шілде – сары атан (июнь); тамыз – әсет (июль); мизам – сүмбіле (август); қазан – мизан (сентябрь); қараша – ақпан (октябрь); желтоқсан – қауыс (ноябрь); қаңтар – жади (декабрь); үштің айы – дәлу (январь). Сондай-ақ мұндағы бірдің айы бірінші айды, яғни жыл басын көрсетеді, бірдің айының 20-сынан кейін наурыз мейрамы тойланады деп ескерткен.

Демек, қазақ халқы ай аттарын белгілеуде ай аты, жұлдыз аты, амал атын пайдаланған. Бірақ уақыт өте келе бұл үшеуі өзара араласып, оған араб, парсыдан кірген ай, амал аттары қосылып, қазақтың ай аттары мен амал аттары үлкен өзгеріске ұшыраған. Бұл жөнінде Шәкәрім қажы 1918 жылы «Сарыарқа» газетінде жазған «Қазақша ай аты неге жоқ?» деген мақаласында «Біздің ай аты деп жүргеніміз – жұлдыз аты. Жұлдызға қойған атты сол кездегі туған айға қоя саламыз да, ай аты деп ұғынамыз. Сол себепті кейде «Бұл бәлен ай» деп таласамыз. Мысалы, декабрь жұлдызының он бесінде туған айды жартымыз «қаңтар», жартымыз «ақпан» дейміз. Менің ойымша, біздің ескі тұқымда (ескі түрікте) ай аты болса керек. Бірақ ол ескі аттар не біржола ұмытылды, не жұлдыз аттарына араласып кетті-ау деймін» деп жазады.

Оның үстіне, қазақ даласының кеңдігі, әр өңірдегі қазақтардың ай, амал аттарын белгілеуде парықтардың болуы себебінен де қазақша ай аттары әртүрлі аталып кетті. Мәселен, қазақ мәдениетіне елеулі еңбек сіңірген ғалым, этнограф Әбубәкір Диваев 19 ғасырдың соңында Жетісу жерінен жазып алған қазақша ай аттарын (ретімен): көкек, мамыр, маусым, саршатамыз, шілде, сүмбіле, мизан, қазан, қараша, желтоқсан, қаңтар, наурыз деп көрсетсе, ғалым, филология ғылымдарының докторы Бейсенбай Кенжебаев қазақша ай атауларының 3 түрі барын көрсетіпті. Мұның бірінші нұсқасы – әз, отжақпас, көкек, шілде, сарша, қыркүйек, мизан, қараша, қазан, қаңтар, ақпан, бірдің айы. Екінші нұсқасы – көкек, мамыр, маусым, шілде, тамыз, мизан, қазан, қараша, желтоқсан, қаңтар, ақпан, бірдің айы. Үшінші нұсқа – екі ағайынды, наурыз, көкек, мамыр, маусым, шілде, тамыз сарша, қыркүйек, мизам, қазан, қараша, желтоқсан, қаңтар. Міне, осылардың бәрін жинақтасақ, халқымыз 12 айды белгілеуде 22 түрлі ай атын (одан да көп болуы мүмкін) қолданғанын байқаймыз. Ал олардың ішінде жыл басы ретінде бірде бірдің айы көрсетілсе, енді бірде отамалы көрсетілген. Осыған қарағанда және хакім Абай жазған дерекке негізделгенде, наурыз атауы қазақ халқына әуелде мейрам ретінде келіп, кейін ай атының орнын басқаны анық.

Сонымен, қазақтың жыл есебі бойынша қиындыққа толы болған тышқан жылын шығарып салып, сиыр жылын қарсы алып тұрмыз. Әр жылға әртүрлі сипат берген қазақ есепшілері сиыр жылының «мінезін» де әртүрлі түсіндіреді. Кейбір болжаушылар «сиыр жылы тарихта көбінде ауыртпалық, дау-жанжал, қиындықтарға толы болған» десе, астрологтардың кейбірі «сиыр жылы молшылық жылы болады. Қазақ халқы сиыр жылын жақсылыққа балаған» деген уәж айтады. «Сиыр жылы жаңбырлы болады, астық бітік шығып, молшылыққа кенелтеді», «сиыр жылы мөшке сиырдай молшылықтың жылы болады» деп те айтылады. Ал қазір отандастарымыз сиыр жылы туралы не айтады дегенге келсек, қазір ел ішінде екі түрлі пікір айтылып жүр. Отандастарымыздың көбі атақты Мәшһүр Жүсіптің айтқан сөзін алға тартып, «келе жатқан жаңа жыл Қазақ еліне үлкен жақсылық, көл-көсір молшылық әкеледі» деп сиыр жылын жақсылыққа балап жүр. Алайда 1937 жылғы қуғын-сүргінді, 1949 жылғы Семей ядролық полигонының жарылысы болғанын еске салып, бұл жылдың да өз қиындығы бар деп қарайтындар да бар. Дегенмен Қазақстан тарихына үңіліп отырсақ, астаны Алматыдан Есілдің жағасына көшіру шешімі сиыр жылы, яғни 1997 жылы қабылданса, келесі сиыр жылында (2009) елордада «Қазақ елі» монументі, Тәуелсіздік сарайы сияқты аты мен заты сай танымал нысандар ашылыпты. Осыған қарағанда, сиыр жылы тәуелсіз Қазақстан үшін жаман жыл болмаған.

Әрине, Кеңес Одағы кезінде тойлауға тыйым салынған Наурыз мерекесі ел тәуелсіздігінен кейін әр жылы аталып өтіп келеді. Мереке кезінде 5 күн демалыс беріліп, маңызды шаралар ұйымдастырылады. Ұлттық рухты оятып, дәстүрді дәріптеуде бұл өте қажет. Алайда күллі түркі халқы неше мың жылдан бері тойлап келе жатқан осы бір ұлттық мереке жаңа жыл мерекесімен салыстырғанда жетім қыздың тойындай ғана аталып өтетіні жасырын емес. Әр жылы желтоқсан айынан бастап алып шыршалар орнатып, қаланы әлем-жәлем түске бөлеп, қағаз оқтар атып, ақшаның бетіне қарамайтын әкімдіктер наурызды жеңіл-желпі ғана атап өтеді. Керісінше, қарапайым халық көп көжесін жасап, әртүрлі шаралар өткізіп, мерекенің сәнін келтіріп жатады. Мәселен, көрші ел Қытай да жаңа жылды екі рет қарсы алады. Бірақ олар қаңтардың бірі тойланатын жаңа жылды өздерінің ұлттық күнтізбесі бойынша жыл басы саналатын «шаған», яғни көктем мерекесінен ешқашан артық қойған емес. Билік те, қарапайым халық та жаңа жылды былайша атап өтеді де, «шағанын» ұлттық мереке ретінде аса дабыралы тойлайды. Біздің елде де осындай дәстүр қалыптасса игі еді.



№32-33 (4156) 20/03/2021 Сенбі

## ДҮЙСЕНБІ
## 22 НАУРЫЗ

**QAZAQSTAN**

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ
6:00 Әнұран
6:05 «Қош келдің, әз Наурыз!». Мерекелік концерт
7:00 «TAŃSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10:00 «Ұлыстың ұлы күні. Ән мен әнші». Мерекелік концерт
13:00 «Ұлы дала комедиясы». Комедия (Қазақстан, 2018 ж.)
14:40 «Мен қазақпын!». Қуандық Рахымның концерті
16:40 ТҰСАУКЕСЕР! «СПИРИТ: ДАЛА РУХЫ». Мультфильм
18:00 «БІЗДІҢ ӘПКЕ». Телехикая.
20:00 «ҰЛТТЫҚ АРНАДА - ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ!». МЕРЕКЕЛІК ЖОБА
0:10 «Егіз лебіз» Мерекелік шығарылым
1:40 «Жаужүрек мың бала». Көркем фильм («Қазақфильм», 2012 ж.)

Наурыз мейрамы
6:00 Концерт "Наурыз келді, құт келді"
7:00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде "Таңғы хабар"
10:00 Тұсаукесер! "Алтыбақан"
11:15 Телехикая. "Егіз жүрек"
12:45 Документальный фильм "Наурыз"
13:30 Концерт "Наурыз"
15:00 Кино. "Балуан Шолақ"
17:00 "Наурыз нақыштары". "Ұлы дала - ұлық күн"
18:30 Кино. "Томирис"
21:15 Тұсаукесер! "Музарт 20 жыл" концерті
23:30 Концерт "Ночь в опере, или Наурыз құтты болсын!"
1:00 Телехикая "Ән-аға"

**ASTANA TV**

6:00 "Ән мен әзіл" концерттік бағдарламасы
6:30 "Күлдірген" әзіл-сықақ бағдарламасы
7:00 Союзмультфильм
8:00 М/ф "Маша и медведь"
10:00 "Кекеш келін" үнді телехикаясы
10:30 "Тұмарым" үнді телехикаясы
11:30 "Қызым" түрік телехикаясы
12:30 "Айдаһарлар шайқасы" корей телехикаясы
14:00 Х/ф "Бандитки" (США, Франция, 2006 г.)
16:00 "Алдараспан" мерекелік концерт
20:00 "Ақ мол болсын!" концерт
21:00 "Қызым" түрік телехикаясы
22:00 "Кекеш келін" үнді телехикаясы
22:25 "Тұмарым" үнді телехикаясы
23:10 "Айдаһарлар шайқасы" корей телехикаясы
0:20 "Қош келдіңіз"
1:10 "Ақ мол болсын!" концерт
2:00 "Біреудің есебінен" деректі драма
2:45 "KazNet" ғаламторға шолу
3:05 "Үздік әзілдер"
3:50 "Вопреки всему" т/сериал
4:35 "Қарлығаш күзет агенттігі"
5:05 "Отбасы"
5:30 "Бірегей"

6:00 «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА 2» телехикаясы
6:40 «ӘН ДАРИЯ» бағдарламасы
Смотрим на каникулах:
7:25 «ПРИКЛЮЧЕНИЯ ТИНТИНА: ТАЙНА ЕДИНОРОГА»
9:00 «ANGRI BIRDS В КИНО»
11:00 Саёра Сафари, Евгений Пронин, Иван Жидков, Наталья Рудова в многосерийном фильме «ГЮЛЬЧАТАЙ. РАДИ ЛЮБВИ»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы. Тікелей эфир
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 Премьера. Александр Балуев, Александр Горбатов, Юлия Пересильд в многосерийном фильме «УГРЮМ-РЕКА»
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 Премьера. Равшана Куркова, Александр Пашков в многосерийном фильме «ЗА ПЕРВОГО ВСТРЕЧНОГО»
0:30 Ночной кинотеатр. «МЕНТОВСКИЕ ВОЙНЫ 6»
1:15 «ЗИМНЯЯ СКАЗКА». Документальный фильм
1:25 «П@УТИНА» бағдарламасы
2:10 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:40 «ӘН ДАРИЯ» бағдарламасы
3:25 «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА 2» телехикаясы
4:10 «П@УТИНА» бағдарламасы

**КТК**

07.05 "АРМЫСЫҢ ӘЗ НАУРЫЗ!". Мақпал Жүнісова мен Қайрат Нұртастың концерті
09.30 "БАЗАР ЖОҚ, МЕКСИКА!", комедия (қайталау)
11.30 "БУДЬ ЧТО БУДЕТ", мелодрама (повтор)
15.10 "АЛДАРАСПАН", әзіл-сықақ театрының Наурыз мерекесіне арналған қойылымы
18.20 "ӘН МЕН ӘНШІ". ҰЛЫС ОҢ БОЛСЫН!!! Тұсаукесер!
21.00 "АНЖЕЛИКА", мелодрама.
22.45 "ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ", остросюжетный детектив.
00.50 "ИСЧЕЗАЮЩИЕ СЛЕДЫ", детективная мелодрама (повтор)
02.15 "ТОЙ BESTSTAR", ойын-сауық бағдарламасы
03.20 "АРМЫСЫҢ, ӘЗ НАУРЫЗ!" (қайталау)
05.00-05.20 "МӘССАҒАН"

**31**

06:00 1001 анекдот (каз)
06:40 «Неге?» (каз) (повтор)
08:00 Корейский сериал «Күн сақшылары» (каз) (қайталау)
11:00 «What's Up?» (каз)
11:20 Премьера! Анимационный фильм «Приключения мышонка»
13:20 Премьера! КИНО. Йон Эйгарден в фантастическом фильме «Капитан Саблезуб и сокровища Лама Рама»
15:40 КИНО. Алекс Этел в фантастическом фильме «Мой домашний динозавр» (қайталау)
18:20 КИНО. Антонио Бандерас в боевике «Легенда Зорро» (қайталау)
21:00 Премьера! КИНО. Чарли Ханнэм криминальном фильме «Чёрный дрозд»
23:00 "Кел татуласайық"(каз) (повтор)
01:50 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (каз)
03:30 Ризамын (каз)
05:00 Әзіл студио (каз)

**7**

06.00 Скетчком Q-елі
08.00 Т/п «Наурызда бастық боламын»
09.00 М/ф «Норм и несокрушимые: ключи от королевства»
10.30 Детский фильм «Чародейка»
12.30 Т/х «Ерке мұң»
13.30 Концерт «Аналарға әзілімді арнаймын»
15.40 Х/ф «Замуж в 30»
17.40 Х/ф «Голодные игры»
20.30 Премьера! Т/х «Ерке мұң»
21.30 Премьера! Т/х «Зың-зың Күлпәш»
22.20 Т/х «Жалдамалы қалыңдық»
23.20 Скетчком Q-елі
23.40 Х/ф «Голодные игры: и вспыхнет пламя»
02.30 Скетчком Q-елі
03.20 Т/х «Жалдамалы қалыңдық»
04.20 Т/п «Гу-гулет»
04.50 Т/п «Қуырдақ»
05.10 Т/х «Жеңіп көр»

**НТК**

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
08.00 «ОПМАЙ,ОПМАЙ» (каз.)
08.50 Мультхикая «Том мен Джерри» (каз.)
09.20 «ЗВЕРОПОЙ» (анимационный фильм)
11.20 «АКВАМЕН» (семейное фэнтэзи, Джейсон Момоа, Николь Кидман)
14.30 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз. прямой эфир)
18.30 «РЕВЮ» (каз.)
19.00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)
19.30 «МИНЬОНЫ» (анимационный фильм)
20.50 «ЦАРЬ СКОРПИОНОВ» (фантастический боевик, Дуэйн Джонсон)
22.40 «ПРОКЛЯТИЕ МОНАХИНИ» (фильм ужасов, Таисса Фармига, Дэмиан Бишир)
00.30 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз. повтор)
03.40 «ОПМАЙ, ОПМАЙ» (каз.)
04.20 – 05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

## СЕЙСЕНБІ
## 23 НАУРЫЗ

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран
6:05 «Наурыз-думан». Мерекелік арнайы жоба
7:30 «Жаужүрек мың бала». Көркем фильм («Қазақфильм», 2012 ж.)
10:00 «Біздің әпке». Телехикая.
12:00 «Ұлттық арнада - Ұлыстың Ұлы күні!». Мерекелік жоба
15:20 «Қызғалдақ-ғұмыр». Арнайы жоба.
15:40 «Әзіл әлемі». Мерекелік жоба
16:40 Дисней ұсынады: ТҰСАУКЕСЕР! «ПОКАХОНТАС». Мультфильм
18:00 «БІЗДІҢ ӘПКЕ». Телехикая.
20:00 «Arnau tour». Димаш Құдайбергеннің Киевтегі концерті
22:30 «ЕЛШІНІҢ ҚЫЗЫ». Телехикая.
23:20 «Балуан Шолақ». Көркем фильм (Қазақстан, 2019 ж.)
1:10 «Наурыз хикаясы». Театрландырылған шоу-концерт (2018 ж.)
2:10 «Аударыспақ». Арнайы жоба
2:25 «Қызғалдақ-ғұмыр». Арнайы жоба.
2:45 «Наурыз-думан». Мерекелік арнайы жоба (2018 ж.)

6:00 "Наурыз тойы келгенде" концерті
7:00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде "Таңғы хабар"
10:00 "Наурыз нақыштары". "Ұлы дала - ұлық күн"
11:15 Телехикая. "Егіз жүрек"
13:00 Тұсаукесер! "Қолда я жолда"
15:00 Мега жоба "Өнер барысы". Тікелей эфир
20:00 Қорытынды жаңалықтар
20:30 "Баспанаға бағыт". Прямой эфир.
21:00 Итоги дня
21:30 Тұсаукесер! "Қолда я жолда"
23:30 "Әсем әуен"
0:30 Телехикая. "Егіз жүрек"

**ASTANA TV**

6:00 "Ән мен әзіл" концерттік бағдарламасы
6:30 "Күлдірген" әзіл-сықақ бағдарламасы
7:00 Союзмультфильм
8:00 М/ф "Маша и медведь"
10:00 "Кекеш келін" үнді телехикаясы
10:30 "Тұмарым" үнді телехикаясы
11:30 "Қызым" түрік телехикаясы
12:30 "Айдаһарлар шайқасы" корей телехикаясы
14:00 "Үздік әзілдер"
15:10 Қайрат Нұртастың инновациялық шоу концерті
18:00 "Ұрланған тағдыр" түрік телехикаясы
20:00 "Ақ мол болсын!" концерт
20:55 Loto 5/36. Прямой эфир
21:00 "Қызым" түрік телехикаясы
22:00 "Кекеш келін" үнді телехикаясы
22:25 Тұсаукесер! "Тұмарым" үнді телехикаясы
23:10 "Айдаһарлар шайқасы" корей телехикаясы
0:20 "Қош келдіңіз"
1:10 "Ақ мол болсын!" концерт
2:00 "Біреудің есебінен" деректі драма
2:45 "KazNet" ғаламторға шолу
3:05 "Үздік әзілдер"
3:50 "Тағдыр" т/сериал
4:35 "Қарлығаш күзет агенттігі"
5:05 "Отбасы"
5:30 "Бірегей"

6:00 «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА 2» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
6:40 «ӘН ДАРИЯ» БАҒДАРЛАМАСЫ
СМОТРИМ НА КАНИКУЛАХ:
7:25 «СМУРФИКИ»
9:20 «КАРЛИК НОС»
11:00 САЁРА САФАРИ, ЕВГЕНИЙ ПРОНИН, ИВАН ЖИДКОВ, НАТАЛЬЯ РУДОВА В МНОГОСЕРИЙНОМ ФИЛЬМЕ «ГЮЛЬЧАТАЙ. РАДИ ЛЮБВИ»
14:30 «QOSLIKE» БАҒДАРЛАМАСЫ. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 ПРЕМЬЕРА. АЛЕКСАНДР БАЛУЕВ, АЛЕКСАНДР ГОРБАТОВ, ЮЛИЯ ПЕРЕСИЛЬД В МНОГОСЕРИЙНОМ ФИЛЬМЕ «УГРЮМ-РЕКА»
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 ДМИТРИЙ ПАЛАМАРЧУК В МНОГОСЕРИЙНОМ ФИЛЬМЕ «ТАКАЯ РАБОТА 2»
0:00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. «МЕНТОВСКИЕ ВОЙНЫ 6»
0:50 «СПЕЦНАЗ». МНОГОСЕРИЙНЫЙ ФИЛЬМ
1:40 «П@УТИНА» БАҒДАРЛАМАСЫ
2:25 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:55 «ӘН ДАРИЯ» БАҒДАРЛАМАСЫ
3:40 «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
4:10 «П@УТИНА» БАҒДАРЛАМАСЫ

**КТК**

07.05 "БӘРЕКЕЛДІ" әзіл-сықақ театрының Наурыз мерекесіне арналған қойылымы
09.00 "РАСПЛАТА", драма
10.50 "ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ", остросюжетный детектив (повтор)
13.00 "АНЖЕЛИКА", мелодрама (повтор)
14.40 "ИСЧЕЗАЮЩИЕ СЛЕДЫ", детективная мелодрама
16.30 "МНОГОДЕДНЫЙ". Казахстанское кино!
18.00 "АЛДАРАСПАН", әзіл-сықақ театрының Наурыз мерекесіне арналған қойылымы
20.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", ток-шоу. Жаңа маусым!
21.00 "АНЖЕЛИКА", мелодрама.
22.45 "ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ", остросюжетный детектив.
00.50 "ИСЧЕЗАЮЩИЕ СЛЕДЫ", детективная мелодрама (повтор)
02.15 "ТОЙ BESTSTAR", ойын-сауық бағдарламасы
03.20-05.20 "БӘРЕКЕЛДІ" (қайталау)

**31**

06:00 1001 анекдот (каз)
07:10 Концерт «Өнер қырандыры. Наурыз көше» (каз)
10:20 Премьера! Концерт «Уақыт» (1 часть)
12:00 Анимационный фильм «Playmobil фильм: Через вселенные»
14:10 Премьера! Анимационный фильм «Капитан Саблезуб и волшебный бриллиант»
16:10 КИНО. Билл Мюррей в фантастическом фильме «Охотники за привидениями»
18:40 КИНО. Вин Дизель в фантастическом боевике «Бладшот» (повтор)
21:00 Премьера! КИНО. Итан Хоук в фантастическом боевике «Патруль времени»
23:10 КИНО. Фрэнк Грилло в фантастическом фильме «Скайлайн 2» (повтор)
01:40 «Музыкалық сағат» (каз)
02:40 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (каз)
04:30 Ризамын
05:00 Әзіл студио (каз)

**7**

06.00 Концерт «Аналарға әзілімді арнаймын»
08.00 Т/п «Наурызда бастық боламын»
09.00 М/ф «Норм и несокрушимые: большое путешествие»
10.30 Х/ф «Эспен в королевстве троллей»
12.30 Т/х «Ерке мұң»
13.30 Т/х «Тек қана қыздар»
15.40 Х/ф «Келинка тоже человек-2»
17.40 Х/ф «Голодные игры:и вспыхнет пламя»
20.30 Премьера! Т/х «Ерке мұң»
21.30 Премьера! Т/х «Зың-зың Күлпәш»
22.20 Т/х «Жалдамалы қалыңдық»
23.20 Скетчком Q-елі
23.40 Х/ф «Голодные игры: сойка-пересмешница, часть 1»
02.10 Скетчком Q-елі
03.20 Т/х «Жалдамалы қалыңдық»
04.20 Т/п «Гу-гулет»
04.50 Т/п «Қуырдақ»
05.10 Т/х «Жеңіп көр»

**НТК**

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
08.00 «ОПМАЙ, ОПМАЙ» (каз.)
08.50 Мультхикая «Том мен Джерри» (каз.)
09.40 «РУСАЛОЧКА» (анимационный фильм)
11.00 «МИНЬОНЫ» (анимационный фильм)
12.20 «ЦАРЬ СКОРПИОНОВ» (фантастический боевик, Дуэйн Джонсон)
14.30 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз. прямой эфир)
18.30 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)
19.30 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
20.00 «ПОЛТОРА ШПИОНА» (комедийный боевик, Дуэйн Джонсон, Кевин Харт)
22.10 «ТИХОЕ МЕСТО» (фильм ужасов, Эмили Блант, Джон Красински)
00.10 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз. повтор)
03.30 «ОПМАЙ, ОПМАЙ» (каз.)
04.20 – 05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

## СӘРСЕНБІ
## 24 НАУРЫЗ

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран
6:05 «Наурыз хикаясы». Театрландырылған шоу-концерт (2018 ж.)
7:00 «Ұлттық арнада - Ұлыстың Ұлы күні!». Мерекелік жоба
10:00 «Біздің әпке». Телехикая.
12:00 «Көкпар» Көркем фильм (Қазақстан, Қырғызстан, 2018 ж.)
13:50 «Meniń Qazaqstanym». Қош келдің, әз-Наурыз!
14:30 «Ұлы дала баласы». Концерт
16:40 Дисней ұсынады:ТҰСАУКЕСЕР!«СУ ПЕРІСІ». Мультфильм
18:00 «БІЗДІҢ ӘПКЕ». Телехикая.
20:00 «NAURYZ - 2021». ТҰҢҒЫШ ҰЛТТЫҚ ПРЕМИЯСЫ
21:30 «МАХАББАТ, ҚЫЗЫҚ МОЛ ЖЫЛДАР». Телехикая.
22:30 «ЕЛШІНІҢ ҚЫЗЫ». Телехикая.
23:20 «Тәуіп Хо Жун». Телехикая.
0:20 «Бәйшешек ерте гүлдейді». Арнайы жоба
0:45 «Қымбат жандар».
1:35 ФУТБОЛ. 2022 жылғы Әлем чемпионатына іріктеу матчы. БЕЛЬГИЯ - УЭЛЬС. Тікелей эфир

6:00 "Наурыз шашу" концерті
7:00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде "Таңғы хабар"
10:00 "Наурыз" деректі фильмі
10:45 "Ән әлемі"
11:15 Телехикая. "Егіз жүрек"
13:00 Тұсаукесер! "Қолда я жолда"
15:00 "Бүгін". Тікелей эфир
16:00 Тұсаукесер! "Музарт 20 жыл" концерті
18:15 Тұсаукесер! Кино. "Батырлар"
20:00 Қорытынды жаңалықтар
20:30 "Баспанаға бағыт". Прямой эфир.
21:00 Итоги дня
21:30 Тұсаукесер! "Қолда я жолда"
23:30 "Әсем әуен"
0:30 Телехикая. "Егіз жүрек"

**ASTANA TV**

6:00 "Ән мен әзіл" концерттік бағдарламасы
6:30 "Күлдірген" әзіл-сықақ бағдарламасы
7:00 Союзмультфильм
8:00 М/ф "Маша и медведь"
10:00 "Кекеш келін" үнді телехикаясы
10:30 "Тұмарым" үнді телехикаясы
11:30 "Қызым" түрік телехикаясы
12:30 "Айдаһарлар шайқасы" корей телехикаясы
14:00 "Өкініш" к/ф (Қазақстан, 2013 ж.)
16:00 "Үздік әзілдер"
16:20 "Ханзада Жумонг" корей телехикаясы
18:00 "Ұрланған тағдыр" түрік телехикаясы
20:00 "Ақ мол болсын!" концерт
20:55 Loto 6/49. Прямой эфир
21:00 "Қызым" түрік телехикаясы
22:00 "Кекеш келін" үнді телехикаясы
22:25 "Тұмарым" үнді телехикаясы
23:10 "Айдаһарлар шайқасы" корей телехикаясы
0:20 "Қош келдіңіз"
1:10 "Ақ мол болсын!" концерт
2:00 "Біреудің есебінен" деректі драма
2:45 "KazNet" ғаламторға шолу
3:05 "Үздік әзілдер"
3:50 "Тағдыр" т/сериал
4:35 "Қарлығаш күзет агенттігі"
5:05 "Отбасы"
5:30 "Бірегей"

6:00 «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА 2» телехикаясы
6:40 «ӘН ДАРИЯ» бағдарламасы
Смотрим на каникулах:
7:35 «ОПАСНЫЕ КАНИКУЛЫ»
9:10 «КРОЛИК ПИТЕР»
11:00 «ГЮЛЬЧАТАЙ. РАДИ ЛЮБВИ». Заключительные серии
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы. Тікелей эфир
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 Премьера. Александр Балуев, Александр Горбатов, Юлия Пересильд в многосерийном фильме «УГРЮМ-РЕКА»
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 Дмитрий Паламарчук в многосерийном фильме «ТАКАЯ РАБОТА 2»
0:00 Ночной кинотеатр. «МЕНТОВСКИЕ ВОЙНЫ 6»
0:50 «СПЕЦНАЗ». Многосерийный фильм
1:40 «П@УТИНА» бағдарламасы
2:25 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:55 «ӘН ДАРИЯ» бағдарламасы
3:40 «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА» телехикаясы
4:10 «П@УТИНА» бағдарламасы

**КТК**

07.05 "МАФИЯ МЕН ТАҚИЯ", әзіл-сықақ театрының Наурыз мерекесіне арналған қойылымы
09.00 "МНОГОДЕДНЫЙ", комедия (қайталау)
10.20 "ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ", остросюжетный детектив (повтор)
12.30 "АНЖЕЛИКА", мелодрама (повтор)
14.20 "ИСЧЕЗАЮЩИЕ СЛЕДЫ", детективная мелодрама
16.10 "ВА-БАНК". Казахстанское кино!
18.00 "АЛДАРАСПАН", әзіл-сықақ театрының Наурыз мерекесіне арналған қойылымы
20.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", ток-шоу. Жаңа маусым!
21.00 "ВРЕМЯ УХОДИТЬ, ВРЕМЯ ВОЗВРАЩАТЬСЯ", мелодрама.
22.45 "ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ", остросюжетный детектив.
00.50 "ИСЧЕЗАЮЩИЕ СЛЕДЫ", детективная мелодрама (повтор)
02.20 "ТОЙ BESTSTAR", ойын-сауық бағдарламасы
03.20-05.20 "МАФИЯ МЕН ТАҚИЯ" (қайталау)

**31**

06:00 1001 анекдот (каз)
07:10 Концерт «Оңтүстік әзілдері» (каз)
10:20 Премьера! Концерт «Уақыт» (2 часть)
12:00 Анимационный фильм «Приключения мышонка» (қайталау)
14:00 КИНО. Билл Мюррей в фантастическом фильме «Охотники за привидениями» (қайталау)
16:40 КИНО. Билл Мюррей в фантастическом фильме «Охотники за привидениями 2»
19:00 КИНО. Чарли Ханнэм криминальном фильме «Чёрный дрозд» (повтор)
21:00 Премьера! КИНО. Мэгги Грэйс в боевик «Ограбление в ураган»
23:10 Концерт «Уақыт» (1 часть) (повтор)
01:00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (каз)
03:30 Ризамын
05:00 Әзіл студио (каз)

**7**

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.50 Т/п «Айна-online»
07.15 Т/х «Тек қана қыздар»
09.00 М/ф «Норм и несокрушимые: семейные каникулы»
10.30 Х/ф «Эспен в поисках золотого замка»
12.30 Т/х «Ерке мұң»
13.30 Т/х «Тек қана қыздар»
15.40 Т/п «Кзландия»
16.25 Х/ф «Класстастар»
18.00 Х/ф «Голодные игры: сойка-пересмешница, часть 1»
20.30 Премьера! Т/х «Ерке мұң»
21.30 Премьера! Т/х «Зың-зың Күлпәш»
22.20 Т/х «Жалдамалы қалыңдық»
23.20 Скетчком Q-елі
23.40 Х/ф «Эспен в королевстве троллей»
01.40 Х/ф «Инстаграмщица»
03.20 Т/х «Жалдамалы қалыңдық»
04.20 Т/п «Гу-гулет»
04.50 Т/п «Қуырдақ»
05.10 Т/х «Жеңіп көр»

**НТК**

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
08.00 «ОПМАЙ, ОПМАЙ» (каз.)
08.50 Мультхикая «Том мен Джерри» (каз.)
09.50 «БЕН 10» (мультсериал)
10.10 «УДИВИТЕЛЬНЫЙ МИР ГАМБОЛА» (мультсериал)
10.30 «МАША И МЕДВЕДЬ» (мультсериал)
10.40 «РУСАЛОЧКА 2: ВОЗВРАЩЕНИЕ В МОРЕ» (анимационный фильм)
11.50 «ПОЛТОРА ШПИОНА» (комедийный боевик, Дуэйн Джонсон, Кевин Харт)
14.30 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз. прямой эфир)
18.30 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)
19.30 «COMEDY WOMAN»
20.00 «МЕЧ ДРАКОНА» (фантастический боевик, Джеки Чан, Эдриен Броуди)
22.00 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
22.30 Телехикая «Бақытсыздар бағы» (каз.)
00.00 «СПАСАТЕЛИ МАЛИБУ» (комедия, Дуэйн Джонсон, Зак Эфрон )
01.50 – 05.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз. повтор)

## БЕЙСЕНБІ
## 25 НАУРЫЗ

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран
6:05 «Бәйге». Арнайы жоба
6:25 AQPARAT
7:00 «TAŃSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10:00 «Біздің әпке». Телехикая.
12:00 «Махаббат, қызық мол жылдар». Телехикая.
13:00 AQPARAT
13:15 «Күміс көмей»
14:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир.
15:00 «Қымбат жандар».
16:00 «Жараланған жүректер». Телехикая.
17:00 AQPARAT
17:15 «Ұлттық арнада - Ұлыстың Ұлы күні!». Концерт
18:00 «БІЗДІҢ ӘПКЕ». Телехикая.
20:00 AQPARAT
20:35 «ASHYQ ALAŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир.
21:30 «МАХАББАТ, ҚЫЗЫҚ МОЛ ЖЫЛДАР». Телехикая.
22:30 «ЕЛШІНІҢ ҚЫЗЫ». Телехикая.
23:20 «Тәуіп Хо Жун». Телехикая.
0:10 AQPARAT
0:45 «Ashyq alań». Қоғамдық-саяси ток-шоу.
1:35 ФУТБОЛ. 2022 жылғы Әлем чемпионатына іріктеу матчы. ГЕРМАНИЯ

6:00 "Менің әнім". Ұлжан Айнақұлова
7:00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде "Таңғы хабар"
10:00 Телесериал. "Няня аға"
10:45 "Әрекет ету уақыты" деректі фильмі
11:15 Телехикая. "Егіз жүрек"
13:00 Тұсаукесер! "Қолда я жолда"
15:00 "Бүгін". Тікелей эфир
16:00 Телехикая. "Бәсеке"
17:00 "Qalamaimyn"
18:00 Мегахит. "Левша"
20:00 Қорытынды жаңалықтар
20:30 "Біздің назарда"
21:00 Итоги дня
21:30 Тұсаукесер! "Қолда я жолда"
23:30 "Әсем әуен"
0:30 Телехикая. "Егіз жүрек"

**ASTANA TV**

6:00 "Ән мен әзіл" концерттік бағдарламасы
6:30 "Күлдірген" әзіл-сықақ бағдарламасы
7:00 Союзмультфильм
8:00 М/ф "Маша и медведь"
10:00 "Кекеш келін" үнді телехикаясы
10:30 "Тұмарым" үнді телехикаясы
11:30 "Қызым" түрік телехикаясы
12:30 "Айдаһарлар шайқасы" корей телехикаясы
14:00 "30 лет Независимости" Тележурнал
14:05 М/ф "Маша и медведь"
14:50 "Интерны" т/сериал
15:50 "Қарлығаш күзет агенттігі"
16:20 "Ханзада Жумонг" корей телехикаясы
18:00 "Ұрланған тағдыр" түрік телехикаясы
20:00 ASTANA TIMES
21:00 "Қызым" түрік телехикаясы
22:00 "Кекеш келін" үнді телехикаясы
22:25 "Тұмарым" үнді телехикаясы
23:10 "Айдаһарлар шайқасы" корей телехикаясы
0:20 "Қош келдіңіз"
1:10 ASTANA TIMES
2:00 "Біреудің есебінен" деректі драма
2:45 "KazNet" ғаламторға шолу
3:05 "Үздік әзілдер"
3:50 "Тағдыр" т/сериал
4:35 "Қарлығаш күзет агенттігі"
5:05 "Отбасы"
5:30 "Бірегей"

ШАҺАР ШЕЖІРЕСІ

# АҚМОЛА ҚАЛАЙ «ЦЕЛИНОГРАД» АТАНДЫ?



**Бүгінгі бас шаһардың тарихы, көне жұрты елорданың іргесінде жатқан, шамамен VIII ғасырға тиесілі Бозоқ қалашығынан басталады. 1830 жылы Есіл өзенінің жағасынан орыс әскерлері бекініс салып, ол 1862 жылы Ақмола қала мәртебесіне ие болды. 1868 жылы Ақмола облысы құрылды. Біз бұл тарихи деректерге тоқталсақ, тым тереңдеп кетеміз, сондықтан іргетасы қаланғаннан Ақмола болған қаланың аяқ астынан қалай «Целиноград» атанғаны жайында баяндайық.**

azamat_79@bk.ru
Азамат ЕСЕНЖОЛ

Өз заманында алып державаның бірі болған Кеңес Одағы өткен ғасырдың елуінші жылдардың орта кезінен, дәлірек айтқанда, 1954 жылдың ақпанында КОКП-ның орталық комитетінің пленумында Тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде қаулы қабылдады. Сол тұста Қазақстан КСРО-дағы ең астықты республиканың біріне айналып, еліміздің теріскей өңірінде орналасқан Қостанай, Көкшетау, Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарына тың игерудің алғашқы екі жылында 6,3 млн гектар жаңа жерді игеру міндеті қойылды. 1960 жылы 26 желтоқсанда Тың өлкесінің құрылуы туралы Жарлығы шығып, 1961 жылы 20 наурызда Қазақ КСР Жоғары кеңесі төралқасының қаулысымен Ақмола Целиноград қаласы болып өзгертілді. Осы Жарлыққа сай тың өлкесіне Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Қостанай және Көкшетау облыстары біріктірілді. Оның құрылуына байланысты Ақмола облысы таратылды. Бірақ 1961 жылғы 24 сәуірде ол Целиноград облысы болып қайта ашылып, өлке құрамына енді. Осылай еліміздегі ірі әкімшілік басқару құрылымы болған бұл аймаққа 5 облыс, 51 аудан қарады.

Айтпақшы, 1961 жылы Ақмола жеріне СОКП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Никита Хрущев келді. Оның елімізге, соның ішінде астықты өңірге екінші рет келуі еді. Ол алғаш рет қазақ жеріне 1956 жылдың жазында келген болатын. Осы сапары барысында Никита Хрущев қасында тұрған серіктерінен «Ақмола» деген атаудың қандай мағына беретінін сұрайды. Сонда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы болған кісі қаланың атын «Белая могила» деп түсіндіреді. Мұны естіген бірінші хатшы шошып кетіп, қаланың атын шұғыл өзгертуге тапсырма берген деп айтады.

Жалпы тың игеру жылдарында елеулі экономикалық игіліктер болғанымен жергілікті жұрт біраз қысымға ұшырады. Дәл осы кезеңде Ақмола өңірінде 115 қазақ мектебі жабылып, елді мекен атаулары жаппай өзгертілді. Халқымыз өз жерінде азшылық күйді бастан кешіп, орыстану процесі қарқын алды.

Алайда ақиқат бәрібір орнады. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, яғни 1992 жылы Елбасының Жарлығымен қалаға өзінің «Ақмола» деген ежелгі атауы қайтарылды.

## НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 17.03.2021 №510-919

# Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына сәйкес, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 тамыздағы № 1064 қаулысымен бекітілген Астана қаласының Бас жоспарын іске асыру мақсатында Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. «Нұр-Сұлтан қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

**Әкімнің орынбасары Н. Нұркенов**

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2021 жылғы «17» наурыздағы
№ 510-919 қаулысына
қосымша**

## Өзгерістер енгізілетін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің бұрын қабылданған қаулыларының тізбесі

1. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 27 тамыздағы № 510-1190 қаулысына келесі толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыға қосымша мынадай мазмұндағы реттік нөмірімен 55-жолмен толықтырылсын:

«

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 55. | 21-319-057-643 | Киселев Александр Викторович | 0,00369 | 0,00369 | Нұр-Сұлтан, «Сарыарка» ауданы, Шынтас орамы, 3А гараж | Гаражды пайдалану | Жеке меншік |

».

2. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 11 маусымдағы № 510-1100 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыдағы қосымшаға:

«Меншік иесі және жер пайдаланушы» деген бағанда:

реттік нөмірі 674-жолдағы «Тимченко Ольга Николаевна» деген сөздер «Торговый дом «Каз Урал» ЖШС» деген әріптер мен сөздерге ауыстырылсын;

реттік нөмірі 86-жолдағы «Кольб Надежда Федоровна» деген сөздер «Торговый дом «Каз Урал» ЖШС» деген әріптер мен сөздерге ауыстырылсын;

реттік нөмірі 881-жолдағы «Дроворуб Сергей Никитович» деген сөздер «Торговый дом «Каз Урал» ЖШС» деген әріптер мен сөздерге ауыстырылсын.

«Меншік иесі және жер пайдаланушы» деген бағанда:

реттік нөмірі 80-жолдағы «№4025» деген сандар «№1014» деген сандарға ауыстырылсын.

3. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 21 қаңтардағы № 510-176 қаулысына келесі өзгертулер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыдағы қосымшаға:

«Меншік иесі және жер пайдаланушы» деген бағанда:

реттік нөмірі 1-жолдағы «Finist» ЖШС» деген сөздермен әріптер «Кондоминиум қатысушылары» деген сөздерге ауыстырылсын;

реттік нөмірі 2-жол «Кондоминиум қатысушылары» деген сөздермен толықтырылсын;

реттік нөмірі 5-жолдағы «Жаксылыкова Фатима» деген сөздер әріптер «QZ Apartments» ЖШС» деген сөздерге ауыстырылсын;

реттік нөмірі 7-жолдағы «Терем-2012» ЖШС» деген сөздермен әріптер «Кондоминиум қатысушылары» деген сөздерге ауыстырылсын;

реттік нөмірі 8-жолдағы «ОРДА СТРОЙ ГРУПП» ЖШС» деген сөздермен әріптер «Кондоминиум қатысушылары» деген сөздерге ауыстырылсын;

реттік нөмірі 9-жолдағы «Finist» ЖШС» деген сөздермен әріптер «Кондоминиум қатысушылары» деген сөздерге ауыстырылсын.

4. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 3 наурыздағы № 510-906 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2020 жылғы 25 мамырдан бастап 2021 жылғы 25 мамырға» деген сандар мен сөздер «2021 жылғы 28 маусымнан бастап 2022 жылғы 28 маусымға дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

## НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 17.03.2021 №510-920

# Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 тамыздағы № 1064 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Нұр-Сұлтан қаласының Құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған сызбаға және қосымшаға сәйкес іздестіру және «Мектеп» объектісін жобалау жұмыстарын жүргізу үшін берілген, Нұр-Сұлтан қаласы, «Байқоңыр» ауданы, А. Иманов және Егемен Қазақстан газеті көшелерінің қиылысы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 2,6000 га және абаттандыру үшін 0,3424 га жер учаскелері 2021 жылғы 12 шілдеден бастап 2022 жылғы 12 шілдеге дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Нұр-Сұлтан қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Нұр-Сұлтан қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Н. Нұркенов**

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2021 жылғы « 17» наурыздағы
№ ________ қаулысына
қосымша**

## Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер гараждерінің тізбесі

| Р/с № | Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі | Меншік иесі және жер пайдаланушы | Жер учаскесінің ауданы (га) | Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (га) | Жер учаскесінің орналасқан жері | Жер учаскесінің нысаналы мақсаты | Құқығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1. | 21-318-031-104 | Чурикова Мария Трофимовна | 0,0578 | 0,0578 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Ломоносов орамы, 21 үй | Тұрғын үйді пайдалану | Жеке меншік |
| 2. | 21-318-031-247 | Иманжусупова Бакыт Турсумбековна | 0,0550 | 0,0550 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Ломоносов орамы, 10 учаске | Тұрғын үйді пайдалану | Жеке меншік |
| 3. | 21-318-031-319 | Кузьменко Борис Васильевич | 0,0537 | 0,0537 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Ломоносов орамы, 2а үй | Тұрғын үйді пайдалану | Жеке меншік |
| 4. | 21-318-031-086 | Бекмагамбетова Алтын, Байзаков Ербол Еламанович | 0,0581 | 0,0581 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Байқоңыр» ауданы, І. Жансүгірұлы көшесі, 14 үй | Тұрғын үйді пайдалану | Ортақ үлестік меншік |
| 5. | 21-318-031-103 | Гасанов Ройшан Вали-Оглы | 0,0642 | 0,0642 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Ломоносов орамы, 17 үй | Тұрғын үйді пайдалану | Жеке меншік |
| 6. | учаскенің № 2 бөлігі 21-318-031-594 | Соколова Светлана Викторовна | 0,1155 | 0,1150 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Егемен Казахстан газеті көшесі, 3/2 үй, 1 пәтер | Тұрғын үйді пайдалану | Ортақ үлестік меншік |
| 7. | 21-318-031-131 | Касымова Сажида Хасеновна | 0,0553 | 0,0553 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Училищный көшесі, 18 үй | Тұрғын үйді пайдалану | Жеке меншік |
| 8. | 21-318-031-588 | Киселева Надежда Андреевна | 0,0525 | 0,0525 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Ломоносов орамы, 4 үй | Тұрғын үйді пайдалану | Жеке меншік |
| 9. | 21-318-031-314 | Поплавская Райхант Весингереевна | 0,0577 | 0,0577 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Ломоносов орамы, 14 үй | Тұрғын үйді пайдалану | Жеке меншік |
| 10. | 21-318-031-181 | Соколовская Людмила Федоровна | 0,0392 | 0,0312 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Иманов көшесі, 137 үй | Тұрғын үйді пайдалану | Жеке меншік |
| 11. | учаскенің № 1 бөлігі 21-318-031-139 | Жумадильдинов Серик Бейсембаевич | 0,0578 | 0,0578 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Егемен Казахстан газеті көшесі, 1Г үй | Тұрғын үйді пайдалану | Ортақ үлестік меншік |
| | учаскенің № 2 бөлігі 21-318-031-139 | Бейсембай Данияр Серікұлы | 0,0578 | 0,0578 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Егемен Казахстан газеті көшесі, 1Г үй | Тұрғын үйді пайдалану | Ортақ үлестік меншік |
| 12. | 21-318-031-409 | Мештбекова Дамелья Хайраловна | 0,0510 | 0,0510 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Училищный көшесі, 6 үй | Тұрғын үйді пайдалану | Жеке меншік |
| 13. | 21-318-031-585 | Аубакиров Урстем Оспанович | 0,0250 | 0,0250 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Ломоносов орамы, 13 үй | Тұрғын үйді пайдалану | Жеке меншік |
| 14. | 21-318-031-591 | Береханов Магомет Юнусович | 0,0557 | 0,0557 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Ломоносов орамы, 12 үй | Тұрғын үйді пайдалану | Жеке меншік |
| 15. | 21-318-031-621 | Пуголовкина Джелла Терентьевна, Сливка Валентина Терентьевна | 0,0570 | 0,0570 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Ломоносов орамы, 1/1 үй | Тұрғын үйді пайдалану | Жеке меншік |
| 16143 | СУЛЕЙМЕНОВ | КАНАТБЕК | АМАНБАЕВИЧ | 10.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16144 | НАРКОЗИЕВ | НУРАЛИ | КУРБАНАЛИЕВИЧ | 10.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16145 | МУСИНА | БАКЫТ | ЖУМАГАЛИЕВНА | 10.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16146 | БЕКЕТАЕВА | АРАЙЛЫМ | ЖАНАТОВНА | 10.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16147 | ТЛЕПБАЕВА | АЙГУЛЬ | ТОКЕНОВНА | 10.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16148 | ШОКАЕВА | ДИНАРА | ГАБДУЛНАСЫРОВНА | 11.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16149 | АКИМБАЕВА | АЙЗАТ | ЖАНБОЛАТҚЫЗЫ | 11.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16150 | УАЛИ | ГАУҺАР | АСҚАРҚЫЗЫ | 11.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16151 | АМИРЕЕВА | АКТОЛКИН | БАУЫРЖАНОВНА | 11.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16152 | БАЙҚОНЫСОВ | САКЕН | ЗИЯДАҰЛЫ | 11.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16153 | МАНКАРАЕВ | ДАУРЕНБЕК | БЕКЖАНУЛЫ | 11.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16154 | ТАЖГУЛОВ | ДАУРЕН | МУРАТКАЛИЕВИЧ | 13.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 16155 | ОСПАНОВА | АЙНАГУЛЬ | БОРАШЕВНА | 13.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16156 | АДИЛОВА | АЙГУЛЬ | ГАЗИЗОВНА | 13.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16157 | ЖУБАНОВА | ДИНАРА | АЛДАБЕРГЕНОВНА | 13.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16158 | ТӨЛЕГЕНОВА | ЖАНАР | ТӨЛЕБАЙҚЫЗЫ | 13.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16159 | СЫЗДЫКОВ | ТАЛГАТ | МУБАРАКОВИЧ | 13.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16160 | ДУСКАЗИЕВ | МЕДЕТ | МУХАМБЕТКАЛИЕВИЧ | 13.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16161 | МЫНБАЕВА | ЛАРИСА | ЖАКСЫБАЕВНА | 13.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16162 | БУТТУБАЕВ | РИНАТ | СЕРИКАЛИЕВИЧ | 13.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16163 | АБДИКАЛИКОВ | КАДЫРАЛИ | КУРБАНАЛИЕВИЧ | 14.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16164 | АБДЫХАЛИКОВА | АСЕЛЬ | ОРЫСБЕККЫЗЫ | 14.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16165 | НУРСЕИТОВ | БЕРИК | КУНАНБАЕВИЧ | 14.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16166 | КУРМАНГАЛИЕВА | ЛАУРА | БАЙТУРСУНОВНА | 14.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16167 | АБУШАХМАНОВ | АБУ-АЛИ | ТУЛЕГЕНУЛЫ | 14.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16168 | ИЛЬЯСОВА | ТОЛКЫН | САПАРБЕКОВНА | 14.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16169 | ПАНАЕВА | ДЖАН | АРЫСТАНОВНА | 14.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16170 | ШАДЕТ | СТУДЕНТ | | 14.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16171 | НУРИМОВА | ГУЛЖАХАН | ШАМШИДИНОВНА | 14.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16172 | СОЛТАНГАЗИНА | НАЗЫМ | КАДРКЫЗЫ | 14.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16173 | ӘБЕТ | ЕЛЕНА | АЙМАҒАНБЕТҚЫЗЫ | 14.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16174 | МОЛДАБЕКОВ | ДӘУЛЕТ | ҚАЙРАТҰЛЫ | 14.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16175 | КАБДУАЛИЕВ | КУАНЫШ | КИХМЕТОВИЧ | 14.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16176 | АБДЫКАЛЫКОВА | АЙГЕРИМ | ЕРЛАНОВНА | 15.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16177 | САЛИБАЕВА | ЛАЗЗАТ | АНАРБАЕВНА | 15.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16178 | САПАРГАЛИЕВ | ЕРМЕК | САПАРГАЛИЕВИЧ | 15.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16179 | БАЛТАБАЕВ | АКМАЛЬ | АЛДИБАЕВИЧ | 15.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16180 | ТОКТИЕВА | РАНО | ИСЛАМОВНА | 15.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16181 | ШАХМАНОВА | МАДИНА | СЕРИКОВНА | 16.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16182 | ИЖАНОВ | БАУБЕК | БАЙКОНЫРОВИЧ | 16.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16183 | КАЙРБЕКОВА | АСЕЛЬ | ТАЛГАТОВНА | 16.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16184 | МАДИЯРҰЛЫ | ҚАНАТ | | 16.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16185 | МУХАМЕДИНОВА | АЙСУЛУ | ЕРДЕНБАЕВНА | 16.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16186 | ӘЗІМБАЕВА | КҮЛСІНАЙ | ЖЫЛҚЫАЙДАРҚЫЗЫ | 16.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16187 | НУРПЕИСОВА | КУНСУЛУ | КАЙРАТКЫЗЫ | 16.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16188 | БИЖИГИТОВА | ГУЛНАР | БИСУЛТАНОВНА | 16.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16189 | АУБАКИРОВА | ШОЛПАН | НИГМЕТОВНА | 16.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16190 | МАРАТ | АСЕМ | ЖАНАТКЫЗЫ | 16.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16191 | ТАЙБАҒАРОВ | САЛАУАТ | НҰРЛЫБЕКҰЛЫ | 16.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16192 | МҰРАТҚАН | ӘСЕМГҮЛ | | 16.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |



# ҚАЙСАР МАЙДАНГЕР

## Жүнісбек КӘРІМОВ – 95 жастың төрінде

– Мына мен фашистік Германия бейбіт тірлік кешіп жатқан Кеңес Одағына тұтқиылдан шабуыл жасап, мұздай құрсанған әскерлерімен елдің батыс өңіріндегі Украина, Белоруссия, Молдавия өңірлерін бронды танктерінен, зеңбіректерінен ажал снарядтарын гүрсілдете құстырып, ұшақтары аспаннан бомбаларын нөсерлете төккен, білек сыбанған жауынгерлері автоматтарынан оқ бүріккен қарқындарымен аз уақыттың ішінде кеңес әскерлерін тықсыра орасан зор шығынға батырып жатқан кезде, он беске иек артқан бозбала жаста ғана болатынмын. Елдегі аға, әкелеріміз сол алғашқы күндерде жаппай соғысқа алынып, кейін кейбіреулерінен майдан даласында ерлікпен қаза тапты деген қаралы қағаздар да келіп жатты. Ел іші жылаулы күй кеше жүріп, еңкейген кәрісі, он екі де бір гүлі ашылмаған қыздар, желекті шымылдығы түрілмеген әйелдер, өзім құралпылас бозбалар, ақжаулықты аналар күндіз-түні демалмастан майданның қажетіне деп жаппай еңбекке жұмылған ауыр кезең болды. Бірақ бұл соғыстың табаны күректей төрт жылға созылатынын ол кезде ешкім де дөп басып болжап айта алмаған. Кеңес әскерлері алғашқы абдыраған қалпынан тез есін жинап, неміс-фашистерінің екпінін басады, тықсыра қуып өз апандарында жер жастандырады деген үміт басым болатын. Алайда біртіндеп бұл үміт те қоламтадағы шоқтай өшуге айналған тұста, 1942 жылдың наурыз айында жасым он сегізге толмаған маған да әскерге шақырған қағаз келді. «Көппен көрген ұлы тойға» мен осылайша тап болдым, – дейді бүгінде әңгімеміздің әлқиссасының тізгінін бірден өз қолына алған, тоқсанның төріне шықса да әлі де санасы айқын, бойдағы қайрат-жігері жаси қоймаған, соғыстың от-жалынында шыңдалған майдангер Жүнісбек Кәрімов ақсақал.

Міне, Ақмола облысының сол кездегі Ақмола (кейінгі Целиноград) ауданына қарасты Қажымұқан ауылының тумасы Жүнісбек Кәрімовтің майдан жолы осылайша өрілген.

Аз уақыт әскери дайындықтан өткеннен кейін бірден майданның алғы шебіне аттанған өрімдей жастар бастапқы кезде жаумен бетпе-бет кездессе ертегінің көзсіз батырларындай өкпен бүркеп, найзамен шаншып жер қаптыратындай сезімде болатын. Мұның бәрі балалық қиял. Ал нағыз қиян-кескі соғыс өлім мен өмір айқасы екенін ол окопта басбұқпантайлап отырған алғашқы күндерде-ақ бірден түйсінді. Қарсы жақтан бораған оқ, ысқырған снаряд, мина жарықшақтары бұлардың окопларының маңайын тіміскілеп әлем-тапырығын шығарғанда, өзімен шерулетіп келген бірталай жастардың қорқыныштан естерінен тана есеңгірегенін, кейбіреулерінің жауға қарсы бір оқ атуға үлгермей ажал құшқандарын көргенде, жеңіс сағатын жақындату кеңес әскерлеріне оңайшылықпен келмейтінін жанымен сезінді. Сондықтан бозбала Жүнісбек майдандастарының көбі сияқты тез есін жинап, қарсы шабуылдарда қатардан қалмауға барын салды.

«Адал ұл ер боп туса – ел тілегі» дегендей, майдан жолының толарсақтан қан кешкен жорықтарында жаумен шайқастарда өзінің бойына біткен қайсарлығы мен батылдығының арқасында рота, батальон командирлерінің көзіне де түсті. Бастапқы кездегі соғыс даласындағы үрейлі қорқыныш та таза ұмытылған.

– Біздің халқымыз да сөз табуға шебер ғой. «Үш күннен соң адам көрге де үйренеді» дейді. Сол айтпақтай, «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» демекші, бой үйренгеннен кейін, қанды майданның өзі күнделікті міндетті жұмысың сияқты болып кетеді екен. Өзгелерді қайдам, өзім сондай сезімде болдым. Соғыстың нағыз қызған шағы 1943-1944 жылда бораған оқ пен ысқырған снаряд астында жүргенде, бірде-бір рет саптан шығып қалатындай жарақат алып көрмедім. Ажал оғы менен алыстап жүрді, – дейді Жүнісбек ақсақал тағы бір сөз ретінде езу тарта.

Бәлкім, солай да шығар. «Ерліктен оқ та жасқанады» дегенді бір жерден оқығаным бар еді. Жүнісбек Кәрімовтен жаудың оғы да жалтарған-ау!

Иә, бүгіндері қатарлары мүлде сиреп, ең жасының өзі тоқсанды орталағандар елде азайып қалды. Олар жастықтың жалынды жылдарын оқ пен оттың ортасында өткізді. Шынында да солай.

–1944 жылдың желтоқсанында 348-ші жаяу әскер дивизиясын, құрамында өзім де бар, Берлин қаласын алуға жұмылдырды. Ажал алдындағы соңғы тұяқ серпілісі сияқты немістер де оңайшылықпен беріспеді. Әсіресе Берлинге кіру оңай болған жоқ. Қаланың әрбір үйі, орамдары, алаңдары алынбас берік қамалға айналдырылып жіберілген. Жанды түршіктіретін небір оқиғаларды көзіммен көрдім. Майдандас достарымның талайы нағыз жеңіс сағаты енді таялған шақта неміс жерінде мәңгілікке көз жұмды. Жеңіске бір күн қалғанда басымнан қатты жарақат алып, өзім де госпитальға түстім. Мен үшін жеңіс сағаты осылай соғылды, – дейді қарт майдангер.

Бірақ Жүнісбек Кәрімов үшін майдандағы жорық жолдары әрі жалғасты десе болады. Госпитальдан жазылып шыққан соң оны Беллоруссияда әскери қызметке қалдырды. Қазань қаласындағы авиация әскери училищесіне оқуға жіберіліп, сол кезде Кеңес Одағында шығарыла бастаған алысқа ұшатын ұшақтардың сынаушыларын дайындайтын инженер-механик мамандығын меңгеріп шықты. Орша қаласында қызметін жалғастырды. Осы жерден сонау солтүстіктегі ең суық жер Верхоянскіге дейінгі сынақты ұшу сапарына қатысқанының өзі де сол кезде ерлікке пара-пар оқиға еді.

Дегенмен майдан жолындағы ұзақ жорықтарда алған суық пен сыз оның да жүрегіне өз салмағын салған-ды. Кезекті бір ұшу сапарының алдында ол жүрек талмасы сырқатымен тағы да госпитальға түсті. Осылайша авиация саласының керемет ұшқышы болмақ арманы аяқсыз қалды. 1951 жылы, яғни арағa жеті жыл салып туған жерінің топырағына табанын тіреді. Оның әскери училищеде алған білімінің септігі осы арада кәдеге асты. Қазақстан темір жолы Ақмола станциясында автоматтандыру, белгі беру және байланыс дистанциясында табаны күректей 55 жыл механик болып қызмет атқарды. Осы жерден құрметті еңбек демалысына шықты.

– Елу бес жыл еңбектің қалың ортасында жүру екінің бірінің маңдайына бұйыра бермейтін бақыт қой, бұған өзіңіз де риза шығарсыз? – дедім сөз түйінін ақсақалдың бүгінгі тірлігіне қарай бұрғым келіп.

– Солай деуге де болады. Зайыбым Тапурамен қол ұстасып 70 жыл бірге ғұмыр кештік. Өкініштісі, ол осыдан екі жыл бұрын менен бұрын мәңгілік мекеніміз Жер-Ана құшағына жайғасты. Ал өзіміз өмірге әкелген екі ұлдың үлкені Амантай Ішкі Істер министрлігінің Жоғары мектебін бітіріп, біраз жыл осы елордада қызмет атқарды, кейіннен Шымкент қаласына жедел тергеу бөлімінің лауазымды қызметіне ауыстырылған еді. Бірақ, осыдан төрт жыл бұрын өмірден өтіп кетті. Әлі күнге неден, қалай қайтыс болғандығы жайлы нақтылы тұжырымды жауап айтылған емес. Ал екінші ұлымыз Жеңіс жастай төтеннен жабысқан дерттен көз жұмды. Енді тағдырдың осындай басқа салған ауыртпалығына қайыспай отырған жайым бар… – Майдангер ақсақал осыны айтқанда, адамның жаны да бір жұмбақ екен-ау деген ойға еріксіз берілдім.

«Өлмектің артынан өлмек жоқ, тірі адам тіршілігін жасайды» дегендей, осыдан біраз бұрын Нұр-Сұлтан қаласындағы Абылай хан даңғылында тұрған ардагер бүгінде Ақмоланың алғашқы гильдиялық көпесі Кубриннің атындағы көшедегі пәтерге қоныс жаңартқан.

– Әйелімнің інісі, менің балдызым Сократ үйде жалғыз отырғанша бізбен бірге болыңыз деген соң осындай қадамға бардым. Жас келген соң бұрынғыдай жүріп-тұру да оңайға соғып жатқан жоқ біздей кәрілерге. Жаңа сен бақыт деген бір сөз айтқан сияқты едің, менің бақытым бүгінгі тәуелсіз елдің біз бастан өткерген соғыстан кейін 76 жылға жуық бейбіт өмір аясында өмір сүріп келе жатқанын көзбен көргенім. Ендігі ұрпақ мұндай қырғынды, алапатты көрмей өссе деген тілекпен өмір сүру менің замандастарымның маңдайына жазылған тағдыр, – дейді қарт майдангер сөз соңын келте қайыра.

Рас, бүгінгі біздер бейбіт өмірдің аясында мамыражай тіршілік кешіп жатырмыз. Ал сол күнді бізге аманат етіп отырғандар – осы Жүнісбек Кәрімов сияқты соғыстың от-жалынынан өткен ардагерлер. Біз соларға әрдайым құрмет көрсетуге тиіспіз.

Кеудесінде 1, 2 дәрежелі «Отан соғысы» ордені, «КСРО Маршал Жуков» және «Ерен ерлігі үшін», көптеген мерейтойлық медальдары жарқыраған майдангер ақсақал Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесі қарсаңында, яғни 20 наурыздағы туған күнімен шын жүректей құттықтасақ, оған деген бұдан артық құрмет болмас.

Ғұмыр жетсе, әлі де өмір өрінің төрінен көріне бергей, қарт майдангер!

**Аманкелді ЖҰМАБЕК,**
**журналистика ардагері**

Нұр-Сұлтан қаласы

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 16193 | ТОБАЖАРОВ | ДАУРЕН | КАИРАТОВИЧ | 16.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16194 | АЙТИМОВА | АЙГУЛЬ | АБДУМАЛИКОВНА | 16.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16195 | ДЕМЕУГАЛИЕВА | АЯЖАН | АБИЛХАИРОВНА | 16.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16196 | ГИЗЗАТОВ | НУРСУЛТАН | ЖАНБОЛАТОВИЧ | 17.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16197 | АБДРАХМАНОВА | РАЙХАН | КАБДУЛЛИНА | 17.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16198 | ТУЛЕШЕВА | АСЕМГУЛЬ | СЕРИКОВНА | 17.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16199 | ДУАМБЕКОВ | АЛМАЗ | МЕЙРАМОВИЧ | 17.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16200 | САЙЛАУОВА | САЛТАНАТ | МУХТАРОВНА | 17.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16201 | САНАТБЕК | МӘДИНА | ӘБДІЖАЛЕЛҚЫЗЫ | 17.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16202 | МУХАНОВА | АЛИЯ | ЖЕНИСОВНА | 17.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16203 | БАЗИЛОВА | ЗАРИНА | ГАБДУЛБАТТАКОВНА | 18.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16204 | СМАГУЛОВА | АСЕМГУЛЬ | СЕРИКОВНА | 18.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16205 | БЕКБОЛАТОВ | РАХЫМЖАН | ЖАХАНГИРОВИЧ | 18.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16206 | ТҮЙМЕБАЙ | АРДАҚ | МЕЙІРБЕКҰЛЫ | 18.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16207 | РАИМЖАН | СЕРИК | БУЛАТУЛЫ | 18.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16208 | АУБАКИРОВ | КУАНЫШ | ЖАСУЛАНОВИЧ | 18.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 16209 | СОЛТАНОВА | ГУЛИМ | БАЙЗАКОВНА | 18.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16210 | АЛИМКУЛОВА | АЛТЫНАЙ | ГАБДУЛЛАЕВНА | 20.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16211 | САРСЕНБАЕВА | АЙНУР | КАРИБАЕВНА | 20.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16212 | ЖУРСИНОВ | ТАЛГАТ | МАЛИКОВИЧ | 20.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16213 | САУТБАЙ | БАҚЫТГҮЛ | НҰРСҰЛТАНҚЫЗЫ | 20.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16214 | СЫЗДЫКОВА | АРАЙ | БАХЫТЖАНОВНА | 20.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16215 | КИНДИКБАЕВА | АРАЙЛЫМ | ЖУНУСКАНОВНА | 20.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16216 | ГАЗДИЕВА | БЕЛЛА | МАГОМЕДОВНА | 20.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16217 | БАЛУАНОВ | МУРАТ | | 20.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16218 | АХМЕДИН | ДАМИР | МУБАРАКОВИЧ | 20.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16219 | КУНАНБАЕВ | ЕРБОЛАТ | ЧАБАНОВИЧ | 20.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16220 | ОРАКБАЕВ | МЕРХАТ | МУРАТОВИЧ | 20.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16221 | БИЖАНОВА | САНИЯ | БАГДАУЛЕТОВНА | 20.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16222 | ОРЫНТАЕВА | ГАЗИЗА | АШИРБЕКОВНА | 20.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16223 | ГАЛЕЕВ | АЗАМАТ | ЕРКЕНОВИЧ | 21.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |

*(Жалғасы бар)*

***Газетіміздің келесі саны 2021 жылдың 27 наурыз күні шығады.***

## Наурыз жыры

Аспан түстес азаттықты сүйіп мен,
Қуаныштан ес қалмаған күнімде.
Алпыс екі тамырымды иіткен,
Маңдайдағы жалғыз бақыт тірімде.

Тірі түгіл, өлген қазақ арманы,
Ақымында күлімдеді-ау шалықтап.
Арқасына күн көтеріп самғады,
Рухтары зеңгір көкте қалықтап.

Бұл ұшпаққа жете алмаған аз ба адам?
Жер бетінің жетім құсы секілді.
Топ-топ болып тозып кете жаздағам,
Алла қайта оңға бұрды бетімді.

Тұлпарым-ай, тұяғыңнан айналдым,
Туған жерге тұмсық тығып оқыран.
Ай астында арқыраған айбарлым,
Саған берген сертке ғана бас ұрам.

Бұл бабамның асыл рухы дегенмен,
Бағалайтын кім бар, иә, алтынды!
Әлі соларға ұқтыра алмай келем мен,
Дала жатқа сайрап жатқан даңқымды.

Наурыз дәм – берекемнің ұйтқысы,
Араға жік түспесін деп ішейік.
Бәрін ішкен басқалардың ит-құсы,
Қасиетімді ішпесін деп ішейік.

Отанымның топырағында гүлдеуге,
Менің жалғыз арманым бар жетпеген.
Бар қазақтың басын қосып бір жерге,
Наурыз күні жыр оқысам деп келем.

**Ұларбек НҰРҒАЛЫМҰЛЫ,**
**Қазақ Ұлттық өнер**
**университетінің оқытушысы**



## ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІНЕ – ҰЛТТЫҚ СЫЙЛЫҚ

**Ұлыстың ұлы күні қарсаңында Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қолдауымен «Наурыз-2021» ұлттық сыйлығы тағайындалды. Бұл сыйлық тұңғыш рет дәстүрлі өнер мен ұлттық спортты дәріптеу мақсатында тапсырылды.**

Сыйлықтың алғашқы иегерлері – Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Қайрат Байбосынов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жыршы Алмас Алматов, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, күйші, композитор Секен Тұрысбек, «Қазақстан барысы» жарысының үш мәрте жеңімпазы Бейбіт Ыстыбаев, т.б. қазақ өнері мен ұлттық спорттық өрлеуіне өлшеусіз үлес қосқан тұлғалар.

Сыйлықты табыстау рәсімін 21 наурыз күні «Qazaqstan» ұлттық арнасынан сағат 15.50-де тамашалауға болады.

## ОПЕРА ӘНШІЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

**Ұлыстың Ұлы күнінде Түркі мәдениетінің халықаралық ұйымы ұлттық опера өнерінің дамуына айтарлықтай үлес қосып жүрген «Астана Опера» театрының талантты әртістерін Абай атамыздың 175 жылдығына орай шыққан медальмен марапаттады.**



azamat_79@bk.ru
**Азамат ЕСЕНЖОЛ**

ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының бас хатшысы Дүйсен Қасейінов салтанатты шара кезінде өз қолымен театрдың жетекші солистері Жұпар Ғабдуллина, Талғат Мұсабаев, концертмейстер Раушан Бескемпірова, «Астана Опера» симфониялық ор-кестрі виолончелистер тобының концертмейстері, музыка әрлеуші Дәулет Шәкіров және тағы басқа өнерпаздарға мерейтойлық медальді табыс етіп, сонымен бірге ұлы ақынға арнап шығарылған жаңа кітапты таныстырып, жиналғандарға сыйға тартты.

Айта кетейік, еліміздегі бірегей өнер ордасы Абай атамыздың айтулы мерейтойын жоғары деңгейде өтуіне белсене үлес қосты.

– Түркі мәдениетінің халықаралық ұйымы еңбегімізді елеп, құрметтеп жатқанына ризамыз. Былтыр індеткен қарамастан жыл бойы «Астана Опера» театрының ұжымы Абай атамыздың шығармашылығына арналған көптеген концерттер өткізді. Оның бәрі онлайн форматта да, оффлайн түрде де Үлкен және Камералық зал сахналарынан көрсетілді. Сонымен бірге ұлттық музыкамыздың асыл қазынасы – «Абай» операсы сахналанды. Бұдан бөлек, театрда «Абай» операсындағы бейнелер» атты тамаша көрме болды, – деп атап өтті дарынды опера әншісі Талғат Мұсабаев.

Мерейлі марапат соңы сазды кешке ұласып, жиналғандарға Талғат Мұсабаев, Жұпар Ғабдуллина, Раушан Бескемпірова және басқа да өнерпаздар ұлы ақынның сөзіне жазылған музыкалық шығармаларды орындады.

## «ҚАМҚОРДАҒЫ» НАУРЫЗ ТОЙЫ

**Елордада психоневрологиялық ауруларға шалдыққан азаматтар Ұлыстың ұлы күнін атап өтті. Қала әкімдігінің «Қамқор» әлеуметтік қызмет көрсету орталығында мүмкіндігі шектеулілер мерекелік концерт қойды. Дәстүр бойынша ақ дастарқан жайылып, ұлттық ойындар ұйымдастырылды.**

naima.kz.2012@bk.ru
**Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ**

Ақмола облысындағы қарағайлы орман ортасында 350 жанды қанатының астына алған «Қамқор» әлеуметтік орталығы 2005 жылы құрылған, психоневрологиялық ауруларға шалдыққан, күтімге, тұрмыстық және медициналық қызметке мұқтаж азаматтарға көмектеседі.

Орталық директоры Нұрбол Зұлқарнаевтың айтуынша, мұнда 18 жастан бастап 1929 жылғы қызмет алушыға дейін бар. Мерекелік шара барлық санитарлық талаптарға сай ұйымдастырылды.

«Басты мақсатымыз – қызмет алушыларға мерекелік көңіл-күй сыйлау. Індетке байланысты барлық сақтық шараларына сай өткізіп отырмыз. Бізде ай сайын мереке. Өйткені қызмет алушылардың туған күндерін де естен шығармаймыз. Кішігірім концерт ұйымдастырылып, ақжарма тілектер айтылады, сыйлықтар беріледі. Орталықта ән мен би үйірмелері бар. Ұлыстың Ұлы күнінде өнерпаздарымыз әннен шашу шашып, би де биледі. Салт-дәстүрлерден көрініс қойды. Аулада асық ойнап, алтыбақан тепті. Халқымыз Наурызды жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы деп бағалаған. Сол себепті ұлттық мейрамды біз де ерекше атап өтуді жөн көрдік. Наурыз мерекесі баршаңызға жаңа жетістіктер, молшылық пен татулық әкелсін» деп жылы лебізін жеткізді Н.Зұлқарнаев.

Қазіргі уақытта орталықта 350 қызмет алушы бар. Оның ішінде 219-ы – ер адам, 131-і – әйел кісі. Мекемеде – 51 зейнеткер, I топтағы 71 және II топтағы 279 мүгедектігі бар жанға көмек көрсетіледі.

Жалпы, 256 қызметкер жұмыс істейді, емделушілерді кемсітушілік, физикалық немесе психикалық зорлық-зомбылықтан, қорлаудан, дөрекі қарым-қатына-стан қорғайды. Оларға әлеуметтік қызмет көрсетудің 8 түрі: әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-медициналық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-еңбек, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-құқықтық жағынан қарастырылған.










## СПОРТ



## МБАППЕ МЕН ГРИЗМАН КЕЛЕДІ

**Футболдан Қазақстан ұлттық құрамасы 28 және 31 наурыз күндері 2022 жылы Катарда өтетін әлем чемпионатының іріктеу кезеңінің алғашқы ойындарын бастайды. Алдымен елордадағы «Астана Арена» стадионында қазіргі әлем чемпионы – Франция құрамасын қабылдаса, екінші ойынды Украинада өткізеді.**

galym_k1963@mail.ru
**Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Қазақстан ұлттық құрамасының бас жаттықтырушысы Талғат Байсуфинов мына футболшыларды шақырды: қақпашылар: Александр Мокин («Тобыл»), Бекхан Шайзада («Ордабасы»), Стас Покатилов («Қайрат»), Мұхамеджан Сейсен («Тараз»), қорғаушылар: Марат Быстров («Ахмат», Ресей), Абзал Бейсебеков («Астана), Нұралы Әліп («Қайрат»), Ян Вороговский («Беерсхот», Бельгия), Дмитрий Шомко («Ротор», Ресей), Руслан Валиуллин, Сергей Малый, Александр Марочкин («Тобыл»), Олжас Керімжанов («Тұран»), Темірлан Ерланов, Тимур Досмағамбетов («Ордабасы»), Тимур Рудосельский («Лори Ванадзор», Армения); жартылай қорғаушылар: Бақтияр Зайнутдинов (ЦСКА, Ресей), Еркебұлан Тұңғышбаев, Елхан Астанов («Ордабасы»), Айбол Әбікен, Данияр Үсенов («Қайрат»), Асхат Тағыберген, Азат Нұрғалиев, Серікжан Мужиков («Тобыл»), Владислав Васильев («Энергетик-БГУ», Беларусь), Рамазан Оразов («Чайка», Ресей), Максим Федин, Максим Самородов («Ақтөбе»); шабуылшылар: Абат Айымбетов («Крылья Советов», Ресей), Рамазан Кәрімов («Каспий»).

Ал Франция құрамасының бас жаттықтырушысы Дидье Дешам Қазақстанға қарсы ойынға мына футболшыларын алып келетінін мәлім етті.

Қақпашылар: Альфонс Ареоля, Уго Льорис, Майк Меньян, Стив Манданда; қорғаушылар: Люка Динь, Лео Дюбуа, Люка Эрнандес, Преснель Кимпембе, Клеман Лангле, Ферлан Менди, Бенжамен Павар, Рафаэль Варан, Курт Зума;

жартылай қорғаушылар: Нголо Канте, Танги Ндомбеле, Поль Погба, Адриен Рабьо, Мусса Сиссоко;

шабуылшылар: Виссам Бен Йеддер, Кингсли Коман, Усман Дембеле, Оливье Жиру, Антуан Гризманн, Тома Лемар, Антони Марсьяль, Килиан Мбаппе.



## АУЛА КЛУБТАРЫ МЕРЕКЕЛЕДІ

**Нұр-Сұлтан қаласындағы аула клубтары арасында Наурыз мерекесіне арналған футбол жарысы өтті.**

«Мирас» аула клубы ұйымдастырған жарысқа 2008-2009 жылы туған балалар қатысты. Жарыс алдында бірлескен жаттығулар ұйымдастырылып, клуб бапкерлері мен балғын спортшылар өзара тәжірибе алмасты. Ал алаңдағы бәсекеде «Эверест» аула клубының футболшылары жеңімпаз атанды. Екінші орынды «Мирас» клубы иеленсе, үздік үштікті «Лидер» аула клубы түйіндеді.

«Үздік қақпашы» жүлдесіне – Даниал Серік, «Үздік қорғаушы» жүлдесіне – Әлішер Бекежанов, «Үздік шабуылшы» жүлдесіне Алдияр Есенғабыл ие болды.



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Ержан ЖҮНІСОВ**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Апталық таралымы – 15 000

**Тапсырыс №32-33**

Баспахана: Нұр-Сұлтан қаласы, Сілеті көшесі, 30.
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

**Редакция мекенжайы:**
010000, Нұр-Сұлтан қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК
astana.aqsham@gmail.com

**Қабылдау бөлмесі:**
тел./факс: +7 (7172) 703-212
Тілшілер бөлімі: 70-32-14, 70-32-17
Үйлестіруші: 70-33-05
Жарнама: 70-33-06

**astana.akshamy@mail.ru**

Кезекші редактор – **Көктем ҚАРҚЫН**